

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы




«БЕКІТЕМІН»

№13 «Гүлдер» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Г.Баймағамбетова

**Кіші «Айгөлек» тобының 2022-2023 оқу
жылына арналған
жазғы маусымдық іс-шаралар жоспары**

Тексерілді:
Әдіскер: С.Мүсірепова



№13 «Гүлдер» бөбекжайы

БАНКА НАСЛИННИ МОИТОРНИЦИ :
БАНКА НАСЛИННИ МОИТОРНИЦИ :

Г.Н.Баймагамбетова

2022-2023 оқу жылындағы ересек «Қарлығаш» тобының жазғы маусымға арналған іс- шаралар жоспары.

Жаз маусымында балалардың бос уақытын ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

Балалардын жазгы демалысын эсерлі өткізүүнө меилінше колайлы жагдай:

Танымдық жан жақты қызығушылығымен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері: Бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымдағы ауарайының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (күн, ауа, су, құм т.б.)

Шынықтыру шаралар арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу: Спорттық ептілік пен дағдысын одан ары дамыту. , қимыл белсенділігін арттыру. Жағымды көңіл күймен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру.

№	Апта тақырыптар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Сәлеметсіңбе күн! Сәлем Жаз!«1-маусым балаларды қорғау күні » Ертеңгілік	01.06.2023ж	Жорабекова Ф.Н.
2	«Менің қанатты достарым» апталығы Құстарға жем беру.	09.06.2023ж	Жорабекова Ф.Н.
3	«Гүлдер апталығы» Біз табиғатты аялайық	15.06.2023ж	Жорабекова Ф.Н.
4	«Денсаулық апталығы » Дені саудың жаны сау	22.06.2023ж	Жорабекова Ф.Н.
5	«Жануарлар апталығы» Ертегі еліне саяхат	27.06.2023ж	Жорабекова Ф.Н.
6	«Астана бас қала » апталығы Жайнай бер Астана	05.07.2023ж	Исмайлова К.М.
7	«Отбасы»апталығы Отбасы туралы көркем әдебиет оқу	13.07.2023ж	Исмайлова К.М.
8	«Қауіпсіздік » апталығы Берілген тақырып бойынша көркем әдебиет оқу ж\е сурет бойынша әңгімелеу.	21.07.2023ж	Исмайлова К.М.
9	«Жеміс жидектер »апталығы Шалқан ертегісін сахналау	27.07.2023ж	Исмайлова К.М.
10	«Су» апталығы Нептун күні	04.08.2023ж	Исмайлова К.М.
11	«Көңілді күн апталығы» Сабын көпіршіктерін үрлеу.	11.08.2023ж	Исмайлова К.М.
12	«Ертегі апталығы Ертегі тамашалау »	18.08.2023ж	Исмайлова К.М.
13	Конституция күні 30тамыз Қазақстандағы ата заң тарихы.	29.08.2023ж	Исмайлова К.М.

Сәлеметсіңбе, күн! Сәлем Жаз !

1 - маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған жазғы сауықтыру сценарийі.

Тақырыбы: «Бар мейіріміміз балаларға»

Жүргізуші:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін Халықаралық балаларды қорғау күні. Біздің балабақшада бүгін мереке. Сіздер мереке жақсы көресіздер ме?

Балалар:

- Ия.

Жүргізуші:

Бақшамызда бүгін ұзақ ойнайық,

Балаларды қорғау күнін тойлайық.

Алақай ау, алақай!

Той тойлайық, балақай!

Тақпақ айтып, кезектесіп, бір бірлеп,

Кел, қосылып ән шырқайық, би билеп!

Алақай ау, алақай!

Ән шырқайық, балақай!

Ұғып сөзін тәрбиеші апаның,

Гүл жайнаймыз аясында Отанның!

Алақай ау, алақай!

Гүл жайнайық, балақай!

- Ендеше, алдарыңызда №1, 2 топтардың бүлдіршіндері тақпақтарын айтады.

1. Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз!

2. Қиынсынып қашпаймыз,

Шынығамыз жастай біз.

Көңілді әуен сазымен

Жаттығуды бастаймыз.

3. Иілеміз оңға бір,

Иілеміз солға бір:

Тәрбиеші қарайды

Аяққа бір, қолға бір.

4. Үйренеміз өнер біз,

Шетімізден шеберміз:

Тақпақ айтып, ән шырқап,

Билеп билеп береміз.

5. Әйбат жасыл ауламыз:

Көбелекте аулаймыз.

Бізге арнайы жасаған

Сырғанаймыз «таудан» біз.

6. Міне, вагон, кіреміз,

Поезбен жол жүреміз.

«кемеге» де мінеміз,

Толқындарды тілеміз.

7. «Ракетамен» ұшамыз,

Көктен әрі асамыз.

Талғат аға жолымен

Талай жұлдыз ашамыз.

8. Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Одан көп - көп қызықтар

Күнде біздер аламыз.

Ән «Қошақаным» барлық топтар.

Жүргізуші:

- Өте жақсы! Мереке күні мен сіздерге банан сыйлағым келіп тұр. (Жүргізуші себетті іздейді, таба алмайды. Орнынан хат табады.) Ой, балалар, қараңыздар! Банан салынған себет орнынан хат қойып кетіпті. Оқып көрейік.

Хат: «Сіздердің сыйлығыңыз менде! Банандарыңызды мен алып кеттім. Іздемеңдер! Таба алмайсыңдар! Қарақшы.»

Жүргізуші:

- Мәссаған! Біздің банандарымызды қарақшылар ұрлап кетіпті. Енді не істейміз, балалар? Қарақшыны тауып алып, сыйлықтарымызды қайтып алайық! Келістік пе?

Балалар:

- Ия.

Жүргізуші:

- Онда барлығымыз саяхатқа шығайық!

Көңілді әуен қосылады. Барлық балалар мен жүргізуші әуен ырғағымен бір орында жүреді.

Кенет алдарынан Мыстан кемпір кездеседі:

- Ээээй, ээээй, ээээй! (Әрлі - берлі сыпыртқысымен жүгіріп өтеді) Ээээй, неғып жүрсіндер?

Жүргізуші:

- Сәлеметсіз бе, Мыстан әжей! Біз қарақшыны іздеп саяхатқа шығып едік. Себебі ол біздің балаларымыздың сыйлығын сұраусыз алып кетті.

Мыстан кемпір:

- Ееее, солай де! Көңіліңіз түспесін, балалар! Мен балалардың дауысын естіп қуанып қалып едім. Мен көңілді балаларды жақсы көрем. Не істесем екен?! Олай болса би билеп алайық. Сосын мен сіздермен бірге саяхатқа шығамын!

Жүргізуші:

- Жарайды онда. Балалармен қандай би билейсіз?

Мыстан кемпір:

-«Буги - вуги» биін.

Биге № 1, 2 топ балалары шығады.

Мыстан кемпір:

- Сіздердің әлі көңіл күйіңіз жоқ сияқты ғой! Балақайлар, мен үнемі сыпыртқыммен ұшып жүрем. Кім менімен ұшқысы келеді?

Балалар:

- Мен, мен, мен...

Мыстан кемпір сыпыртқының артына балаларды кезекпен отырғызып жүгіріп шығады. Балалар мәз болып күледі.

Мыстан кемпір:

- Ух, ах, шаршадым! Белім ай! Қарт болғасын әр жерің ауырады. Қой, мен бір тынығып алайын!

Жүргізуші:

- Жақсы, Мыстан әжей! Балалардың қасына жайғасып отыра ғой! Ал, біз саяхатты жалғастырайық.

Көңілді әуенмен Сайқымазақ кездеседі:

- Сәлем, балақайлар!

Балалар:

- Сәлеметсіз бе!

Сайқымазақ:

- Менің атым Тинки. Сіздерді мерекемен құттықтаймын! Әрқашан ата - анаңызды ренжітпейтін, ақылды балалар болуыңызға тілектеспін.

Жүргізуші:

- Рахмет, Тинки! Біз саяхаттап бара жатырмыз, себебі біздің балаларымыздың сыйлығын қарақшы ұрлап кетіпті. Соны іздеп бара жатырмыз.

Сайқымазақ:

- Абыржымандар! Ол қарақшыны табамыз. Мен басқа елдерде тұратын достарыма телефон шалайын, қарақшыны табуға көмектессін.

Жүргізуші:

- Кел, балаларымызбен бірге көңіл көтер. Балаларымыз тақпақтар біледі, ән де айтады.

Тақпақтар:

№3, 4 топ балалары

1. Балғындардың үнінде

Көктемдегі бұлақ бар.
Балғындардың жүзінде
Жазғы жайма - шуақ бар.

2. Балғындардың көзінде
Тазалықтың сәні бар.
Балғындардың сөзінде
Даналықтың дәні бар.

3. Балғындардың ойында
Балауса арман бар ізгі,
Балғындардың ойынында
Ертеңгі істің бар ізі!

4. Әзір титтей бойымыз,
Әзір балаң ойымыз,



«Менің қанатты достарым»

Тақырыбы: "Құстарға жем береміз"

Мақсаты: Балаларға жалпы құстар туралы мағлұматтар беру, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, әсемдікті, әдемілікті көре білуге, табиғатты қорғап - аялай білуге үйрету. Балалардың бойында жанашырлық қамқорлық қасиеттерін егу. Құстарды жүйелі түрде қосымша қоректендіріп отырудың керектігін түсінуге жетелеу. Құстар туралы ой - өрістерін, түсініктерін дамыту. Қабылдау процестерін, көрнекі бейнелі және тілдік ойлау элементтерін дамыту. Балаларды қоршаған ортаны, құстарды сүюге, қамқор болуға тәрбиелеу. Өзара іс - қимылға (сөйлеуге) қызығушылықпен ұмтылысты тәрбиелеу.

- Методикалық әдісі: Балалар сендер балабақшаға қай уақытта келесіңдер?

- Таңертең келеміз.

- Дұрыс айтасыңдар. Міне тағы да таң атып күн шықты. Ендеше сәлемдесіп алайықшы.

- Қайырлы таң, көздерім!

- Қайырлы таң, құлақтарым!

- Қайырлы таң, қолдарым!

- Қайырлы таң, аяқтарым!

Сендер ояныдыңдар ма?

Ия біз ояндық!

- Көздерім көріп тұр

- Құлақтарым есітіп тұр

- Қолдарым қол соғып

- Аяқтарым топылдатты.

Біз ояндық!

Жарайсыңдар балалар!

Сендер білесіңдер ме қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем.

Көктемде бізге нелер ұшып келеді?

- Құстар.

Сендер сиқырлы баққа барғыларың келе ме?

Ия, барғымыз келеді.

- Менің қолымдағы сиқырлы таяқша, қазір мен таяқшамды сермеп қалсам біз сиқырлы бақта боламыз.

- Қандай керемет бақ, балалар сендерге ұнай ма?

- Бақта нелер өсіп тұр? (Музыка ойнап, тауыс құсы ұшып келеді)

Тәрбиеші: Балалар айналамыз жарық болып кеткен сияқты.

Тауыс құсы: Мен өз бағыма қонайын деп ұшып келсем, балалар келіп қалыпты ғой. Жарайды ендеше. Менің сендерге қоятын шартым бар орындасандар қонақ етемін, беретін сыйлығым да бар.

Бірінші шартым: Сендер қандай құстарды білесіңдер?

Балалар: Торғай, қарлығаш, қарға, сауысқан.

Тәрбиеші: Дұрыс айтысыңдар. Балалар құстар 2 - ге бөлінеді. Сендердің айтқан құстарың дала құстарына жатады. Ал үйлерінде қандай құс бар?

- Тауық

Тауыққа сендер қандай күтім жасайсыңдар?

Балалар: су береміз, жем береміз.

Дұрыс айтасыңдар.

Құстар жайында білетін тақпағымызды айтайық

Шыр - шыр еткен торғайды

Қорғамасақ болмайды

Кіп-кішкентай торғайлар

Ағаштарды қорғайды.

Тауыс құсы: Менің қоятын 2 - шартым бар. Мен өз бағымды әсемдене түссін деп мынадай құстарды ала келіп едім. Осы құстарға қалай қамқорлық жасар едіңдер?

Тәрбиеші: Балалар, бұл көгершін деген құс, бұны бейбітшілік құсы деп атайды. Бұл құс

еркіндікті жақсы көреді. Құстар аш болмас үшін біз не береміз?

Балалар: Жем береміз.

- Шөлдемес үшін не береміз?

Балалар: Су береміз.

Дұрыс айтасындар.

Балалардың жұмысы.

Тәрбиеші: Осындай әдемі ғажайып бақта тауыс құсымен бірге ойын ойнағыларың келе ме?

Ия.

Бәріміз бірге: "Ұшты - ұшты" ойынын ойнайық.

Тауыс құсы: Балалар сендердің құстарға жасаған қамқорлықтарың ұнады, ойындарың да жақсы екен.

Сендерге мына құстарды естелікке беремін.

Тәрбиеші: Ендеше, біздің де балабақшаға қайтатын уақытымыз болды. Сау болыңыз.



Гүлдер апталығы

Тақырыбы: Біз табиғатты аялайық

Мақсаты: Гүлдердің түрлерімен таныстыру, гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, ойлау сезімдерін дамыту. Гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: гүлдердің суреті

Сөздік жұмыс: қызғалдақ, бәйшешек, бақбақ.

Билингвалды компонент: гүл –цветок, бәйшешек-подснежник.

Мотивациялық-қозғаушылық

Жарқырап күн де ашылды,

Айналаға гүл шашылды.

Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!

Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз

Ұйымдастыру-шылық- ізденістік

-Балалар бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Гүлдер әлемі».

Суретпен жұмыс:

-Балалар сендер қандай гүлдің түрлерін білесіңдер? -Бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ, раушан.

-Гүлдерді қай мейрамдарда кімге сыйлаймыз.-Аналар мейрамында, туған күнге, досымызға сыйлаймыз.

Барлық гүлдердің патшасы, сұлулық пен әсемдік белгісі.

-Балалар, сендер білесіңдер ме?

Гүлдер әсемділігімен көрік беріп қана қоймай сонымен қатар ауаны да тазартады. Гүлдер жайқалып өсу үшін жаңбырдың суы, күннің нұры, су қажет екен.

Сөздік жұмыс: қызғалдақ, бәйшешек, бақбақ.

Билингвалды компонент: гүл –цветок, бәйшешек-подснежник.

Дидактикалық ойын: «Гүл жина»

Шарты: Негізгі түстерді бекіту, үлгіге қарай пішіндерді жинауды үйрету. Бөлінген пішіндердің түстеріне қарай гүлдерді жинау.

Ал енді балалар біз екі топқа бөлініп жұмыс жасайық:

Сергіту сәті:

Шаршағанда ырғалып,

Гүлге ұқсап дем алам.

Қанатымды бір қағып,

Гүлдей болып жайқалам.

Қорытынды:

Балалар бүгін, екі топта өте жақсы жұмыс жасады. Гүлді аялайық, қорғайық гүлдер өте нәзік келеді. Гүлдер бізге қуаныш сыйлайды. Сендер де осы гүлдер сияқты жайнап жүре беріңдер.



«Денсаулық апталығы»

«Дені саудың - жаны сау»

(спорттық - ойын сауық)

Мақсаты: салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту.

Қажетті құралдар: шарлар, түрлі - түсті жалаушалар, денсаулық туралы нақыл сөздер, доптар, пирамидалар, көлшік, бақа атрибуты.

Тәрбиеші: Құрметті әріптестер, балабақша тәрбиеленушілері және спорт сүйер жанкүйер қауым.

Бүгінгі «Дені саудың - жаны сау» атты спорттық ойынға қош келдіңіздер. Егеменді еліміздің ертеңі денсаулығы мықты азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Міне, бүгінгі балабақша тәрбиеленушілерінің қатысуымен өткелі отырған «Дені саудың - жаны сау» атты мерекелік сауықтыру іс - шарасын бастауға рұқсат етіңіздер.

Марш ойналып, балалар залға бірінің артынан бірі жүріп келеді.

Жан - жақты жаттықтыратын жаттығулар:

Бір қатармен жүру, жүгіру, екі қолды белге қойып аяқтың ұшымен жүру. Шеңберге тұрып, дем алу жаттығуын орындау.

Ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку.

Тәрбиеші: Бәрекелді балалар!

Тәрбиеші: Балалар денсаулық басты байлық. Балалар деніміз сау болу үшін, үнемі жеке бас тазалығын сақтап, денеміз шынықтырып, дұрыс тамақтанып, күн тәртібін сақтау керек.

- Балалар денсаулық туралы мақал - мәтел кім біледі?

1. Денсаулық - зор байлық.
2. Дені саудың - жаны сау.
3. Тазалық - денсаулық кепілі.
4. Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің.
5. Денсаулығы сәбидің - қуанышы әр үйдің.

- Өте тамаша балалар!

Ал енді алдымен әділқазы мүшелерімен таныстырып өтейін.

1. Балабақша меңгерушісі: Каримова Гүлнар
2. Балабақша дене шынықтыру пәнінің мұғалімі: Қайырбаев Ержан
3. Балабақша психолгы: Көбенғалиева Айба

Ал, кәне балалар «Балапан» және «Ботақан» тобы болып екі топқа бөлінейік.

Жарыстың бөлімдерін сіздерге айтып өтейін.

1. Сәлемдесу.
2. «Кім бірінші» ойыны
3. «Кім жылдам» ойыны
4. «Пингвиндер» ойыны
5. «Бақалар» ойыны
6. «Кім епті» ойыны

Тәрбиеші: Балалар сайысымызды бастамас бұрын әнұран орындайық.

- Бәрекелді балалар!

1 - кезең. Екі команданың сәлемдесуі.

1. «Балапан» тобына жалынды сәлем!

2. «Ботақан» тобына жалынды сәлем!

2 - кезең. Көк аспандай көкпеңбек,

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен тек,

Елдің ашық қабағы - деп «Кім бірінші» ойынын бастаймыз.

Ойын шарты: жалаушаны алып, жүгіріп межені айналып келу.

3 - кезең. Жүгір, жүгір желмен жарысып,

Жүгір желмен жарысып.

Нұрға аман,
Болып қыран.
Өс ұлан - деп «Кім жылдам» сайысына кезек берелік.
Ойын шарты: Жемістер мен көкөністерді жинау.
- Жарайсыңдар балалар, сендер неткен жылдам едіңдер.

4 - кезең. Спорт - біздің досымыз,
Күш қайрат сыйлаған.
Спорт - біздің досымыз,
Өсіп күнде шындалған - дей отыра «Пингвиндер» ойынын ойнайық.
Ойын шарты: допты екі тізесімен ұстап жүру.

5 - кезең. Қалма жұрттың соңында,
Қажет болса мың атта.
Аздық екен оныңда,
Жету үшін мәреге - деп келесі сайысымыз «Бақалар» ойыны.
Ойын шарты: бақалар шалшық судан секіріп, дауыстап, жүресінен отыра кету.
Тәрбиеші: - Бәрекелді балалар өте жақсы!
Қорытынды сайысымыз «Кім епті» ойыны.
Ойын шарты: кедергілер арасымен ирелеңдеп өтіп, пирамиданы құрастыру.
- Жарайсыңдар балалар!
Ән жұмбақ: «Бұл не?»
Құрметті апайлар бүгінгі спорттық ойынымыз өз мәресіне келіп жетті. Жеңімпаздарды анықтау үшін сөз кезегін әділқазыларға береміз. Бүгінгі қатысқан бұлдіршіндерімізге алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта үлкен биіктерден көріне беріңіздер. Бүгінгі жеңістерің құтты болсын. Келіп, тамашалап көргендеріңізге рахмет. Деніміз сау болсын!



«Жануарлар апталығы»

Тақырыбы: «Қасқыр мен жетілақ»

Мақсаты: Балаларды әдебиетке иіпкерлерінің әрекеттерімен жүріс-тұрыстарын талдау кезінде оларға мейірімділікті,

қайырымдылықты білдіруді өзара көмектесу қабылданған ережелеріне сәйкес баға беруге үйрету.

Билингвальді компонент: қасқыр- волк

Тәрбиешінің әекеті:

Балалардың әрекеті Мотивациялық қозғаушы

Шаттық шеңбері:

Тәрбиеші балаларды жартылай шеңберге, тұрғызып, балалармен сәлемдеседі.

Сәлемдеймін достарға,

Сәлемдеймін құстарға.

Сәлемдейміз апайға.

Өлең жолдарын қимылмен қайталап, барлығы орнына отырады.

Іздену-ұйымдастырушылық

-Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер?

-Ертегі оқыған сендерге ұнай ма?

Ертегіні оқып беру, сурет арқылы мазмұнын ашу?

-Ешкі мен лақтар қайда тұрады?

-Ешкі тоғайға не үшін барады?

-Ешкі тоғайға кеткенде кім келеді?

-Лақтар қасқырға есікті неге ашпады?

Сергітүсеті:

Ауылалды аққала,

Ақшақарда балалар.

Соғып жатыраққала

Жалқауы жоқ жұмысқа

Балалардың жауабы.

Мұқият тыңдайды.

Балалардың жауабы.

Рефлексивті-түзетуші

Педагог ұйымдасқаноқуіс-әрекетті қорытындылайды, балаларды мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын мен жан-жануарлардың атауларын

Игереді: мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін.

Меңгереді: шығарманы зейін қойып тыңдайды.



Астана - бас қала

05.07.2023.

Мақсаты: Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет беру.

- Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау.

- Отанға туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елін, отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан республикасының рәміздері.

Астана қаласының ғимараттары.

Әдісі: әңгімелесу, ойын жаттығулар.

Тәрбиеші: Қайырлы таң балалар,

Қайырлы таң қонақтар.

Сіздерді салтанатты мереке Астана күнімен құттықтаймыз!

Жылу шеңбері: Ал енді балалар бір - бірімізге алақанымыз арқылы жылу шеңберін күн секілді жылы жүзбен күлімдеп жылы лебіз білдірейік:

Деніміз сау болсын,

Күніміз күлімдесін,

Еліміз аман болсын,

Ата - анамыз қасымызда болсын,

Бәріміз дос болайық,

Бәріміз бақытты болайық,

Аспанымыз ашық болсын.

Ән: Ән ұран.

Тәрбиеші: Қане балалар орнымызға отырайық.

Біз бүгін сендермен отанымыз туралы әңгімелесеміз: Балалар отан деген сөзді қалай түсінесіңдер.

Балалар: Туған жерім, ата мекенім, отбасым, халқым.

Тәрбиеші: Дұрыс балалар, отан дегеніміз біздің еліміз туған үйлеріміз, өзіміз туып өскен жеріміз.

Біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші: Қ. Р президенті кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қандай?

Балалар: Қазақ тілі.

Тәрбиеші: Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда әр түрлі халықтармен ұлт өкілдері тұрады.

Соның ішінде қандай ұлт өкілдерін білесің?

Балалар: Орыс, өзбек, түрік, қытай.

Тәрбиеші: Елімізді қандай рәміздерін білесіңдер?

Балалар: Ту. Елтаңба. Әнұран.

Тәрбиеші: Ту, Елтаңба, Әнұран бір сөзбен қалай айтамыз?

Балалар: Рәміздер.

Балалар ту, елтаңба, әнұран туралы білгендерін айтады:

Бибінұр: Ту. Біздің республикамыздың мемлекеттік Туы - тік төртбұрышты көгілдір түсті мата.

Тудың көгілдір түсі ашық аспан мен тыныштықты білдіреді.

Тудың ортасында күн тұр, ол жылулықты білдіреді. Күннің астында қанат жайған қыран бүркіт бар.

Жанында ою - өрнек салынған, алтын түспен берілуі тыныштықты, байлықты білдіреді.

Әсел: Елтаңба. Қазақстанның Елтаңбасы дөңгелек пішінді және Тудың түсіндей көгілдір түсті. Оның ортасында шаңырақ бейнеленген. Күннің сәулесіндей айнала уықтар тараған. Екі жағында екі қанатты тұлпар салынған ол - қорғауды білдіреді. Бидай сабақтары тоқшылықты, молшылықты білдіреді.

Үстінде «жұлдыз», астында «Қазақстан» деген жазуы бар.

Әли: Әнұран. Мемлекеттік әнұран – маңызды мемлекеттік шараларда орындалады. Әнұранды тұрып айтады, тұрып тыңдайды.

Тәрбиеші: Ел ордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Біздің еліміздің бас қаласы Астана туралы мағлұмат айту. Түсіндіру.

Астана туралы тақпақтар:

Азиз: Ел бөбегі бүлдіршін, жас баламыз.

Астанамыз, астана бас қаламыз.

Акерке: Астана арман қала,

Бағы ба жанған қала

Тұрады ол жап - жас болып,

Мен үлкен болған да да.

Санжар: Жаса - жаса Астанам,

Өркен жол бастаған

Болашақтың есігін,

Өз қолыммен аш маған.

Арман: Қадамың бар баспаған,

Асуың бар аспаған

Халқым жетсін мұратқа,

Ей, бас қалам - Астанам.

Асылым: Шырқап көкке асқан - ән

Болашаққа бас қадам.

Қазақ рухын биіктет,

Ей, бас қалам - Астанам.

Альбина: Отанымның төрінде,

Сарыарқаның өрінде.

Ту ұстаған Астанам,

Әсем қалам - бас қалам.

Балалардың орындауында: « Вальс.»

Балалар, енді отан туралы мақал - мәтелдер айтайықшы.

Асылым: Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

Отан үшін отқа түс - күймейсің.

Отан - оттан да ыстық.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Балалардың орындауында ән: "Отан".

Ойын: «Рәміздерді құрастыру». Балалар қиылған суреттерді құрастырады.

Балалардың тақпақтары:

Айша: Сарыарқаның төсінде

Гүл жайнаған, Астанам

Ақпейілдей арнайы

Ақ тілегім, жас бала.

Даяна: Елордасы елімнің,

Қазағымның жүрегі

Астанамды бірінде,

Күллі әлем біледі.

Алихан: Жыр қып төктім өзіңе

Шумақтарын сезімнің

Әсем қала – Астанам

Құрдасымдай өзімнің.

Данил: Әуелейді асқақ ән

Болашаққа бастаған

Мәртебемсің сен менің

Айналайын Астанам.

Ассанәли: Қымбат маған есілің

Жүрегімде жүреді

Жарқын болсын ертеңнің

Осы елдің тірегі.

Әлинұр: Астанам - арман қала

Бағы бар жанған қала

Тұрады ол жап - жас болып

Мен үлкен болғанда да.
Балауса: Жаса - жаса Астанам,
Өркен жол бастаған.
Болашақтың есігін
Оң қолыңмен аш маған.

Әли: Жас астанам, жас қалам.
Тарихым бар ашпаған.
Ордасы боп ашылдың,
Ей, бас қалам - Астанам.

Айша: Барша әлемге әйгілі
Ел басымыз Нұр аға
Мақтанышы елімнің
Нұрын шашқан, Нұр қала.
Айзере: Қадамың бар баспаған,
Асуың бар аспаған.

Халқым жетсін мұратқа
Ей, бас қалам - Астанам.

Азиз: Шырқап көкке аспан - ән
Болашаққа бас қадам,
Қазақ рухын биіктен
Ей, бас қалам - Астанам.

Ән «Жаңбыр» Малика.

Ойын «Доп»: тәрбиеші сұрақ қоя отырып, бір балаға лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады.

- Ал, қане бастайық:

- Қазақстанның астанасы, қай қала?

- Астана.

- Қ. Республикасының президенті кім?

- Қасым-жомарт Кемелұлы Тоқаев.

- Біз қай елде тұрамыз?

- Қ. Р.

Балаларды мадақтау. Қонақтармен қоштасу.



Тақырыбы: Отбасы.

Мақсаты: «Отбасы» құндылығының маңыздылығын ашу.

Міндеттері: - отбасы туралы түсінік беру;

- отбасына деген жағымды қарым - қатынастарын дамыту;

- отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі - құралдар: Суреттер.

Шаттық шеңбері: - Қайырлы таң, балалар! мен сендермен кездескеніме өте қуаныштымын.

Бүгінгі сабағымызда отбасымыз туралы әңгімелесетін боламыз. Адам дүниеге келеді, айналасына қарап өседі, айтыңдаршы, сәби дүниеге келгенде ең алғаш кімді бірінші көреді?

- Анасын.

Көрнекілікпен жұмыс, слайд арқылы отбасы туралы түсінік беру.

Әңгімелесу: Балалар мен сендерге А. Асылбектің «Жанұя» өлеңін оқып берейін;

Жанұя

Сенде де бар жанұя,

Менде де бар жанұя.

Үлкенде де, кішіде,

Жанұя бар әрбір кісиде.

Балалар «Жанұя» дегенді қалай түсінесіңдер?

Таулық, сыйластық, сүйіспеншілік, шаттық

Ойын: «Көршіңе қуаныш сыйла» атты ойын ойнатылып, көңілдері көтеріледі. Ойын ырғақты әуенмен өтеді. Ойында балалар көрші достары туралы өз ойларын айтады.

Дәйексөз: «Адамға ең қымбат - отбасы» деген халық даналығын бүгінгі сабағымыздың дәйексөзі ретінде түсіндіру.

Отбасы – бұл сенің ең жақын адамдарың: атаң, әжең, әкең, анаң, бауырың, інің, әпкең.

Дәптермен жұмыс: - Дәптерде берілген үйдің терезелеріне отбасы мүшелерінің суреттерін салыңдар.(әке, ана, ата, апа, іні).

Сергіту сәті: Қимыл - қозғалыспен көрсету.

Атамның алып күрегін,

Ауланың қарын күредім.

Әжеме мен құдықтан,

Су әкеліп беремін.

Еденді де жуамын,

Шаң - тозаңды қуамын.

Қорытындылау:

- Бүгін сабақта біз отбасымызды жақсы көруге, отбасындағы адамдарды сыйлауға, көмектесуге үйрендік. Отбасы бізді жақсылыққа, әдептілікке үйрететінін білдік.

Жүректен жүрекке:

Балалар мына ойыншық жүрекшені қолымызға ұстап Н. Айтовтың өлеңін бірге айтайық:

Бір шаңырақ астында, Тату - тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран құрамыз!



Үйдегі қауіпсіздік ережесі

21.07.2023

Білім беру саласы: денсаулық, әлеумет, қатынас

Бөлімі: қауіпсіз мінез құлық негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Үйдегі қауіпсіздік ережесі»

Мақсаты: балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпті жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын дамыту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап сақтауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: қауіпті, қауіпсіз.

Заттық дамыту ортасы: газ плита, сіріңке, үтік, ертегі кейіпкерлері бейнеленген суреттер

Инновациялық технологиялар: денсаулық, тәжірибелі- ізденістік, ойын.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,

Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

Балалар шеңберге тұрып үш тілде сәлемдеседі.

Ұйымдастырушылық -ізденістік

- Балалар, қауіпсіздік дегенді қалай түсінесіңдер?

Балалар: Қауіпсіздік - дегеніміз ол өзін қорғау және сақтау.

Тәрбиеші:

- Әр уақытта әртүрлі жағдайлардың болуы мүмкін. Бүгін біз, Айсәуле деген қыздың үйінде жалғыз қалғаны кезінде қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін біле ме екен көрейік.

«Мен үйдемін» ойын жағдаяты:

- Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, ештемеге тиіспе»- деп ескертеді.

Үйде жалғыз қалған қыз шәй ішкісі келеді. Ол ас бөлмесіне барып, газ плитаға келіп, **сіреңкені қолына** алып, оны жағуға тырысады.

- Балалар, Айсәуле дұрыс жасады ма? Егер от жағуға болады ма?

- Жоқ, сіріңке жағуға болмайды өрт шығады, газды да ашуға болмайды ол тез тұтанып жарылады.

- Ал, оның шай ішкісі келіп тұр ғой, шайдан басқа не ішуге болады?

- Сүт, айран ішуге болады, дәрумендері көп.

Айсәуле сіреңкені орнына қойып, шәйдің ыдыстан сүт құйып ішеді. Осы кезде біреу келіп есік қағады, кішкентай қыз **есікті ашуға** тез-тез бара жатыр, ол бірден есікті ашпақ. Есікті бірден ашқан дұрыс па ?

Балалар өз ойларын сөйлем құрап толық жауап береді.

- Бір кезде Айсәуле анасының келуін күтпей өзі көйлегін **үтіктемекші** болдып, үтікті тоққа қосайын деп жатқанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтамады?

- Үтікті тоққа қосуға болмайды, киім немесе қолын күйдіріп алуы , өрт шығуы мүмкін.

Кенеттен жарық өшіп, бөлме қараңғы болды, ал Айсәуле болса **балауыз шамды** алып оны жақты. Балауыз шам еріп, қисайып құлап жанып өрт шыға бастады.

- Балалар, өрт өте қауіпті, оны қалай өшіруге болады өрт неден қорқады

Балалар: судан, қардан, құмнан және қалың матамен

Сергіту сәті:

Балалар сергіту сәтін Айсәулемен бірге қимылды әрекетпен орындайды.

Тәрбиеші:

- Айсәуле, сен біздің балалармен бірге отырып қауіпсіздік ережесін үйрен.

«Қауіпсіздік ережелерін сақтамаған кейіпкерлерді тап» дидактикалық ойыны:

- Мен сендерге қауіпсіздік ережесін сақтамаған ертегі кейіпкерлерін жасырамын, ал сендер тауып көріңдерші.

1. Қай ертегі кейіпкері үлкендердің ұрықсатысыз терезеден орманға жалғыз кетеді? (Бауырсақ)

2. Ал мына ертегі кейіпкерлерін қасқыр жеп қояды, себебі олар оған есік ашады. (Жеті лақ ертегісі)

3. Келесі кейіпкеріміз жалғыз орманға шығып, қасқырға әжесінің үйін қайда екенін айтқан үшін қауіпті жағдайға ұшырайды, ол кім? (қызыл телпек)

- Дұрыс, бұл кейіпкерлер қауіпсіздік ережесін сақтамады, ал сендер тағы қандай қауіпті заттарды білесіздер?

Балалар: пышақ, қайшы, балға, дәрі дәрмек, ине, сіріңке т.б

- Ол құралдар қайда тұру керек?

- Ия дұрыс айтасындар, әр қайссысының өз орындарында тұру керек.

– Өте керемет, бұл заттарды тұрмыстық техникалар дейміз.

– Қалай ойлайсындар, киім үтектеген соң, теледидар қарап, шаңсорғышпен тазалап болған соң не істеу керек?

Балалар: электрқұрылғыларды сөндіру керек себебі олар өте қауіпті, өрт шығуы мүмкін.

– Ал өрт шыққан жағдайда қай номерге қоңырау шаламыз? - 101

«Ұйқасын тап» сөздік-логикалық ойыны:

• Бір, екі, үш, төрт, үйде болып жатыр(өрт)

• Түтін басып кетіпті, сөндірмеген біреу.....(үтікті).

• Қызыл жалын лаулады, демек сірінкемен біреу..... (ойнады)

• Тек тұрғаның жарамас, тез 101 ге сен (хабарлас)

• Өртке оранды шатыр, өртсөндірушіні тез.....(шақыр)

Тәрбиеші Айсәулеге қауіпсіздік ережесі туралы кітапты сыйға тапсырады.

Айсәуле : - Ой, балалар, рахмет сендерге мен енді үйге қайтайын, анам келіп мені іздеп жатқан шығар,- деп балалармен қоштасады.

Балалар Айсәулемен үш тілде қоштасады.

Қорытынды

- Егер өрт шықса қайда хабарлаймыз? - 101

- Егер үйге бөгде адамдар кіріп бұзақылық жасап жатса? - 102

- Егер бір жерімізді жарақаттап, ауырып қалсақ қайда хабарласамыз? - 103

- Біз Айсәулеге қалай көмектестік?

Балалар сұрақтарға сөйлем құрап толығымен жауап береді



Жеміс- жидектер.

«Шалқан» ертегісін сахналау.

Шалқан ертегісі. 27.07.2023.

Ашық оқу қызметі «Шалқан» ертегісі

Білім беру саласы: Коммуникация

Ұйымдастырылған оқу - қызметі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі

Мақсаты:

Білімділік: «Шалқан» ертегісі туралы мағлұмат

беру, шалқанға түсінік беру.

Дамытушылық: «Шалқан» ертегісіне сахналық қойылым көрсету. Ертегіні сахналау арқылы ой - қиялын дамыту.

Тәрбиелік: «Шалқан» ертегісін көрсете отырып, балаларға бір отбасының татулығын, бірліктерін көрсету.

Көрнекіліктер: «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерінің костюмдері, көкөністер.

Түрі: Көрініс, ертегі

Алғы сөз:

Құрметті балалар! Бүгінгі өткелі отырған «Күншуақ» ортаңғы тобының ертегілер еліне қош келдіңіздер. Бүгінгі сахналайтын ертегіміз «Шалқан» ертегісі. «Шалқан» ертегісі орыс халық ертегісі, балалар.

Ертегінің негізінен көптеген түрлері бар, олар:

1. Қиял - ғажайып ертегісі.

2. Шыншыл ертегі.

3. Жан - жануарлар туралы ертегі.

4. Тұрмыс - салт ертегісі, болып бөлінеді екен. Ал, осы, «Шалқан» ертегісі балалар, тұрмыс - салт туралы ертегі екен. «Шалқан» орамжапырақ тұқымдасына жататын екі жылдық көкөніс.

Шалқанның түсі ақ немесе сары болады екен. Шалқанның құрамында ағзамызға пайдалы көптеген дәрумендер бар. Емдік қасиеті де бар. Ендеше, апайлар және балалар, мен сіздері, осы «Шалқан» ертегісін «Күншуақ» ортаңғы тобының балаларының сахналағанын көріп - тамашалауды ұсынамын.

«Шалқан» ертегісінің сахналық қойылымын тамашалаңыздар.

Автор: Ерте ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде шал мен кемпір болыпты.

Бір күні атай шалқан екті де:

Атай: - Өс, шалқаным, тәтті боп өс! Өс, шалқаным, мықты боп өс!

Автор: Күндерден күн өтті, айлардан ай өтті. Шалқан өте үлкен, мықты болып өсті. Атай шалқанды әрі тартқылайды, бері тартқылайды, жұлып ала алмайды. Сөйтіп атай көмекке әжейді шақырады. (1 - сурет)

Әже: Мен көмекке келдім.

Автор: Әжей аайдан, атай шалқаннан тартып, жұлып ала алмайды.

Әже: - Атасы, екеуміздің осыған күшіміз жетпейтін сияқты. Көмекке қызымызды шақырайық.

Автор: Сөйтіп көмекке қызын шақырады. Қызы әжесінен, әжесі аайдан, атай шалқаннан ұстап тартады. Алайда еш нәтиже болмайды.

Қызы: - Бізге көмекке тағы біреу керек сияқты. Мен күшігімді шақырайын.

Автор: Қызы көмекке күшігін шақырады. Күшігі қыздан, қыз әжесінен, әжесі аайдан, атай шалқаннан ұстап тартқылайды. Бірақ тағы да жұлып ала алмайды.

Күшік: Қанеки, біз көмекке мысықты шақырайық. Мысығым, мысығым келіп бізге көмектес.

Автор: Күшік мысығын шақырады. Мысық күшіктен, күшік қыздан, қыз әжейден, әжей аайдан, атай шалқаннан ұстап әрі тартқылайды, бері тартқылайды. Тағы жұлып ала алмайды.

Мысық: - Менің ойымша бізге тағы да көмек керек сияқты. Тышқан, тышқан бізге көмектесші.

Автор: Барлығы бірге шалқанды тартады. Сол кезде шалқанды жерден жұлып алады. (2, 3 - сурет)

Әжей шалқанды қосып тамақ пісіреді. Бәрі дәмді тағамнан ауыз тиеді. Тышқан тамақты жеп отырып, былай дейді:

Тышқан: - Бұл тағам өте дәмді екен. Егер келесі жолы тағы көмегім керек болса, мені шақырыңдар. Мен шалқанды өте жақсы көремін.



Тақырыбы: «Су апталығы».

МАҚСАТЫ: Балаларға су тіршілік көзі екенін үйрету. Сумен ойнайтын ойындардың ережесін сақтай отырып, балалардың қимыл - қозғалысын, икемділігін, шапшандығын арттыру. Достыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

КӨРНЕКІЛГІ: Нептун киім үлгісі, су құятын ыдыстар, сүзгі, су тапаншасы, сабынды көпіршіктер, шелектер, жасанды бассейн.

ЖҮРГІЗУШІ: Күн күлімдеп жел ойнайды,

Толқындар көңілді шулайды

Нептунға қонақтар асыға келеді

Балалармен қыздардың топтары.

ЖҮРГІЗУШІ: Балалар бүгін қандай күн?

БАЛАЛАР: Нептун күні.

ЖҮРГІЗУШІ: Сендер Нептунның кім екенін білесіңдер ме?

БАЛАЛАР: Ол көл патшасы.

ЖҮРГІЗУШІ: Олай болса Нептунды шақырайық.

БӘРІ: Нептун теңіз патшасы

Келе ғой, келе ғой, келе ғой.

НЕПТУН: Сәлеметсіздер ме балалар, құлағыма жетті, бұл мереке менің құрметіме арналған екен.

Мен Нептун – көл патшасы, мерекелерің келіп тұрмын.

ЖҮРГІЗУШІ: Көл патшасы, сіздің құрметіңізге балалар тақпақтар айтып береді.

А. АРУЖАН: Су тіршілік негізі

Онсыз өмір сүрмейсің

Гигиена егізі –

Су деп және білгейсің.

САЯЖАН: Жер шары дәу әлем

Қоршалған ауамен

Ауасыз тұншығар

Өмір сүріп тамаша

Қуанайық балаша

РАХМАН: Үйде ванна, душ болса,

Салқын сумен құйынған

Ыстық сумен шомылсаң,

Салқын сумен шайынғын.

НЕПТУН: Жарайсыңдар, балалар. Мен сумен ойындар ойнағанды жақсы көремін. Олай болса ойындарыңызды тамашалап, сендермен бірге ойнайын.

ЖҮРГІЗУШІ: Бүгінгі ойынымызға «Жұлдызша» тобы және «Ақтиін» тобы балалары қатысады.

1 - ОЙЫН: «Су тасушылар». Балалар бос шелегімен мәреге барады. Шелегін суға толтырып, келесі балаға шелегін береді. Келесі бала суды мәредегі ыдысқа төгеді.

2 - ОЙЫН «: Кім жылдам» Қолында сүзгі ыдыстарға суда тіршілік ететін жануар, құстарды өз жәшігін тасиды.

3 - ОЙЫН: «Сукұйғыштар». Қолында кесе толы су мәредегі банканы суға толтырады.

4 – ОЙЫН: «Мергендер». Екі топ су тапаншасынан бір - біріне су шашады.

5 - ОЙЫН: «Суда жүзушілер». Жасанды бассейнде әр топтан 2 баладан суда жүзеді.

ЖҮРГІЗУШІ: Нептун сізге балаларымыздың ойындары ұнады ма?

НЕПТУН: Әріне ұнады. Өте тамаша, қызықты сумен ойындар ойнадыңдар. Менің де сендерге сыйлығым бар. Міне сендерге сабынды көпіршіктер. Сендер сабынды көпіршіктерді үрлеп көңілді көпіршіктерді тамашалаңдар.

БАЛАЛАР: Рахмет, Нептун – көл патшасы.

Балаларды мақтау, рахмет айту.

Көңілді күн апталығы

Музыкалық ойын - сауық: «Көңілді күн»

11.08.2023.

Өткізілетін орны: Балабақша ауласы

Мақсаты: Балаларға ойын ойнатып, билетіп, ән айтқыза отырып, мерекелік көңіл - күй сыйлау.

Белгілі бір ойын шартын орындау дағдыларын шыңдау. Әр баланың қимыл - қозғалыс белсенділігін арттыру. Ұжымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Барысы:

Жүргізуші: — Қайырлы күн, балалар! Бүгін біз үшін ерекше күн! Балалар көптен күткен көңілді жаз мезгілі келді. Жаз мезгілі сендерге ұнай ма? Ұнайтын болса қол соғыңдаршы.

Қане, сендердің алақан дыбыстарын естілмей тұр. Қаттырақ қол соғайық!

Міне, керемет! Ендеше, осындай көтеріңкі көңіл - күймен «Көңілді алақандар мерекесін» бастаймыз!

Флешмоб «Топ - топ балақан»

Микки Маус пен қоян самокатпен жүгіріп келеді.

Қоян: — Балалар, балалар, сәлеметсіңдер ме?

Жүргізуші: — Қоян, неге сонша асығыссың? Қайдан келе жатырсың?

Қоян: — Мен бар ғой, мен, мен зообақтан келе жатырмын. Ол жақтан көптеген жануарларды көрдім. Қандай жануарларды көргенімді айтып берейінші сендерге. Соны сендерге айтып, көрсетуге асығып жеткенмін.

«Теңбілдер» жаттығуы

Микки Маус: — Туу, балалар, сендермен жаттығу жасаған қатты ұнап қалды. Тағы да жаттығу жасайықшы.

Хоровод: «Ручки - руки»

Сайқымазақ шығыршықтарын айналдырып келеді.

Сайқымазақ: — Сәлем, менің көңілді достарым! Менің көңіл - күйімнің көтеріңкілігі сонша, сендермен ойын ойнауға асығып келдім. Менің қолымдағы не екенін білесіңдер ме?

Балалар: — Шығыршықтар.

Сайқымазақ: — Ендеше, осы шығыршықтармен ойын ойнауға қалай қарайсыңдар?

Балалар: — Келісеміз, ойнайық!

Ойын: «Кім жылдам?» II кіші топтар: Құлыншақ, Қошақан, Балғын бөбек.

Мақсаты: Шапшаңдыққа, дәлдікке баулу.

Шарты: Қатар - қатар қойылған шығыршықтарды балалар әуен ырғағымен айналып жүреді, әуен тоқтағанда шығыршыққа жұптасып тұра қалулары керек. Осылайша шығыршықтар саны азая береді, үлгермеген балалар ойыннан шығады.

Сайқымазақ: — Қандай, алғыр балалар! Енді мен мына жердегі кіп - кішкентай, сүп - сүйкімді балалармен ойын ойнаймын

Ойнаймыз ба.?

Балалар жауабы.

Ойын: «Түрлі - түсті доптар» I кіші топтар: Қонжықтар, Балапан.

Мақсаты: Балаларға түстерді ажыратуға үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу.

Шарты: Түрлі - түсті доптарды түстеріне қарай себетке жинау.

Сайқымазақ: - Жарайсыңдар, балалар! Менде жинаймын деп шаршап қалдымғой.

Жүргізуші: — Жарайсыңдар, балалар! Ойын ойнап шаршаған боларсыңдар. Ендеше бір тынығып алайық.

Хоровод: «Бір оңға, бір солға»

Сайқымазақ: - Сендер менімен бірге бүгінгі күнді көңілді өткіздіңдер. Біздің сендерге арналған сыйлығымыз бар. Қош сау болыңдар!

Жүргізуші: - Балалар сендерге көп - көп рахмет келесі кездескенше.

Қош сау болыңдар!



Жалмауызды алдаған қыздар

Ертегіні сахналау.

Ертеде бір бай болыпты. Байдың ауру әйелі және үш қызы бар екен. Бір күні әйелі науқасынан айықпастан қайтыс болады. Біраз уақыттан кейін бай үйіне басқа әйел алып келеді. Бұл әйел қатыгез адам болып шығады. Ол байдың қыздарын жек көреді. Бір күні өгей шешелері қыздарын шақырып алып:

— Шырақтарым, бүгін сендер тоғайдан жеміс теріңдер, – деп түбі тесік шелек береді. Қыздар:

— Алақай! Жеміс тереміз! – деп қуанып тоғайға кетеді. Тоғайға келіп, жеміс тере бастайды. Бірақ, терген жемістері тесік шелектен түсіп қала береді. Сол себепті қыздар тоғайда көп жүріп қалады.

Осы уақытта өгей шешелері әкесінің басын айналдырып, басқа жаққа көшіп кетеді. Кешке жақын қыздар әбден шаршап үйлеріне келсе, үй орнында жоқ болып шығыпты. Қыздар жылап-сықтап үйдің орнына түнейді. Ертеңіне осы арадан бір айнаны, тарақты, инені тауып алады. Осыларды алып қыздар жолға шығады.

Келе жатып бір жұлым үйге кезігеді. Осы жұлым үйде жалмауыз кемпір тұрады екен. Қыздар үйге кіреді. Үйдің ішінде кішкентай қыз отыр еді.

Қыздар одан:

— Үйдің иесі қайда? – деп сұрапты.

Сонда қыз:

— Бұл үйдің иесі– мен және менің шешем – жалмауыз кемпір, – дейді.

Қыздар қорқып қалады. Бірақ басқа амалы болмағандықтан кешке дейін жалмауызды күтіп отырады. Кешке жалмауыз үйіне келсе, үйде үш қыз отыр екен. Қыздарды көріп, ол қуанып қалады.

— Сендерді маған шайтан айдап әкелген шығар. Қызымыз екеуіміз бір тоятын болдық. Ал, бүгінше жатып демалыңдар, – деп оларға төсек салып береді.

Кемпір ертеңіне аң аулауға кетіп бара жатып, қыздарға:

— Маған кішкентайларыңды пісіріп қойыңдар, түсте қайтып келермін, – дейді.

Жалмауыз кемпір кеткен соң, қыздар кішкентай қызды өздерімен бірге алып қашады.

Кемпір келсе, өзінің қызы да, үйде қалған үш қыз да жоқ. Қатты ашуланған ол қыздарды қуа жөнеледі.

Бір уақытта қыздар артына қараса жалмауыз кемпір жетіп қалған екен. Жалмауыз кемпірдің қызы осы уақыттың ішінде үш қызға бауыр басып қалған еді.

— Апайлар, менің шешем жетіп қалған кезде, қолдарыңда не бар соны артқа қарай лақтырыңдар. Сол кезде оның алдынан бөгет пайда болады, – деп ақыл айтады ол.

Қыздардың үлкені кішкентай қыздың сөзін ести сала тарақты тастапты. Ол үлкен тоғай болыпты. Екінші рет жете бергенде ортаншысы инесін тастайды. Ол биік тау болыпты. Онан да кемпір өтеді. Үшінші рет кішкентай қыз айнасын тастайды. Ол үлкен көл болады. Жалмауыз кемпір бұл көлден өте алмайды. Ол көлдің екінші жағалауында тұрған қыздардан:

— Қыздар, сендер бұл көлден қайтіп өттіңдер? – деп сұрайды.

Қыздар:

— Мойнымызға тас байлап өттік, – дейді.

Кемпір қыздардың сөзіне сеніп, тас байлап суға түседі де батып кетеді. Ал, қыздар аман-есен үйін тауып, әкесіне болған оқиғаны түгел баяндап береді. Әкесі қыздарына жасаған зұлымдығы үшін әйелін қуып жібереді. Жалмауыз кемпірдің қызын асырап алады.

Осылай қыздар бірге тату-тәтті өмір сүреді.



«Ата заңым – Ардағым!»

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Көрнекілігі: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы, слайд.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, әнұран, би, ойын.

Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасады:

Амансын ба, көк аспан!

Амансын ба, жер-ана!

Амансын ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Жүргізуші сұрақтар қояды, балалар жауап береді.

- Арайлаған танды сүйетін кім?

- Алтын сәулені сүйетін кім?

- Жарқын даланы сүйетін кім?

- Туған жерді сүйетін кім?

- Ата-ананы сүйетін кім?

- Досын сүйетін кім?

- Еліміздің болашағы кімдер?

Жүргізуші: - Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995 жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Елдігімнің – реңі,

Тендігімнің – тірегі,

Мүддесінен халықтың

Ажырамас бір елі.

Алтын заңым – арай таңым!

Балаларға конституция кітабының суретін көрсетеді.

Жүргізуші: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары - үлкендерде, балалар да-мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс. Өз еліңнің Туын, Елтаңбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстанның елордасы қай қала?

- Елбасымыз кім?

- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?

- Балалар сендер рәміздер туралы білесіңдер ме?

Жүргізуші: Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде қазақ үйі

Қалықтаған жас сұңқар.

Шарықтаған таза кү

Бұл танбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.

Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші: Отан туы желбіреп,

Көз тартады құбыла.

Біз қараймыз елжіреп,

Туған жердің туына.

Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші: Әнұраным-жан ұраным,

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Туған жерім сағынарым,

Мәңгі-бақи шырқалады,

Республика әнұраны.

Балаларға әнұран айтуды ұсынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

Қимылды ойын «Киіз үй»

Көтеріліп шанырақ,

Уықтары шаншылар.

Кергелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер,
Бәріміз жүрсек айналып,
Киіз үй боп көрінер.
Слайд көрсету.
Қыздардың орындауында «Қамажай» биі.
Жүргізуші: Конституция күні баршамызға құтты болсын!
Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «Ата заңым-Ардағым »
атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз



МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы



«БЕКІТЕМІН»

№13 «Гүлдер» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Г.Баймағамбетова

**Ересек «Күншуақ» тобының 2022-2023 оқу
жылына арналған
жазғы маусымдық іс-шаралар жоспары**

Тексерілді:

Әдіскер: С.Мүсірепова

Шынықтыру шаралар арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу: Спорттық ептілік пен дағдысын одан ары дамыту. , қимыл белсенділігін арттыру. Жағымды көңіл күймен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру.

**2022-2023 оқу жылындағы Ересек «Күншуақ» тобының жазғы маусымға
арналған іс- шаралар жоспары.**

Жаз маусымында балалардың бос уақытын ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне меилінше қолайлы жағдай:

Танымдық жан жақты қызығушылығымен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері: Бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымдағы ауарайының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (күн, ауа, су, құм т.б.)

Шынықтыру шаралар арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу: Спорттық ептілік пен дағдысын одан ары дамыту. , қимыл белсенділігін арттыру. Жағымды көңіл күймен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру.

№	Апта тақырыптар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Сәлеметсіңбе күн! Сәлем Жаз!«1-маусым балаларды қорғау күні » Мен бақытты боламын.	01.06.2023ж	Захаренко А.А.
2	«Менің қанатты достарым» апталығы Менің қанатты достарым.	09.06.2023ж	Захаренко А.А.
3	«Гүлдер апталығы» Аялайық гүлдерді.	15.06.2023ж	Захаренко А.А.
4	«Денсаулық апталығы » Дені саудың- жаны сау	22.06.2023ж	Захаренко А.А.
5	«Жануарлар апталығы» Ертегі еліне саяхат «Үйшік ертегісі.	27.06.2023ж	Захаренко А.А.
6	«Астана бас қала » апталығы Жайнай бер Астана	05.07.2023ж	Захаренко А.А.
7	«Отбасы»апталығы Отбасы	13.07.2023ж	Ноғайбекова А.С
8	«Қауіпсіздік » апталығы Жолда жүру ережесін сақтаймыз!	21.07.2023ж	Ноғайбекова А.С
9	«Жеміс жидектер »апталығы Шалқан ертегісін сахналау	27.07.2023ж	Ноғайбекова А.С
10	«Су» апталығы Нептун күні Сумен шынығамыз.	04.08.2023ж	Султанова О.А.
11	«Көңілді күн апталығы» Сумен шынығамыз.	11.08.2023ж	Султанова О.А.
12	«Ертегі апталығы « Жалмауызды алдаған қыздар.»Ертегі тамашалау »	18.08.2023ж	Султанова О.А.
13	Конституция күні 30тамыз Қазақстандағы ата заң тарихы. «Ата заңым-ардақты!»	29.08.2023ж	Султанова О.А.

1 - маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған жазғы сауықтыру сценарийі.

Мен бақытты баламын!.

Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре үйрету. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

Жүргізуші:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін Халықаралық балаларды қорғау күні. Біздің балабақшада бүгін мереке.

Армысындар балалар, бармысындар.

Жазда келді, жайнаған гүлді шыңдар.

Алдыменен алайық амандасып,

Армысындар бәріңде, армысындар.

1-Маусым 1950 жылдан бастап Халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді. Бүгін біз осы мерекені атап өтпекшіміз. Осы мерекені шарамызды бастамас бұрын балаларға деген жылы лебізін білдіру үшін сөз кезегін балабақшамыздың Меңгерушіміз Баймағамбетова Гүлмира апайға береміз



Жүргізуші:

Бақшамызда бүгін ұзақ ойнайық,

Балаларды қорғау күнін тойлайық.

Алақай ау, алақай!

Той тойлайық, балақай!

Тақпақ айтып, кезектесіп, бір бірлеп,

Кел, қосылып ән шырқайық, би билеп!

Алақай ау, алақай!

Ән шырқайық, балақай!

Ұғып сөзін тәрбиеші апаның,

Гүл жайнаймыз аясында Отанның!

Алақай ау, алақай!

Гүл жайнайық, балақай!

Әнұран «Менің Қазақстаным» барлық топтар.

Жүргізуші:

- Польша биі «Ақ көгершін», «Айгөлек» тобы орындауында.

Ән барлық топтар «Ағалардай боламыз», «Балдырғандар маршы»

Жүргізуші:

Көңілді әуен қосылады. Барлық балалар мен жүргізуші әуен ырғағымен бір орында жүреді.

Жүргізуші:

Жұлдыз тобының орындауында

«Шөжелер биі»

- Сәлеметсіз бе, Мыстан әжей! Келіңіз бізбен бірге ертеңгілікке .
қатсыңыз

Мыстан кемпір:

- Еееее, солай де! Менде балалардың көңілін көтеріп қояйын! Мен балалардың дауысын естіп қуанып қалып едім. Мен көңілді балаларды жақсы көрем. Не істесем екен?! Олай болса би билеп алайық.!

Қарлығаш тобының орындауында

Қыздарының орындауында Матрёшка биі .

Жүргізуші:

-Джентелмен биі.:



- Сіздердің әлі көңіл күйіңіз жоқ сияқты ғой! Балақайлар, мен үнемі сыпыртқыммен ұшып жүрем. Кім менімен ұшқысы келеді?

Балалар:

- Мен, мен, мен...

Мыстан кемпір сыпыртқының артына балаларды кезекпен отырғызып жүгіріп шығады. Балалар мәз болып күледі.

Мыстан кемпір:

- Ух, ах, шаршадым! Белім ай! Қарт болғасын әр жерің ауырады. Қой, мен бір тынығып алайын!

Жүргізуші:

- Жақсы, Мыстан әжей! Балалардың қасына жайғасып отыра ғой! Ал, біз ертеңгілігімізді жалғастырайық.

Күншуақ тобының орындауында би.

Көңілді әуенмен Сайқымазақ кездеседі:

- Сәлем, балақайлар!

Балалар:

- Сәлеметсіз бе!

Сайқымазақ:



«Менің қанатты достарым»

Мақсаты: Дала құстарының тіршілігі туралы білімдерін кеңейте отырып, оларды өзара салыстыруға үйрету.

Көрнекілігі: Суреттер, құстар

Әдіс тәсілдер: Сұрақ, жауап, ойын, түсіндіру.

Шаттық шеңбері:

— Балалар шеңбер бойымен тұрып, амандасып, бір бірімізге жылулық сыйлайық.

Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін құстарға. Сәлем деймін ұстазға,

Ашық болсын айымыз. Тату болып халқымыз,

Аман болсын балалар!

— Балалар бір бірімізге жылы жүзбен қарап, қуаныш сыйладық. Осы алған күш қуатымызбен сабағымызды бастайық.

Өткенді пысықтау:

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Жаз айларын кім атайды?

-Жаздың ерекшеліктерін кім айтады?

— Жарайсыңдар, балалар

1. Жаңа сабақты түсіндіру әдісі.

— Балалар, тақтадан нелердің суретін көріп отырсыңдар?

— Құстардың.

— Бірінші суреттегі құстарды атайықшы.

— Тауық, қаз, үйрек

— Екінші суреттегі құстарды атайықшы. —

Қарарға, сауысқан торғай, шымшық т.б — Жарайсыңдар, балалар.

— Балалар, жалпы құстар екіге бөлінеді: үй құстары және дала құстары. — Үй құстарын қолдан тамақтандырамыз жем, су, шөп береміз жылы қорада ұстайды. Ал Дала құстары жемтіктерін өздері тауып жейді. Бүгінгі оқу қызметінде біздер, дала құстарының тіршілігі мен пайдасы туралы танысамыз.

Құстар біздің досымыз, олардың бізге пайдасы көп. Құстар өсімдікке зиян келтіретін жәндіктермен құрт, құмырсқалармен қоректенеді, сөйтіп бау-бақша егістердің жақсы өсуіне пайда келтіреді.

Кейбір құстар далаға салқын түскенде жылы жаққа ұшып кетеді. Күн жылығанда қайта ұшып келеді.

Құстардың кейбірі адамға дос. Соның бірі қарлығаш. Ол адамдарға жақсылық ойлайды. Ол ұясын ауланың жанына салады.

-Балалар, өзіміз білетін қарғаны қарайықшы. Қарғаның екі түрі бар, ала қарға, қара қарға. Ала қарғаның қанатында, бауырында сұр түс бар сондықтан, оны

ала қарға дейді. Ал қара қарғаның басы, қанаты, құйрығы мен бауыры бәрі қара болып келеді. Сондықтан оны қара қарға дейміз. Қарғалардың тұмсығы үшір, тырнақтары өткір болып келеді. Даладан түрлі тамақ қалдықтарын жеп қоректенеді.

Сауысқанның түсі қара- ала, көлемі торғайдан ірі, ұзын құйрықты құс. Жейтін қорегі басқа құстардың жұмыртқаларын, балапандарын ұрлап жейді. Қыстап қалатын құс.

Балалар құстар туралы кім тақпақ біледі? Кәне айтайықшы.

.

Гүлназ:

Қарға, қарға, қарғалар.

Қар үстінде жорғалар

Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар.

Рамазан

Алманы қарға шоқиды, Көкқұстан кітап
оқиды. Ұшып кеп ағаш басына, Ала сауысқан
қоқиды.

— Жарайсыңдар балалар, енді жұмбақтар жасырайық. 1. Имек тұмсық алғыр
құс / қаршығы/ **Мерей:**

2. Екі айыр құйрығы

Қияқ мұрт қанаты,

Ұшқырлардың жүйрігі/ қарлығаш/ **Динара:**

3. Ұзақ тектес құс, Шіркей жеп.

Ауыл шаңынан,

Ұзап кетпес құс / қараторғай/ **Мақсат:**

Қара түсті қарқылдақ,

Ұшып қонып жалпылдап

Қоқыстарды шоқиды,

Жем іздейді там тұмдап. \ қарға \ Сергіту сәті:

Қане қанат жазайық

Қарлығаш болып ұшайық

Ұшып, ұшып алайық Сауысқан болып
секіріп Торғай болып қонайық.

Ойын: «Құстың ұясын құрастыр»

— Балалар біздер құстар туралы тыйым сөздер айтайықшы:

Жаннұр:

1. Құстарды атпа.

2. Құстың жұмыртқасын жарма.

3. Құстың ұясын бұзба.

4. Аққуды атпа, досыңды сатпа.

Қортынды: — Балалар сендер құстар туралы көп біледі екенсіңдер мен сендердің білімдеріңе
риза болып бүгінгі сабаққа қатысқан балаларды мадақтаймын. Құстар табиғаттың керемет тіршілік
иелері. Құстар — біздің досымыз. Біздер үнемі құстарға қамқорлық жасап, қорғап жүруіміз керек.



Такырыбы: «Аялайык гүлдери!»

Максаты:

Билимдик: Дала гүлдери мен бөлме гүлдери мен оны күтудин ережелери мен таныстыру. Гүлдердин кұрылысын білу, гүлдердин отырғызылуын, тәжірибе жасау, өсуін бақылау. Бөлме

гүлдеріне каккорлык.

Дамытушылык: Есте сактау, киялын, ойлау кабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Бөлме гүлдеріне каккорлык көрсетуге тәрбиелеу, әдептілікке, еңбексүйгіштікке

тәрбиелеу.

Көрнекілік құралдар: дидактикалык ойын үлгілері, бөлме өсімдіктері, отырғызылатын

материалдар, шелек құмымен, таякшалар, су құйғыш суымен, қалактар, клёнкалар,

алжапқыштар.

Сабақтың өту барысы:

I. Шаттық шеңбер.

II. Тыныс алу жаттығуы «Гүлді көбелекке қондыру».

III. Көктем жылдың ең тамаша мезгілі.

Бағалар: - Көктемде жер жыртады, егін, бау – бақша егеді.

- Ағаштар бүршік жарып, гүлдер, шөптер шығады.

- Көбелектер, аралар, шегірткелер ұйқыдан оянып гүлден – гүлге қонып хош иісіммен,

тозандарымен қоректенеді.

- Қар астынан ең алғашқы болып бәйшешек шығады.

- Көктемде қызғалдақ, бәйшешек, бақ - бақ, жауқазын, т. б. гүлдер өседі.

Тәрбиеші: - Дұрыс айтасындар бағалар, бұл гүлдер дала гүлдеріне жатады. Дала гүлдерінен

сабын, сусабын, денеге арналған майлар, әтірлер ептірілі заттар жасалынады. Дала гүлдері

турапы кім қандай тақпақ біледі?

1 - ші баға: Бәйшешектен білеміз,

Көктем келіп қалғанын.

Мәз боламыз, күлеміз,

Көрсек гүлін жарғанын.

2 - ші баға: Алғаш рет күркіреп,

Ағып – теріп жауса күн.

Қырта шығар дүркіреп,

Көктем басы – жауқазын.

3 - ші баға: Үлгіреткен бақбақ,

Үлгілеткен апшақ.

Уф! – десем, бақбақ,

Ұшасын ғой қаптап.

- Дала гүлдері турапы тақпақтар біледі екенсіндер. Далада өсетін гүлдердің пайдасында білдік.

- Ал бағалар біздің топта қандай гүлдер бар? (Бағалар гүлдерді атап айтады).

- Традесканция, аллоэ, колеус, кактус, кливия, бальзамин, пион.

1 - ші баға: Гүл қауызын ашады,

Күн нұрын шашады.

Қуанышын біліп гүл, Бағаларға күліп тұр.

2 - ші бала: Үл өсірсен терлеп,

Мұның ата еңбек.

3 - ші бала: Қызыл, жасыл гүл ектік,

Баптап күтіп түрленттік.

Қалмасын деп қуарып,

Апта сайын суғардық.

Үлдендіріп бөлмені,

Бөлмеде гүл қаулады.

4 - ші бала: Ұмытпай күнде,

Су құям гүлге.

Жайнайды гүлім,

Құлпыртып түрін.

Дидактикалық ойын: «Кім шапшаң?»

(Дала гүлдерін атағанда орындарынан тұрады, бөлме гүлдерін атағанда қол шапалақтайды).

- Ал сендер қандай бөлшектерден тұратынын білесіңдер ме?

(Балалар үлгі сурет бойынша көрсетеді)

- Ал жақсы өсу үшін не қажет?

(Балалар гүлдерге су, жарық, жылу, топырақ қажет екенін айтады.)

- Тағыда не қажет?

(Үлге су құйып, жапырағын сүртіп, су бүркелішпен су шашып, топырағын копсытып,

тыңайтқыш сеуіп тұру керек.)

- Жазда көбірек, ал қыста сирек суарады. Оларды суқұйғышпен суарады.

- Жылына бір рет топырағымен, ыдысын ауыстырып тұру керек.

- Үлдерді бөлме температурасындай сумен суару керек, өйткені гүлдер ауырып, өліп қалуы

мүмкін.

Тәжірибе: Ал енді балалар біздің бөлмеде традесканция гүлі мен бальзамин гүлі жок екен қазір

біз сол тамырланған гүлді ыдысқа отырғызайық. Сендер бүгін табиғат бұрышында жұмыс

жасасындар.

Үлге бірден суық су құюға болмайды. Суды ыдысқа бір күн бұрын құйып қою қажет. Содан

сон ғана суаруға болады. Анда санда жапырақтарына су бүркіп тұрған жөн. Себебі гүл шанлы

жақтырмайды. Топырағында копсытып отыруымыз керек. Ол тамырларына өте пайдалы.

Тамырына тигізіп алмау керек, зақымдануы мүмкін. Тамыр топырақтың астында болады. Олар

көрінебейді. Өсімдіктің су ішуіне көмектеседі. Тамыр дем алу үшін копсытып тұруымыз қажет.

Балалар екі ыдысқа бірдей гүлдің көшетін отырғызайды. Тәжірибе барысында күнделікті белгілі

бір уақыттың аралығында гүлдің біреуіне жақсы сөздер айтып, жемізі, сазды әуен қойып

өсіреді.

Екі ыдыс аламыз. Біреуіне бальзамин, екіншісіне традесканция. Әуелі ыдысқа отырғызбаc

үшін гүлді түсіндіру. Тамырланған гүлді әңгімелеу. Ыдысқа әуелі тастарды саламыз. Ыдыстың

үсті тесік болады. Содан кейін топырақ саламыз. Тастар арқылы гүл дем ала алады. Топырақты

шамалы ғана қазып, гүлді тамырын отырғызамыз. Екінші бала топырақ салады. Үшінші бала

су құяды.

Дидактикалық ойын: «Жалғастыр».

Мақалдар.

«Гүлді гүлдеме, егер сабағы болмаса».

«Гүл – өмір қызығы».

«Гүл ашылмай, бұлбұл сайрамас».

«Гүлші бір гүл егем дегенше, жүз тіккеннің уын жұтады».

«Гүлдің тоны қырық жамау. Бірақ иісі бар».

Қыз өссе – елдің көркі.

Гүл өссе – жердің көркі.

Дидактикалық ойын: «Сөйлем құрастыр»

Суреттен балалар сөйлем құрайды. Гүлдің пайдасын айтады.



«Дені саудың - жаны сау»

(спорттық - ойын сауық)

Мақсаты: салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу.

Балалардың денесін шындап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту.

Қажетті құралдар: шарлар, түрлі - түсті жалаушалар, денсаулық туралы нақыл сөздер, доптар, пирамидалар, көлшік, бақа атрибуты.

Тәрбиеші: Құрметті әріптестер, балабақша тәрбиеленушілері және спорт сүйер жанкүйер қауым. Бүгінгі «Дені саудың - жаны сау» атты спорттық ойынға қош келдіңіздер.

Егеменді еліміздің ертеңі денсаулығы мықты азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Міне, бүгінгі балабақша тәрбиеленушілерінің қатысуымен өткелі отырған «Дені саудың - жаны сау» атты мерекелік сауықтыру іс - шарасын бастауға рұқсат етіңіздер.

Марш ойналып, балалар бірінің артынан бірі жүріп келеді.

Жан - жақты жаттықтыратын жаттығулар:

Бір қатармен жүру, жүгіру, екі қолды белге қойып аяқтың ұшымен жүру. Шеңберге тұрып, дем алу жаттығуын орындау.

Ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку.

Тәрбиеші: Бәрекелді балалар!

Тәрбиеші: Балалар денсаулық басты байлық. Балалар деніміз сау болу үшін, үнемі жеке бас тазалығын сақтап, денеміз шынықтырып, дұрыс тамақтанып, күн тәртібін сақтау керек.

- Балалар денсаулық туралы мақал - мәтел кім біледі?

1. Денсаулық - зор байлық.
 2. Дені саудың - жаны сау.
 3. Тазалық - денсаулық кепілі.
 4. Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің.
 5. Денсаулығы сәбидің - қуанышы әр үйдің.
- Жарыстың бөлімдерін сіздерге айтып өтейін.

1. Сәлемдесу.
2. «Кім бірінші» ойыны
3. «Кім жылдам» ойыны
4. «Пингвиндер» ойыны
5. «Бақалар» ойыны
6. «Кім епті» ойыны

Тәрбиеші: Балалар сайысымызды бастамас бұрын әнұран орындайық.

- Бәрекелді балалар!

1 - кезең. Екі команданың сәлемдесуі.

1. «Балапан» тобына жалынды сәлем!

2. «Ботақан» тобына жалынды сәлем

2 - кезең. Көк аспандай көкпеңбек,

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен тек,
Елдің ашық қабағы - деп «Кім бірінші» ойынын бастаймыз.
Ойын шарты: жалаушаны алып, жүгіріп межені айналып келу.



3 - кезең. Жүгір, жүгір желмен жарысып,
Жүгір желмен жарысып.

Нұрға аман,
Болып қыран.
Өс ұлан - деп «Кім жылдам» сайысына кезек берелік.
Ойын шарты: Жемістер мен көкөністерді жинау.
- Жарайсындар балалар, сендер неткен жылдам едіңдер.

4 - кезең. Спорт - біздің досымыз,
Күш қайрат сыйлаған.
Спорт - біздің досымыз,
Өсіп күнде шындалған - дей отыра «Пингвиндер» ойынын ойнайық.
Ойын шарты: допты екі тізесімен ұстап жүру.

5 - кезең. Қалма жұрттың соңында,
Қажет болса мың атта.
Аздық екен оныңда,
Жету үшін мәреге - деп келесі сайысымыз «Бақалар» ойыны.
Ойын шарты: бақалар шалшық судан секіріп, дауыстап, жүресінен отыра кету.



Тәрбиеші: - Бәрекелді балалар өте жақсы!

Қорытынды сайысымыз «Кім епті» ойыны.

Ойын шарты: кедергілер арасымен ирелеңдеп өтіп, пирамиданы құрастыру.

- Жарайсындар балалар!

Ән жұмбақ: «Бұл не?»

Құрметті апайлар бүгінгі спорттық ойынымыз өз мәресіне келіп жетті. Жеңімпаздарды анықтау үшін сөз кезегін әділқазыларға береміз. Бүгінгі қатысқан бүлдіршіндерімізге алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта үлкен биіктерден көріне беріңіздер. Бүгінгі жеңістерің құтты болсын. Келіп, тамашалап көргендеріңізге рахмет. Деніміз сау болсын!

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.

Білімділігі: Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Дамытушылығы: Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, ой қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету.

Ұйымдастыру кезеңі;

Қуан шаттан алақай,
Қуанатын күн келді.
Қуанатын күн бүгін,
Қуанады балақай.
Күліп шыққан күнге!

- Қазір жылдың қай мезгілі?

-Жаз мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?

-Жаз айында неше ай бар? Жарайсындар балалар.

Балалар бүгін бізге пошташы сандық әкеп беріпті. Бұл сандық жәй сандық емес-сиқырлы сандық. Қараңдаршы қандай әдемі сандық. Сандықтың ішінде не бар екен?

Балалар сиқырлы сандық ашылмайды. Мүмкін ішінде ертегі

бар шығар. Ертегі жұмбақтарға тығылып қалыпты. Қане, енді жұмбақтарды шешіп көрейік. Егер жұмбақтардың шешулерін дұрыс тапсақ ертегі бізге келеді. Оның ішінде не бар екенін білгіңіз келе ме? Ол үшін біздер жұмбақ шешу керекпіз:

1. Қыс бойына жатады,
Тәтті ұйқыға батады. /Аю/

2. Қалқиған ұзын құлағы,
Елеңдеп қорқып тұрады. /Қоян/

3. Өзі бір қу,
Жүрген жері шу./Түлкі/

4. Күші десең, күші бар,
Тісі десең, тісі бар. /Қасқыр/

5. Таңдайлары тақылдап,
Шулайтын кім шалшықта
Бірін-бірі мақұлдап./Бақа/

6. Үй-ішін аралап,
Түнде көп жортады.

Қаптарды жыртады,

Мысықтан қорқады. /Тышқан/

Жарайсыңдар, балалар барлық жұмбақтардың шешулерін дұрыс таптыңдар. Міне сиқырлы қорап бізге қаншама әдемі кейіпкерлерді сыйлайды.

Көктем: Тышқан, бақа, қоян, түлкі, қабан, қасқыр, аю. Балалар бұлар қай ертегінің кейіпкерлері?

Көктем: Дұрыс айтасыңдар. Ертегі бізге қонаққа келді. Біздің бүгінгі ертегіміз қалай аталады?

Балалар: «Үйшік ертегісі»

Көктем: Дұрыс айтасыңдар. Ал, балалар біздің бүгінгі «Үйшік» ертегімізді тамашалайық. Ерте, ерте, ертеде орманда жәндік, жануар, аңдар өмір сүріпті. Олар тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр, аю.

Көктем: Болады екен орманда неше түрлі ғажайыптар.

Бір күні тышқан келе жатып, ән айтып:

Өзім егін екпеймін,

Егістен ұзап кетпеймін.

Мысық қуса жетпеймін,

Мен қап тесер тышқанмын деп,

орманда әдемі үйшікті көріпті, үйшік жаңа, жылы, әдемі болыпты. Үйшікті көріп қалған тышқан үйшікке жүгіріп келеді.

Тышқан: Мен суықта тоңып жүрсем. әдемі, жаңа, жылы үйшік. Мен енді

тұрамын.

Сол кезде шыршалардың арасынан бақа әндетіп шығады:

Мен бақамын, бақ-бақ,

Басым менің жалпақ.

Су түбінде көп жүріп,

Басым содан жалпақ.

Бақа: Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қап тесер тышқан тұрады. Ал сен кімсің?

Бақа: Мен секек бақамын. Үйшікке мені де кіргізіші.

Тышқан: Мұнда орын жетеді.



Қандай осында



Шыршалардың арасынан қоян шығады.

Мен ақ қоянмын, ақ қоянмын,

Қалқиған ұзын құлағым.

Құлағымды жел үніне,

Тігіп жатар сақ қоянмын.

Қоян: Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады.

Бақа: Секек бақа тұрады. Ал сен кімсің?

Қоян: Мен зымырауық қоянмын. Мен де үйшікке кіргізіндерші. Мен суықта тоңдым.

Бақа: Бізде орын жетеді. Кір қоян.
үйшікке түлкі бикеш келеді.

Ананы да алдаған,

Мынаны да алдаған.

Жүрген жері шу,

Мен түлкімін қу.

Түлкі: Үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады.

Бақа: Секек бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық қоян тұрады. Ал сен кімсің?

Түлкі: Мен түлкі бикешпін. Менде үйшікке кіргізіндерші. Мен суықта әбден тоңдым. Маған көмектесіңіздерші.

Қоян. Мұнда орын жетеді. Үйшік жылы, жаңа, әдемі кел кір түлкі.

Шыршалардың арасынан қасқыр шығады.

Мен қасқырмын, қасқырмын,

Қозы ұрлайтын өрістен.

Ұйқым келмейді егерде,

Қозы етін жемесем.

Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады.

Бақа: Секек бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық қоян тұрады.

Түлкі: Түлкі бикеш тұрады.

Ал сен кімсің?

Қасқыр: Мен қасқырмын. Мені де кіргізіндерші. Бізде орын жетеді. Кел, кір қасқыр.

Шыршалардың арасынан аю шығады.

Кезген ішін орманның,
Мен аюмын қорбаңмын.
Қалың нудан бал таңдап,
Жүремін мен балпаңдап.

Аю: Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады.

Бақа: Секек бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық қоян тұрады.

Түлкі: Түлкі бикеш тұрады.

Қасқыр: Қасқыр тұрады.

Ал сен

кімсің?

Мен аю

аталарыңмын. Мені де кіргізіңдерші.

Тышқан: Жоқ!

Бақа: мұнда орын жоқ!

Қоян: сен дәусің қалай кіресің?

Аю: - Қорықпаңдар түкте болмайды, - деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды. Үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбандап үйшіктің төбесіне шығады. Сол- ақ екен , ескі үйшік сықырлап шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, ку түлкі, сұр қасқыр барлығы аман – есен үйшіктен шығып үлгереді. Аюға олар ренжімейді. Қайта , барлығы бірігіп , бөренелерді тасып , тақтайларды сүргілеп , жаңа үйшік тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша , достар өздеріне әп – әдемі , жаңа үйшік тұрғызып алады.

Балдырған баламыз,
Досты көп табамыз.
Қашан да, достар бір біріне
Сенімді боламыз!



Астана – бас қала

Жайнай бер Астана.

05.07.2023.

Мақсаты: Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет беру.

- Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау.

- Отанға туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елін, отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан республикасының рәміздері.

Астана қаласының ғимараттары.

Әдісі: әңгімелесу, ойын жаттығулар.

Тәрбиеші: Қайырлы таң балалар,

Қайырлы таң қонақтар.

Сіздерді салтанатты мереке Астана күнімен құттықтаймыз!

Жылу шеңбері: Ал енді балалар бір - бірімізге алақанымыз арқылы жылу шеңберін күн секілді жылы жүзбен күлімдеп жылы лебіз білдірейік:

Деніміз сау болсын,

Күніміз күлімдесін,

Еліміз аман болсын,

Ата - анамыз қасымызда болсын,

Бәріміз дос болайық,

Бәріміз бақытты болайық,

Аспанымыз ашық болсын.

Ән: Ән ұран.

Тәрбиеші: Қане балалар орнымызға отырайық.

Біз бүгін сендермен отанымыз туралы әңгімелесеміз: Балалар отан деген сөзді қалай түсінесіңдер.

Балалар: Туған жерім, ата мекенім, отбасым, халқым.

Тәрбиеші: Дұрыс балалар, отан дегеніміз біздің еліміз туған үйлеріміз, өзіміз туып өскен жеріміз.

Біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Тәрбиеші: Қ. Р президенті кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қандай?

Балалар: Қазақ тілі.

Тәрбиеші: Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда әр түрлі халықтармен ұлт өкілдері тұрады. Соның ішінде қандай ұлт өкілдерін білесің?

Балалар: Орыс, өзбек, түрік, қытай.

Тәрбиеші: Елімізді қандай рәміздерін білесіңдер?

Балалар: Ту. Елтаңба. Әнұран.

Тәрбиеші: Ту, Елтаңба, Әнұран бір сөзбен қалай айтамыз?

Балалар: Рәміздер.

Балалар ту, елтаңба, әнұран туралы білгендерін айтады:

Бибінұр: Ту. Біздің республикамыздың мемлекеттік Туы - тік төртбұрышты көгілдір түсті мата. Тудың көгілдір түсі ашық аспан мен тыныштықты білдіреді.

Тудың ортасында күн тұр, ол жылулықты білдіреді. Күннің астында қанат жайған қыран бүркіт бар. Жанында ою - өрнек салынған, алтын түспен берілуі тыныштықты, байлықты білдіреді.

Әсел: Елтаңба. Қазақстанның Елтаңбасы дөңгелек пішінді және Тудың түсіндей көгілдір түсті. Оның ортасында шаңырақ бейнеленген. Күннің сәулесіндей айнала уықтар тараған. Екі жағында екі қанатты тұлпар салынған ол - қорғауды білдіреді. Бидай сабақтары тоқшылықты, молшылықты білдіреді.

Үстінде «жұлдыз», астында «Қазақстан» деген жазуы бар.

Әли: Әнұран. Мемлекеттік әнұран – маңызды мемлекеттік шараларда орындалады. Әнұранды тұрып айтады, тұрып тыңдайды.

Тәрбиеші: Ел ордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Біздің еліміздің бас қаласы Астана туралы мағлұмат айту. Түсіндіру.

Астана туралы тақпақтар:

Азиз: Ел бөбегі бүлдіршін, жас баламыз.

Астанамыз, астана бас қаламыз.

Ақерке: Астана арман қала,

Бағы ба жанған қала

Тұрады ол жап - жас болып,

Мен үлкен болған да да.

Санжар: Жаса - жаса Астанам,

Өркен жол бастаған

Болашақтың есігін,

Өз қолыммен аш маған.

Арман: Қадамың бар баспаған,

Асуың бар аспаған

Халқым жетсін мұратқа,

Ей, бас қалам - Астанам.

Асылым: Шырқап көкке асқан - ән

Болашаққа бас қадам.

Қазақ рухын биіктет,

Ей, бас қалам - Астанам.

Альбина: Отанымның төрінде,

Сарыарқаның өрінде.

Ту ұстаған Астанам,

Әсем қалам - бас қалам.

Балалардың орындауында: «Вальс.»

Балалар, енді отан туралы мақал - мәтелдер айтайықшы.

Асылым: Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

Отан үшін отқа түс - күймейсің.

Отан - оттан да ыстық.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Балалардың орындауында ән: "Отан".

Ойын: «Рәміздерді құрастыру». Балалар қиылған суреттерді құрастырады.

Балалардың тақпақтары:

Айша: Сарыарқаның төсінде

Гүл жайнаған, Астанам

Ақпейілдей арнайы

Ақ тілегім, жас бала.

Даяна: Елордасы елімнің,

Қазағымның жүрегі

Астанамды бірінде,

Күллі әлем біледі.

Алихан: Жыр қып төктім өзіңе

Шумақтарын сезімнің

Әсем қала – Астанам

Құрдасымдай өзімнің.

Данил: Әуелейді асқақ ән

Болашаққа бастаған

Мәртебемсің сен менің

Айналайын Астанам.

Ассанәли: Қымбат маған есілің

Жүрегімде жүреді

Жарқын болсын ертеңнің

Осы елдің тірегі.

Әлинұр: Астанам - арман қала

Бағы бар жанған қала

Тұрады ол жап - жас болып

Мен үлкен болғанда да.

Балауса: Жаса - жаса Астанам,

Өркен жол бастаған.

Болашақтың есігін

Оң қолыңмен аш маған.

Әли: Жас астанам, жас қалам.

Тарихым бар ашпаған.

Ордасы боп ашылдың,

Ей, бас қалам - Астанам.

Айша: Барша әлемге әйгілі

Ел басымыз Нұр аға

Мақтанышы елімнің

Нұрын шашқан, Нұр қала.

Айзере: Қадамың бар баспаған,

Асуың бар аспаған.

Халқым жетсін мұратқа

Ей, бас қалам - Астанам.

Азиз: Шырқап көкке аспан - ән

Болашаққа бас қадам,

Қазақ рухын биіктен

Ей, бас қалам - Астанам.

Ән «Жаңбыр» Малика.

Ойын «Доп»: тәрбиеші сұрақ қоя отырып, бір балаға лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады.

- Ал, қане бастайық:

- Қазақстанның астанасы, қай қала?

- Астана.

- Қ. Республикасының президенті кім?

- Қасым-жомарт Кемелұлы Тоқаев.

- Біз қай елде тұрамыз?

- Қ. Р.

Балаларды мадақтау. Қонақтармен қоштасу.



Тақырыбы: **Отбасы.**

Мақсаты: «Отбасы» құндылығының маңыздылығын ашу.

Міндеттері: - отбасы туралы түсінік беру;

- отбасына деген жағымды қарым - қатынастарын дамыту;

- отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі - құралдар: Суреттер.

Шаттық шеңбері: - Қайырлы таң, балалар! мен сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. Бүгінгі сабағымызда отбасымыз туралы әңгімелесетін боламыз. Адам дүниеге келеді, айналасына қарап өседі, айтыңдаршы, сәби дүниеге келгенде ең алғаш кімді бірінші көреді?

- Анасын.

Көрнекілікпен жұмыс, слайд арқылы отбасы туралы түсінік беру.

Әңгімелесу: Балалар мен сендерге А. Асылбектің «Жанұя» өлеңін оқып берейін;

Жанұя

Сенде де бар жанұя,

Менде де бар жанұя.

Үлкенде де, кішіде,

Жанұя бар әрбір кісіде.

Балалар «Жанұя» дегенді қалай түсінесіңдер?

Таулық, сыйластық, сүйіспеншілік, шаттық

Ойын: «Көршіңе қуаныш сыйла» атты ойын ойнатылып, көңілдері көтеріледі. Ойын ырғақты әуенмен өтеді. Ойында балалар көрші достары туралы өз ойларын айтады.

Дәйексөз: «Адамға ең қымбат - отбасы» деген халық даналығын бүгінгі сабағымыздың дәйексөзі ретінде түсіндіру.

Отбасы – бұл сенің ең жақын адамдарың: атаң, әжең, әкең, анаң, бауырың, інің, әпкең.

Дәптермен жұмыс: - Дәптерде берілген үйдің терезелеріне отбасы мүшелерінің суреттерін салыңдар.(әке, ана, ата, апа, іні).

Сергіту сәті: Қимыл - қозғалыспен көрсету.

Атамның алып күрегін,

Ауланың қарын күредім.

Әжеме мен құдықтан,

Су әкеліп беремін.

Еденді де жуамын,

Шаң - тозаңды қуамын.

Қорытындылау:

- Бүгін сабақта біз отбасымызды жақсы көруге, отбасындағы адамдарды сыйлауға, көмектесуге үйрендік. Отбасы бізді жақсылыққа, әдептілікке үйрететінін білдік.

Жүректен жүрекке:

Балалар мына ойыншық жүрекшені қолымызға ұстап Н. Айтовтың өлеңін бірге айтайық:

Бір шаңырақ астында, Тату - тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран құрамыз!



Тақырыбы: Жолда жүру ережесін сақтаймыз!

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, балаларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.

Ұйымдастыру формасы: сахналау

Әдіс-тәсілдері: демонстрация-иллюстрация әдісі, әңгіме, түсіндіру ойын.

Көрнекілігі: бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер , интерактивті тақта, бағдаршам

Жоспар:

I. Ұйымдастыру бөлімі

Сәлемдесу

Психологиялық сәт.

II Негізгі бөлім

а) Кіріспе сөз: «Жол заңы»

ә) Сұрақ – жауап: «Жол ережелері»

б) Жұмбақтар шешу

в) Ойын: «Бағдаршам»

III. Қорытынды бөлім

Ән: Бағдаршам

I. Ұйымдастыру бөлімі

Психологиялық тренинг. «Достық шеңбері» сәлемдесу.

Ұл – қыз сәлем береміз,

Өнегелі өренбіз.

Біздер – қазақ баласы,

Сәлем – сөздің анасы.

Тәрбиеші:

– Балалар тақтадан не көріп тұрмыз?



Балалар: көшелер, көліктер.

Тәрбиеші: Жолдар қандай болады?

Балалар: Тегіс жолдар, кең жолдар, тар жолдар, ұзын жолдар, қысқа жолдар..

II. Негізгі бөлім

Кіріспе: жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, қыстың күні жолда сырғанап шана тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады.

Сондықтан әрбір бала «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.

Сонымен қандай бала жол ережесін бұзбайды ?

Балалар: үлгілі, тәртіпті бала.

Жұмбақтарды шешу:

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

1. Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған,
Өміріңді күзеткен,
Ысқырықпен түзеткен.
(Жолсақшысы – **Милиционер- policeman**)

2. Көше бойлап аяңдайды.
Адам тасып аялайды. (**Автобус**)

III. Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:

Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз?

Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз.

Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше, сол орында күте тұрамыз.

Жарайсыңдар балалар! Бүгінгі «**Жол ережесін сақтайық!**» атты оқу қызыметінде барлықтарын белсене қатыстыңдар. Сол үшін жолда жүру ережесімен танысты деген төсбелгімен марапатталасыңдар!

Балалар, бүгінгі сабақты қорыта келе жол ережесін бұзбай, тәртіпті сақтап, аман - есен жүрелік! Деніміз сау, еліміз тыныш болсын!



Жеміс- жидектер.

«Шалқан» ертегісін сахналау.

Шалқан ертегісі.

Ашық оқу қызметі «Шалқан» ертегісі

Білім беру саласы: Коммуникация

Ұйымдастырылған оқу - қызметі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі

Мақсаты:

Білімділік: «Шалқан» ертегісі туралы мағлұмат беру, шалқанға түсінік беру.

Дамытушылық: «Шалқан» ертегісіне сахналық қойылым көрсету. Ертегіні сахналау арқылы ой - қиялын дамыту.

Тәрбиелік: «Шалқан» ертегісін көрсете отырып, балаларға бір отбасының татулығын, бірліктерін көрсету.

Көрнекіліктер: «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерінің костюмдері, көкөністер.

Түрі: Көрініс, ертегі

Алғы сөз:

Құрметті балалар! Бүгінгі өткелі отырған «Күншуақ» ортаңғы тобының ертегілер еліне қош келдіңіздер. Бүгінгі сахналайтын ертегіміз «Шалқан» ертегісі. «Шалқан» ертегісі орыс халық ертегісі, балалар.

Ертегінің негізінен көптеген түрлері бар, олар:

1. Қиял - ғажайып ертегісі.

2. Шыншыл ертегі.

3. Жан - жануарлар туралы ертегі.

4. Тұрмыс - салт ертегісі, болып бөлінеді екен. Ал, осы, «Шалқан» ертегісі балалар, тұрмыс - салт туралы ертегі екен. «Шалқан» орамжапырақ тұқымдасына жататын екі жылдық көкөніс. Шалқанның түсі ақ немесе сары болады екен. Шалқанның құрамында ағзамызға пайдалы көптеген дәрумендер бар. Емдік қасиеті де бар. Ендеше, апайлар және балалар, мен сіздері, осы «Шалқан» ертегісін «Күншуақ» ортаңғы тобының балаларының сахналағанын көріп - тамашалауды ұсынамын. «Шалқан» ертегісінің сахналық қойылымын тамашалаңыздар.

Автор: Ерте ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде шал мен кемпір болыпты.

Бір күні атай шалқан екті де:

Атай: - Өс, шалқаным, тәтті боп өс! Өс, шалқаным, мықты боп өс!

Автор: Күндерден күн өтті, айлардан ай өтті. Шалқан өте үлкен, мықты болып өсті.

Атай шалқанды әрі тартқылайды, бері тартқылайды, жұлып ала алмайды. Сөйтіп атай көмекке әжейді шақырады. (1 - сурет)

Әже: Мен көмекке келдім.

Автор: Әжей аайдан, атай шалқаннан тартып, жұлып ала алмайды.

Әже: - Атасы, екеуміздің осыған күшіміз жетпейтін сияқты. Көмекке қызымызды шақырайық.

Автор: Сөйтіп көмекке қызын шақырады. Қызы әжесінен, әжесі аайдан, атай шалқаннан ұстап тартады. Алайда еш нәтиже болмайды.

Қызы: - Бізге көмекке тағы біреу керек сияқты. Мен күшігімді шақырайын.

Автор: Қызы көмекке күшігін шақырады. Күшігі қыздан, қыз әжесінен, әжесі

атайдан, атай шалқаннан ұстап тартқылайды. Бірақ тағы да жұлып ала алмайды. Күшік: Қанеки, біз көмекке мысықты шақырайық. Мысығым, мысығым келіп бізге көмектес.

Автор: Күшік мысығын шақырады. Мысық күшіктен, күшік қыздан, қыз әжейден, әжей аатайдан, атай шалқаннан ұстап әрі тартқылайды, бері тартқылайды. Тағы жұлып ала алмайды.

Мысық: - Менің ойымша бізге тағы да көмек керек сияқты. Тышқан, тышқан бізге көмектесші.

Автор: Барлығы бірге шалқанды тартады. Сол кезде шалқанды жерден жұлып алады. (2, 3 - сурет)

Әжей шалқанды қосып тамақ пісіреді. Бәрі дәмді тағамнан ауыз тиеді. Тышқан тамақты жеп отырып, былай дейді:

Тышқан: - Бұл тағам өте дәмді екен. Егер келесі жолы тағы көмегім керек болса, мені шақырыңдар. Мен шалқанды өте жақсы көремін.



Тақырыбы: «Сумен шынығамыз»

Мақсаты: «Су» ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашу;

Міндеттері:

- судың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру ;

Шаттық шеңбері:

Балалар шеңбер құрып тұрады. Мұғаліммен бірге төменде ұсынылған сөздерді және қымылдарды қайталайды.

Тамшы болып тамайық,
Арықпен бірге ағайық.
Көлшік болып жиналып,
Күнге қолды бұлғайық.
Күн көзімен құрғайық,
Бу боп аспан төрінде,
Бұлттар санын құрайық.
Бұлттан жаңбыр сөгілер,
Жер әлемге төгілер.

Әңгімелесу

- Су адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?
- Су болмаса тіршілік, өмір болуы мүмкін бе?
- «Судың да сұрауы бар» дегенді қалай түсінесіңдер?

СУ – адамға ең қажет тағамның бірі, су тазалық көзі, су – жан сұлулығының нәрі, су – шынығу көзі. Су болмаса тіршілік те болмайды. Өйткені адам, өсімдіктер, жан-жануарлар, аң, құстар сусыз өмір сүруі мүмкін емес.

Су-жанға сұлулық береді.

Су-көңіліңді көтереді.

Су-тазалық көзі.

Су-шынығу көзі.

Су-тағам.

- Су шөлінді қандырып, денеңді тынықтырады, шынықтырады, сергітеді, жаныңды, тәніңді таза және сұлу етеді, сондай-ақ табиғатқа сән, өмірге мән береді.

Әңгімелесу

«Судың адамға пайдасы» тақырыбында әңгімелесу

Балалармен бірге алаңға бару.

-Алдын ала дайындалған, күн көзіне жылынған шелектегі суды бастан төмен құю.

-күн көзіне жылыну.

-су себелегіш астынды тұру

-сумен ойын.

Тәрбиеші: Міне балалар, сендермен бірге біз бүгін сумен шынықтық. Сендерге шынығу ұнадыма?

Ендеше, қалған әңгімені топта жалғастырамыз. (Саппен топқа бару)

Қортынды:

Білсін мұны балалар,

Сусыз құрғақ далалар.

Сусыз қараң қалалар,

Ескертеміз бар ұлға,

Ескертеміз бар қызға

Суды босқа ағызба.

М.Хакімжанова «Су жоқ жерде өмір жоқ, ол ақиқат»

-Табиғаттың көркін ажарландырып, жер бетін саялы баққа айналдыратын, адамға қорек, нәр беретін байлық көзінің бірі-Су. Су-біздің өміріміздің көзі. Өйткені су жоқ жерде тіршілік жоқ. Суды халқымыз ерекше қадір тұтқан. Олар адамның жүрегіне жыр, көңіліне нұр, сезіміне гүл сыйлаған береке бастауы деп қараған.

Балалар су көңілдерінді көтеріп, сергіткеніне сенімдімін.



Тақырыбы: «Күн сәулесімен шынығамыз»

Білім беру аймағы: денсаулық, таным, қатынас, шығармашылық.

Бағдарлама мазмұны: Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс арқылы сымбатты болып өсуіне, ыстық-суыққа төзімді, шыныққан, шымыр болып өсуіне тәрбиелеу. Гигиена – бұл денсаулықты қорғау және тазалық сақтау туралы ғылым екенін түсіндіру. Балалардың негізгі қимыл - әрекеттерін жетілдіруге арналған ойын –сауық мақсаты:

спорттық әуенді қозғалыс жаттығулары мен ойындарды үйрету және сол үйренгендерін өз еріктерімен орындауға жаттықтыру; сондай – ақ оны орындау арқылы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Кіріспе бөлім:

Қарқыны–жылдам. Тынысы- мұрын арқылы.

Балаларды шеңберге жинап, бүгінгі күнмен сәлемдесу.

Аспан түрді түндігін,
Жерге сәуле жайылды
Неткен ашық бүгін күн,
Қайырлы күн, қайырлы!

Тәрбиеші: Бәрекелді, балалар!

Әтеш: Бұл кім? Таңертен мен айқайлаймын ғой!

Тәрбиеші: Әтеш, бұл біздің балалар!Балалар ерте тұрады таңертенгілік жаттығуды жасайды. Ия, балалар, деніміз сау болу үшін, үнемі жеке бас тазалығын сақтап, денеміз шынықтырып, дұрыс тамақтанып, күн тәртібін сақтау керек.

Әтеш: Олай болса, бірге жасайық!

Кел, балалар, кел бері
Қыздырайық денені
Алақанды ұрайық,
Оңға қарап бұрылып
Солға қарап бұрылып
Бір отырып, бір тұрып
Бой сергітіп алайық .
Кәне-кәне шынығуды,
Айналдырайық әдетке!
Шынығамыз, қорықпаймыз,
Денемізді шыңдаймыз!(қимыл-қозғалыста орындайды)

Шеңберге тұрып, дем алу жаттығуын орындау.

Ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку, ку - ка - ри - ку.

Әтеш:

Қ/о «Күн сәулесі арайлы» , «Күн мен жаңбыр»
Күн сәулесі арайлы

Біздің үйге қарайды.
Алақанды соғамыз
Күн нұрына қараймыз.
Жаңбыр жауды
Тырс, тырс, тырс.
Көшеге біз шығамыз
Аяғымыз су болып
Үйімізге қайтамыз.

Динамикалық пауза - 1-2-3, ұлпа қар ұшты!-балалар қимылын көрсетеді

1-2-3, ұшақ ұшты!

1-2-3, қоян секірді!

1-2-3, машина жүрді!

1-2-3, қонжықтар ұйықтап қалды!

Оқу іс-әрекетті қорыта келе сұрақтар қою.

- 1.Денені шынықтыру деген не екен?
- 2.Қалай шынықтырамыз?
- 3.Шынықтырудың қандай турлерін білесіңдер?
- 4.Шынығу не үшін қажет?





Жалмауызды алдаған қыздар

Ертегіні сахналау.

Ертеде бір бай болыпты. Байдың ауру әйелі және үш қызы бар екен. Бір күні әйелі науқасынан айықпастан қайтыс болады. Біраз уақыттан кейін бай үйіне басқа әйел алып келеді. Бұл әйел қатыгез адам болып шығады. Ол байдың қыздарын жек көреді. Бір күні өгей шешелері қыздарын шақырып алып:

— Шырақтарым, бүгін сендер тоғайдан жеміс теріңдер, – деп түбі тесік шелек береді. Қыздар:

— Алақай! Жеміс тереміз! – деп қуанып тоғайға кетеді. Тоғайға келіп, жеміс тере бастайды. Бірақ, терген жемістері тесік шелектен түсіп қала береді. Сол себепті қыздар тоғайда көп жүріп қалады.

Осы уақытта өгей шешелері әкесінің басын айналдырып, басқа жаққа көшіп кетеді. Кешке жақын қыздар әбден шаршап үйлеріне келсе, үй орнында жоқ болып шығыпты. Қыздар жылап-сықтап үйдің орнына түнейді. Ертеңіне осы арадан бір айнаны, тарақты, инені тауып алады. Осыларды алып қыздар жолға шығады.

Келе жатып бір жұлым үйге кезігеді. Осы жұлым үйде жалмауыз кемпір тұрады екен. Қыздар үйге кіреді. Үйдің ішінде кішкентай қыз отыр еді.

Қыздар одан:

— Үйдің иесі қайда? – деп сұрапты.

Сонда қыз:

— Бұл үйдің иесі— мен және менің шешем – жалмауыз кемпір, – дейді.

Қыздар қорқып қалады. Бірақ басқа амалы болмағандықтан кешке дейін жалмауызды күтіп отырады. Кешке жалмауыз үйіне келсе, үйде үш қыз отыр екен. Қыздарды көріп, ол қуанып қалады.

— Сендерді маған шайтан айдап әкелген шығар. Қызымыз екеуіміз бір тоятын болдық. Ал, бүгінше жатып демалыңдар, – деп оларға төсек салып береді.

Кемпір ертеңіне аң аулауға кетіп бара жатып, қыздарға:

— Маған кішкентайларыңды пісіріп қойыңдар, түсте қайтып келермін, – дейді.

Жалмауыз кемпір кеткен соң, қыздар кішкентай қызды өздерімен бірге алып қашады.

Кемпір келсе, өзінің қызы да, үйде қалған үш қыз да жоқ. Қатты ашуланған ол қыздарды қуа жөнеледі.

Бір уақытта қыздар артына қараса жалмауыз кемпір жетіп қалған екен. Жалмауыз кемпірдің қызы осы уақыттың ішінде үш қызға бауыр басып қалған еді.

— Апайлар, менің шешем жетіп қалған кезде, қолдарыңда не бар соны артқа қарай лақтырыңдар. Сол кезде оның алдынан бөгет пайда болады, – деп ақыл айтады ол.

Қыздардың үлкені кішкентай қыздың сөзін ести сала тарақты тастапты. Ол үлкен тоғай болыпты. Екінші рет жете бергенде ортаншысы инесін тастайды. Ол биік тау болыпты. Онан да кемпір өтеді. Үшінші рет кішкентай қыз айнасын тастайды. Ол үлкен көл болады. Жалмауыз кемпір бұл көлден өте алмайды. Ол көлдің екінші жағалауында тұрған қыздардан:

— Қыздар, сендер бұл көлден қайтіп өттіңдер? – деп сұрайды.

Қыздар:

— Мойнымызға тас байлап өттік, – дейді.

Кемпір қыздардың сөзіне сеніп, тас байлап суға түседі де батып кетеді. Ал, қыздар аман-есен үйін тауып, әкесіне болған оқиғаны түгел баяндап береді. Әкесі қыздарына жасаған зұлымдығы үшін әйелін қуып жібереді. Жалмауыз кемпірдің қызын асырап алады.

Осылай қыздар бірге тату-тәтті өмір сүреді.



«Ата заңым-ардағым!» ертеңгілік

«Ата заңым-ардағым!»

Тақырыбы: «Ата заңым – ардағым!»

Мақсаты: Ата заң туралы тәрбиеленушілердің түсініктерін кеңейту.

Заңның өмірмен байланысын түсіндіру. Отанын қорғауға,
сүйеге еліміздің рәміздерін қастерлеп, халқымыздың әдет-ғұрпы,

салт- дәстүрін сақтап, Ата заңымызды құрметтеп, ұлтжандылыққа,

достыққа тәрбиелеу. Сұрақ беру арқылы балалардың сөйлеу

мәдениетін жетілдіру.

Көрнекіліктер: Қазақстан Мемлекетінің рәміздер, отан туралы, заң туралы мақал
— мәтелдер буклеті, видеороликтер. т.б.

Тәрбиеші: «Ата заң»

Ата заңым,

Ата заңым — ардағым.

Аялаған адамзаттың арманын,

Жол бастайды

Болашаққа жасампаз.

Әрбір бабың, тарауларың, тармағың.

Алтын заңда — Парасатым, пайымым,

Алтын заңда – күш қуатым, жалыным,

Сен қорғайсың,

Бостандық пен құқықты,

Анамдайсың елжіреген жаны күн.

Құрметті ұстаздар, бүлдіршіндер және қонақтар Конституция күніне
арналған «Ата Заңым — ардақты» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Ел тәуелсіздік кепілі – ҚР Конституциясы қоғамның негізгі міндеттеріне сай
келетіндігін бүкіл әлем жұртшылығына мәлім.

Конституция 1995 жылы 30 тамызда бүкіл халықтық дауыс беру арқылы
қабылданды. Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің қайнар көзі — өзінің егемендік
құқығын баян етті.

Содан бері 30 тамыз елімізде Конституция күні болып мерекеленіп келеді.

Қазақстан мемлекетін қорғау бүкіл қазақ азаматының міндеті. Олар заңды сыйлап, құрметтеп жүруі тиіс.

ҚР — ң Ата Заңымызбен елдігіміздің белгісі — көк байрағымыз көкте желбіреп тұр, әнұранымыз әлемге шырқалып жүр, ал, елтаңбамыз елдігіміздің белгісі ретінде танылып жүр.

Тәрбиеші: 6 топ тәрбиеленушілерінен «Елтаңбасы елімнің» әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Елтаңбасы елімнің»

Тәрбиеші: Ел тәуелсіздігімнің кепілі – Конституция күніне орай сөз кезегі балабақша меңгерушісі Г.Баймагамбетоваға беріледі.

Тәрбиеші:

Еркін елдің Ата Заңы ардақты,
Әрбір сөзі, әрбір бабы салмақты.
Адам құқы, бостандығы, теңдігі,
Барлығында қарастырған жан – жақты.

Ендігі кезекті балалардың «Ата заңымызға» арнап айтар тақпақтарына береміз.

Мерей: Ата Заңым! Арман әнім.

Сенен асқан бар ма бағым.

Жалғыз саған байланысты

Елінде еркін самғаған.

Бекзат: Ата Заңым! Бар мұратым,

Жалғыз кие жанды ұғатын.

Жансақ бассақ жолға салып

Тәубанды еске алдыратын.

Салтанат: Бақытты болып жүргенім,

Сенің арқаң Ұлы Отан.

Елім менің тірегім

Құшағында гүл атам.

Сая: Сарқылмайтын қуатым

Тірегімсің сен Отан.

Мәңгі соғып тұратын

Жүрегімсің сен Отан.

Инайя: Туған елім гүл елім

Қасиетіңді білемін.

Өзіңе деп жүремін

Лүпілдеген жүрегім.

(Есік қағылып, қонақ келеді — Кітапханашы)

Қолында бірнеше кітабы бар.

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе, сіз кімсіз?

Кітапханашы: Сәлеметсіз, мен аудандық кітапханадан келдім. Есімім Айнұр Жалғасқызы. Осы балабақшада «Ата заңымызға» арналған мерекелік ертеңгілік болып жатырғанын естіп, менде балаларға мәлімет айтып, сұрақ қойып, сұрағыма мардымды жауап алсам, сыйлықтар үлестірмекші ниетім бар. Егер сіздерден рұқсат болса?

Тәрбиеші: Әрине рұқсат. Біз қуана – қуана тыңдауға әзірміз. Солай ма балалар?

Балалар: Ия тыңдауға дайынбыз.

Кітапханашы: Жақсы.

Балалар, біздің ата-қонысымыз мыңдаған жылдар бойына талай басқыншылықты басынан кешті. Қаншама көне қалалар, мәдени орталықтар қирады, кітаптар өртеліп, жазықсыз жандар құрбан болып, өлшеусіз қан төгілді. Бірақ қандай қырғын болса да алтын бесік ата-баба жері, атамекен ойрандалған емес. Конституция — Қазақстан республикасының негізгі заңы Республиканың президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы қысқа мерзім ішінде әзірленді. Ол халық талқылауынан өтіп, референдум арқылы өз күшіне енді. Жаңа Конституцияның өмірге келуі, жан-жақты сараптамадан өтуі Н.Назарбаевтың атымен тікелей байланысты. Конституцияның бас авторы – Назарбаев Н.Ә деп толық сеніммен айтуға болады.

Ата заңымыз бойынша мемлекет басқарушысы – президент.

— *Біз қай Республикада тұрамыз?*

-Қазақстан Республикасында.

— *Ал, біздің Президентіміз кім?*

— Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

— *Бәйтерек мұнарасы қай қалада орналасқан?*

— Астана қаласында

— *Біздің ұлтымыз кім?*

— Қазақ

— *Дұрыс айтасыңдар. Біз үлкен де, күшті мемлекет Қазақстанда тұрамыз. 130 – дан астам әр ұлт өкілдері бар. Әрбір халықтың салт – дәстүрі мен тілі бар. Ең бастысы біз, Қазақстан деген ортақ үйімізде әнімізде, сәнімізде жарасып, ынтымақ пен бірліктің нәтижесінде тату – тәтті өмір сүріп жатырмыз.*

Кітапханашы: Сендердің жауаптарың менің көңілімнен шықты. Сендерге арналған сыйлығымды ертеңгілік аяқталған соң таратып беремін. Келістік пе?

Балалар: Ия келістік

Тәрбиеші: Сізге көп рахмет. Көптеген мәліметтен құлағдар болдық. Ендеше бізбен бірге біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыз. Ендігі кезекті ата заңымызға арналған «Ата заңым» деп аталатын керемет әнге береміз.

Ән: «Ата заңым»

Тәрбиеші: Біздің балаларымыз тек ән айтып қана қоймай, биді де өте керемет билейді. Бәріміз бірге **Қазақ биін** тамашалайық.

Би: Қазақ биі

Тәрбиеші: Балалар айтыңдаршы, *Қазақстан Республикасының қандай рәміздерін білесіңдер?*

— Әнұран, елтаңба, туымыз бар.

— *Иә, балалар дұрыс айтасыңдар. Ашық аспандай көгілдір туымыз бар. Айбынды елтаңбамыз бар, мағыналы әнұранымыз бар.*

(слайд арқылы түсіндірілім)

-Қане балалар, қонақтарымызға рәміздер туралы тақпақтарымызды айтып берейікші

Жансезім: Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды

Қалқаман: Отан –деген атамекен

Отан –деген туған жер

Отан ана, Отан пана

Қазақстан туған ел!

Мирас: Көк аспанда жас қыран

Көк аспанда қызыл қыран

Естілгендей біздің үн

Сол ғарыштың астынан

Тәуекел: Елтаңбасы елімнің,

Неткен әйбат әдемі.

Тұнығындай көңілдің,

Ортада аспан әлемі.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар еліміздің рәміздерін өте жақсы білетіндерінді байқаттыңдар.

Көрініс:

Үш бала асық ойнап жүр: Тәуекел, Мерей, Бекзат.

Тәуекел: Бекзат сен бізбен ойнамайсың!

Бекзат: Неге?

Мерей: Сенің киімің жыртық, мамаң еден жуады, папаң жұмыс жасамайды, сен кедейсің.

Мерей: Ал менің папам боксер, ешкімнен қорықпайды, ал мамам саудагер, біз үлкен үйде тұрамыз, біздің үйде бәрі бар.

Тәуекел: Менің анам да, әкем де бастық, үлкен үйіміз бар, машинамыз бар, ал сенде ештеңе жоқ!

(Екеуі баланы ұрады, ол жылайды)

Заңгер: Тоқтатыңдар! ҚР -сы заңына сәйкес басқаға күш көрсетуге, оған қатал қарауға, кемсітуге, ренжітуге ешкімнің құқы жоқ.

Тәрбиеші: Балалар, сендер бұндай бұзық болмаңдар. Еліміздің ата заңын сақтап, әдепті болыңдар, үлкенді сыйлап, кішіге кішіпейіл болыңдар, Жарай ма?

Балалар: Ия жарайды

Тәрбиеші: Өте жақсы. Жарайсыңдар. Ендігі кезекті егеменді елімізге арналған «Тәуелсіз елдің ұраны» атты әнімізге береміз.

Ән: «Тәуелсіз елдің ұраны»

Би: «Тамшы»

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар, ендеше бір сәт экранға назар аударайықшы.

(көрнекі тұлғалардың құттықтауы- видеоролик)

Қане — қонақтарға, бір —бірімізге, Отанымызға арнап бізде жылы тілектерімізді айтайық.

Аспанымыз ашық болсын!

Жеріміз гүлге толсын!

Елбасымыз аман болсын!

Заманымыз тыныш болсын!

Балабақша гүлдене берсін!

Біз сіздерге сәттілік тілейміз!

— Өте жақсы тілектер екен, балалар!

Тәрбиеші: Құрметті ұстаздар, қонақтар! Сіздерді тағы да ата заңымыз қабылданған «Конституция күнімен» шын жүректен құттықтаймыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Осымен бүгінгі мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!



МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы



«БЕКІТЕМІН»

№13 «Гүлдер» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Г.Баймағамбетова

**Ортаңғы «Ақкөгершін» тобының 2022-2023 оқу
жылына арналған
жазғы маусымдық іс-шаралар жоспары**

Тексерілді:
Әдіскер: С.Мүсірепова



«БЕКІТЕМІН»

№13 «Гүлдер» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:

Г.Н.Баймағамбетова

2022-2023оқу жылындағы ортанғы « Ақкөгершін » тобы жазғы маусымға арналған оқу тәрбие жоспары.

Жаз маусымда балалардың бос уақытын ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне мейілінше қолайлы жағдай: Танымдық жан-жақты қызығушылығымен қабілетін адамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері: Бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымдағы ауарайының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (Күн, ауа, су, құм т.б.)

Шынықтыру шаралары арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу: Спорттық ептілікпен дағдысын одан ары дамыту, қимыл белсенділіктерін арттыру Жағымды көңіл күймен қолайлы орта тугыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру .

№	Апта тақырыптары	мерзімі	Жауаптылар
1	Сәлеметсіңбе, күн! Сәлем Жаз!«1-маусым балаларды қорғау күні» Ертеңгілік	01.06.2023ж	Галеева Л.С.
2	«Менің қанатты достарым» апталығы: Құстар туралы қызығушылығын арттыру.	09.06.2023ж	Галеева Л.С
3	«Гүлдер» апталығы : Біз табиғатты аялайық	15.06.2023ж	Шәріпбек З.А.
4	«Денсаулық» апталығы: Дені саудың жаны сау	22.06.2023ж	Галеева Л.С
5	«Жануарлар» апталығы: Ертегі еліне саяхат	27.06.2023ж	Шәріпбек З.А.
6	«Астана бас қала» апталығы: Жайнай бер Астана	05.07.2023ж	Шәріпбек З.А.
7	«Отбасы» апталығы : Отбасы туралы көркем әдебиет оқу	13.07.2023ж	Шәріпбек З.А.
8	«Қауіпсіздік» апталығы : Берілген тақырып бойынша көркем әдебиет оқу және сурет бойынша әңгімелеу	21.07.2023ж	Шәріпбек З.А.
9	«Жеміс жидектер» апталығы : «Шалқан» ертегісін сахналау	27.07.2023ж	Шәріпбек З.А.
10	«Су» апталығы: Көркем әдебиет оқу	04.08.2023ж	Шәріпбек З.А.
11	Көңілді күн апталығы : Сабын көпіршіктерін үрлеу	11.08.2023ж	Шәріпбек З.А.
12	«Ертегі» апталығы: Ертегі тамашалау	18.08.2023ж	Шәріпбек З.А.
13	Конституция күні: 30 тамыз Қазақстандағы ата заң тарихы	29.08.2023ж	Шәріпбек З.А.

1-мамыр Балаларды қорғау күні

Тақырыбы:– Бақытты балалық шақ» Балаларды қорғау дегеніміз - әрбір сәбидің тыныштығын қорғау,тәтті ұйқысын бұзбау,алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз.

Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту,өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға үйрету. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу. Ертегілерге деген қызығушылықтарын ояту. Эстафеталық жарыстарға белсене қатыстыру.

Көрнекілігі: жалаушалар, түрлі- түсті шарлар, бейнеленген бельброт. Сахна.

Жүргізуші: Армысыңдар балалар, бармысыңдар

Жазда келді жайнаған гүлді шыңдар

Алдыменен алайық амандасып,

Армысыңдар бәрінде бармысыңдар!

Бүгін бізде мереке қуанышта балалар,

Хош келдіңдер, хош келдіңдер, ата- аналар, қонақтар

Құрметті «Гүлдер б\б» көркі де сәні болған бүлдіршіндеріміз.!Бүгінгі төл мерекелерің құтты болсын!Болашақтарың жарқын, аспандарың ашық,елімізді өркендетер, келешектің кемеңгері болыңдар , демекпін.

Баршамызды бала тілмен баурайтын

Бала деген бір бақыт қой самғайтын

Ата- ананың арманы мен тілегін

Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын

Бүгінгі 1- маусым Балалар күніне арналған»*Бақытты балалық шақ атты»* атты мерекелік ертеңгілігімізді ашып беру үшін және бүлдіршіндерге мерекелік лебізін білдіру үшін сөз кезегін балабақша меңгерушісі Гүлмира Нарзыкулқызына береміз.

Жүргізуші: Ән айтайық қосылып

Сәбилердің бұл күні

Мақтап кетсін осы жұрт

Балалар деп үлгілі

Ән шашу : «Біз бақытты баламыз»

Жүргізуші: Балалар, бүгін бізге қонаққа бүкіл балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын жылу беретін кім келуі керек деп ойлайсыңдар .





Сайқымазақтың келуі: Бұл не деген мереке? Нені тойлап жатырсыңдар?

Жүргізуші: Бүгін бізде, 1- маусым балалар күніне арналған үлкен мерекелік шара өтіп жатыр. Бізбен бірге тойлағыларыңыз келсе, қалып тойлауға болады.

Балалар: Иә, қалдырамыз.

Сайқымазақ: Қане, балалар онда сендермен бір көңіл көтеріп ойын ойнайық.

«Күншуақ пен Гүлдер» тобы

Ойынымыздың аты «Кім жылдам?»

Ән: «Балапан» «Жұлдыз» тобы

Би: «Сұр көжегім»

«Күншуақ, Гүлдер және Қарлығаш» тобы

Ойынның шарты: Үстел үстінде тұрған ыдыстағы суды түтікшемен ішіп тауысу. Ойынға әр топтан 5 бала қатысады.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар. Бәріңіз де епті екенсіңдер.

Гүлдер тобының тәрбиеленушісі Акдидар ән орындап береді.

Сайқымазақ: «Қарлығаш» Ақкөгершін тобымен бір ойын ойнағым келіп тұр.

Балалар: Алақай!!! ойнайық.

Ойын: «Кім епті»

Жүргізуші: Олай болса, ойынымызды бастайық.

Эстафеталық ойын: «Кім мықты?»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, өте тамаша ойын болды.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, келесі кезек тағы әсем әнге беріледі. Балабақшамыздың өнерлі бүлдіршіндері орындауында Ән:«Күншуақ пен Гүлдер» тобы» Қабыл алыңыздар.

Балалар аман болсын әр үйдегі

Таусылмасын ананың әлдилері

Балапан биін билейді томпаң қағып

«Ақкөгершін» тобының сәбилері

«Балапан» биі орындайтын: «Ақкөгершін» тобы

Балалардың бақшасында бүгін той
Балаларды қорғау күні біліп қой
Ойын ойнап кезектесіп бір- бірлеп
Кел, қосылып ән шырқайық, би билеп

Ән: «Сұр көжек»

Хор: «Біз шадыман баламыз»

Жүргізуші: Йә, рас, бала болған бәрі де

Салған олар балалықтың әнін де

Бала кезін еске алып отырсақ

Өнерлі өрге жүзер талаптанып

Қыран биік самғайды қанат қағып

Адам үшін парыз ғой өнер іздеу

Жүрген соң адам деген атақты алып

Аккөгершін тобы: би

Бүгін қызық бүгін той

Бәрін оны біліп қой

Ән де салып би билеп

Жалғастырсын ойды ой

Ән: Акдидар

Жүргізуші: Ән көмейден төгілді

Қайғы бұлты шегінді

Балалармен дүние көрікті де көңілді

Ертегі «Баурсақ ертегісін» сахналау.

Жүргізуші: Жүздеріңнен

көрем шаттық арайын

Осылай болсын әрбір күнің арайың

Қадамдарың сәтті болсын балалар

Тілектерің қабыл болсын ағайын!

(Ата-аналардан бата сұрау)

Бақшаға біз гүл ексек ,

Балдырғаным, сен үшін,

Бақытыңды жыр етсек,

Балдырғаным, сен үшін

Жігіт болар, күні ертең

Балдырғаным, гүл еркем



Бақытты бол, өсе бер,

Құтты болсын мерекең! —деп, «Балауса бала бағым, шаттық пен қуаныш ордасы» атты мерекелік ертеңгілімді аяқтай келе, балаларды мерекелік дастарханға шақырамыз.

Көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп рахмет.

Тақырыбы: Менің қанатты достарым

- Мақсаты: 1. Балалар табиғатты құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету.
2. Балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, сөздік қорын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту.
3. Туған жердің табиғатын сүйуге, адамгершілікке, отанға деген сүйіспеншілігін арттырып тәрбиелеу

Меңгерілетін сөздер: сақ, ұзақ, нәзік, тұмсық

Әдіс-тәсілі: Сөздік, әңгіме

Мақсат қою

Қанатымызды сермеп-сермеп, самғап алысқа ұшамыз. Самғап келіп төмендеп қонамыз.

-Бүгін біздің тақырыбымыз «Менің қанатты достарым»-құстар жайлы әңгімелесеміз.

Сәлем деймін достарға,

Сәлем деймін құстарға.

Сәлем деймін ұстазға,

Ашық болсын айымыз.

Тату болып халқымыз,

Аман болсын балалар!

Балалар бір бірімізге
жүзбен қарап, қуаныш
сыйладық. Осы алған



—
жылы
күш

қуатымызбен сабағымызды бастайық.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Жаз айларын кім атайды?

-Жаздың ерекшеліктерін кім айтады?

— Жарайсыңдар, балалар

— Балалар, суретте нелерді көріп отырсыңдар?

— Құстарды.

— Бірінші суреттегі құстарды атайықшы.

— Тауық, қаз, үйрек

— Екінші суреттегі құстарды атайықшы.

— Қарарға, сауысқан торғай, шымшық т.б

— Жарайсыңдар, балалар.

— Балалар, жалпы құстар екіге бөлінеді үй құстары және дала құстары.

— Үй құстарын қолдан тамақтандырамыз жем, су, шөп береміз жылы қорада ұстайды. Ал Дала құстары жемтіктерін өздері тауып жейді.

Бүгінгі оқу қызметінде біздер, дала құстарының тіршілігі мен пайдасы туралы танысамыз.

біздің –досымыз, олардың пайдасы көп. Құстар өсімдікке келтіретін жәндіктермен құрт, құмырсқалармен қоректенеді, сөйтіп бау-бақша егістердің жақсы өсуіне пайда келтіреді.

Кейбір құстар далаға салқын түскенде жылы жаққа ұшып Күн жылығанда қайта ұшып Құстардың кейбірі адамға дос. бірі қарлығаш. Ол адамдарға



Құстар
бізге
зиян

кетеді.
келеді.
Соның

жақсылық ойлайды. Ол ұясын ауланың жанына салады.

-Балалар, өзіміз білетін қарғаны қарайықшы. Қарғаның екі түрі бар, ала қарға, қара қарға. Ала қарғаның қанатында, бауырында сұр түс бар сондықтан, оны ала қарға дейді. Ал қара қарғаның басы, қанаты, құйрығы мен бауыры бәрі қара болып келеді. Сондықтан оны қара қарға дейміз. Қарғалардың тұмсығы үшір, тырнақтары өткір болып келеді. Даладан түрлі тамақ қалдықтарын жеп қоректенеді.

Сауысқанның түсі қара- ала, көлемі торғайдан ірі, ұзын құйрықты құс. Жейтін қорегі басқа құстардың жұмыртқаларын, балапандарын ұрлап жейді. Қыстап қалатын құс. Балалар құстар туралы кім тапқақ біледі? Кәне айтайықшы.



Жұмбақ: Шарлап келіп даланы
Үйіме үйін салады (Қарлағаш)

-Қарлығаш қай уақытта ұшып келеді?

-Балалар күн жылынып,көктем мезгілі келгенде құстар жылы жақтан ұшып келеді.

Сергіту сәті: Ақ көгершін,көгершін.

Қолқанат құс сен едің

Бар кезіп қайт ел үшін

дүниенің көлемін

Кең

Бекіту

бойынша жұмыс

Суретте қандай құстар бейнеленген?

Көгершін қандай құс?

Бүркіт қандай құс?

-Құстар адамға ,табиғатқа үлкен
пайда әкеледі,оларға қамқор
болуымыз керек.

Қортынды:

— Балалар сендер құстар туралы
көп біледі екенсіңдер мен сендердің
білімдеріңе риза болып бүгінгі
сабаққа қатысқан балаларды
мадақтаймын.

Құстар табиғаттың керемет тіршілік

Құстар — біздің досымыз. Біздер
үнемі құстарға қамқорлық жасап, қорғап
керек.

Сурет

-

-

-



иелері.

жүруіміз

«Гүлдер» апталығы

Тақырыбы: Гүлдер әлемі.

Мақсаты: Гүлдердің түрлерімен таныстыру, гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, ойлау сезімдерін дамыту. Гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: гүлдердің суреті, даладағы гүлдер, топ гүлдер

Билингвалды компонент: гүл –цветок, бәйшешек-подснежник.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ізгі ниет болған жерде гүл тұрған, Гүл дегенін гүл емес -ол жыр тұнған. Той мереке гүл болмаса ажарсыз, Дархан дала гүлден ғана жаралған. -Балалар бүгінгі оқу қызметімізді ізгі ниетпен, жылы лебізбен, жақсы тілекпен бастасақ.	-Аспанымыз ашық болсын! -Балабақшамыз гүлге толсын! -Табиғатымыз таза болсын! -Жеріміз гүлге толсын! -Бақшамыз гүлдене берсін!
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Гүлдер әлемі». -Балалар сендер қандай гүлдің түрлерін білесіңдер? -Гүлдерді қай мейрамдарда кімге сыйлаймыз. <i>Суретпен жұмыс:</i> Мынау бәйшешек гүлі. -Ол ерте көктемде қар еріп жатқан кезде тауда гүлдейді. Түсі қандай балалар? Мынау қызғалдақ гүлі. -Ол қырда өседі. Түсі қандай? -Мынау раушан гүлі. Барлық гүлдердің патшасы, сұлулық пен әсемдік белгісі. Түсі қандай балалар? -Балалар, сендер білесіңдер ме?	-Бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ, раушан. -Аналар мейрамында, туған күнге, досымызға сыйлаймыз. -Ақ -Қызыл. -Ақ, қызыл, қызғылт.

	Гүлдер әсемділігімен көрік беріп қана қоймай сонымен қатар ауаны да тазартады. Гүлдер жайқалып өсу үшін жаңбырдың суы, күннің нұры, су қажет екен. Сөздік жұмыс: қызғалдақ, бәйшешек, бақбақ. Билингвалды компонент: гүл –цветок, бәйшешек-подснежник. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Дидактикалық ойын: «Гүл жина» Шарты: Негізгі түстерді бекіту, үлгіге қарай пішіндерді жинауды үйрету. Бөлінген пішіндердің түстеріне қарай гүлдерді жинау. Ал енді балалар біз екі топқа бөлініп жұмыс жасайық: Топтармен таныстыру: 1-ші «Шешендік өнер» тобы-өздерінің гүлдерге байланысты тақпақтарын айтады. 2-ші «Суретшілер» тобы – магнит тақтасына гүлдің суретін салады. «Шешендік өнер» тобының гүлдерге байланысты жаттаған тақпақтарын тындайық.	Жаңа сөзді меңгереді. Қайталайды: гүл – цветок, бәйшешек-подснежник. Орындарыннан тұрып, жаймен тербеліп тұрады, отырады, қолдарын жоғары көтереді. Бөлінген бөлшектерден гүлді жинайды. Екі топқа бөлінеді. Аяна: Көктем келді деп, Хабарлайтын бәйшешек. Қар астынан қылтиып, Шығатын мен бәйшешек. Анар: Жомарт мына табиғат,
--	---	--

	-Балалар сендер тақпақтарыңды өте жақсы айттыңдар. Сендерге рахмет. «Суретшілер тобы» магнит тақтасына келіп , өздеріне ұнаған гүлдердің суретін салыңдар.	Өсіргендей бізге арнап. Қып-қызыл құлпырып, Қырға өсем қызғалдақ. Мариям: Үлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппақ. Ұшып жүрген қаптап, Мен әдемі бақбақ. Магнит тақтасына гүлдің суретін салады.
Рефлексиялық-түзетушілік	<i>Қортындылау:</i> Балалар бүгін екі топта өте жақсы жұмыс жасады. Гүлдерді аялайық, қорғайық, гүлдер өте нәзік келеді. • Енді мына жүгері мен таяқшалардан гүлдерді құрастырып шығайық	Балалар мұқият тыңдайды. Балалар гүлдерді құрастырып жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек:Гүлдердің аттарын және олардың түстерін.

Нені игереді: Табиғи материалдардан гүл жасауды игереді.

Нені біледі: Гүлдердің қалай шығатынын біледі.



«Шынықсан шымыр боларсың»

1. Балалардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықтарын, күштіліктерін байқау.
2. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
3. Салауатты өмір салтын насихаттау.

Түрі: Эстафеталық жарыс

Өтілетін орны: Балабақша алаңы

Қажетті құралдары: Үлкен доптар, кедергілер, шелектер, шығыршықтар.

Өтілу барысы:

1. I. Ұйымдастыру

Тәрбиеші:

Шынықсаң шымыр

боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

азамат боласың.

Жеңімпаз болу оңай ма,
болған талайға

Болмасаң да ұқсап бақ,
Жарысқа түсіп қалайда.

Әуенмен

спортшыларымызды
алу.



бөлімі

Жақсы

Арман

қарсы

1. II. Негізгі бөлім

Тәрбиеші:

Құрметті қонақтар мен жарысқа қатысушылар, жанкүйерлер бүгінгі «Шынықсаң шымыр боласың» спорттық сайысымызға хош келдіңіздер! Көңілді жарысқа ортанғы топ балалары. Балалар 2 топтан 12 бала.

Тәрбиеші:

Жарысқа қатысатындарды шақырамыз,

Әр танды бақытпенен атырамыз.

ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға,

Жылдам да шапшаң,

Спортшыларымызды ортаға
шақырамыз.

сап түзеп, орындарына келіп тұрады)

1. «Жалын» тобы, 2. «Шымыр» тобы,



Өнерді

(әр топ

Тәрбиеші:
Ал, құрметті халайық!
Жарысты енді көріңдер.
Әділ қазы алқасы,
Әділ баға беріндер!



2. «Кенгуру»
3. «Хайуанаттарға су бер»
4. «Көңілді старт»
5. «Қырықаяқ»

Тәрбиеші:
Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!
Сайысымызды бастаймыз.
Өнер қуып топ өтер дейміз,
Бір басына өнері жетер дейміз.
Сайысқа келген топтар кезектесіп,
Таныстырып өздерін кетер дейміз.

Тәрбиеші:

1 — тур: «Өз тобыңды таныстыр»

Олай болса, ортаға «Жалын», «Шымыр» топтарын ортаға шақырамыз.

«Жалын» тобы

Таныстыру:

Жалындаймыз, жанамыз,

Біз спортшы боламыз!

Әрқашан біз мықтымыз,

Бәрін жеңіп шығамыз.

«Шымыр» тобы

Таныстыру:

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың

Тәрбиеші:

Таза ауа, спорт болсын дәріміз,
Еңбек етіп келгенінше әліміз.

«Алға» — деген бір – ақ мақсат
ұстанып,

Сайысқа аттанайық бәріміз!

Спорттық сайысымыз 5 балдық
жүйемен бағаланады.

Әр топ төмендегі турлар бойынша
сайысқа түседі:

1. «Өз тобыңды таныстыр»

Тәрбиеші:

Ойнайық, ойнайық та ойлайық!

Қатардан артта қалып қоймайық,

Белсенді болайық ортада,

Уақытты тектен — тек жоймайық!

Олай болса, екінші турымызға өтеміз.

2 — тур: «Кенгуру»

Ойынның шарты: Топ мүшелері үлкен резеңке доптың үстіне отырып кедергі арасымен айнала секіре өтіп, кері айналып қайту.
бағасы.

3 — тур: «Хайуанаттарға су бер»

Ойынның шарты: Топ мүшесі үлкен шелектердің қасына отырады, балалар кішкентай шелекпен топ мүшесінің шелегін сумен толтырады.
бағасы.

4 — тур: «Көңілді старт»

Ойынның шарты: Топ мүшелері екі екіден жұптасып, шығыршықтың ішіне кіріп, кедергілердің арасынан айнала өтіп, орындарына келу керек.
бағасы.



5 — тур: «Қырықаяқ»

Ойынның шарты: Балалар топ мүшесінің артына тіркесіп кедергілерді айналып, кері қайтып келеді.
бағасы.

III. Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:

Жарыс заңы ежелден —

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол —

Еңбектену, жалықпау.

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей,

Тараса бізге жарады, —

демекші, сайысымыздың жеңімпаздарын анықтайтын да уақыт келіп жетті. Ендеше, барша турдың қорытынды бағасын есептеп шығарып, марапаттау беріледі.

Тәрбиеші:

Құрметті ұстазымыз!

Бір тілек айтарымыз,

Берекелі заман болсын,

Балаларымыз аман болсын!

Жиырма бірінші ғасырда,

Ашық аспан астында,

Денсаулықтарыңыз мықты болсын!

Жанұяларыңыз қуанышқа толсын!

Бүгінгі «Шынықсаң шымыр боласың» жарысын,

Осымен аяқтаймыз!

Қатысқандарыңызға көп — көп рахмет!

Жақсылықта, амандықта жүздескенше!!! Сау болыңыздар!.....

«Жануарлар» апталығы:

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекет түрі: Қоршаған ортамен таныстыру, Тіл дамыту,

Тақырыбы: “Жануарлар әлеміне саяхат” (презентациясымен)

Мақсаты:

1. Жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік беру. Негізгі топтарымен (үй жануары, жабайы жануарлармен) таныстыру. Балаларға ролдік ертегі қойылым көрсету.
3. Табиғи материалдармен жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыру. Қоршаған ортаны сүйуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Әдісі

Әдістері: Түсіндіру, ойын, сұрақ - жауап, кейіптендіру

Көрнекілігі

.Көрнекілігі: педагогтар костюммен бауырсақ ертегісін сахналлау

- Жануарлар киімі

Мотивация – қозғаушы

Тәрбиешінің іс - әрекеті

Сәлемдесу.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Барша жанды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

“Біз аңдарды жақсы көреміз”

(жылулық шеңбері)

Қоян қорқақ - сәбізді жақсы көреді,

Түлкі қу - терісі оның әдемі

Аю аңқау - балды жақсы көреді.

Қасқыр батыр әрі залым келеді.

Тиін жаңғақты шағып жейді.

Бұлардың бәріде бізге тимейді.

Балалардың іс - әрекеті

Балалар бір - бірімен сәлемдесіп, амандасу рәсімін жасайды.

Балалар “Біз аңдарды жақсы көреміз” деп хормен және өз қалаулары бойынша жануарлардың ерекшеліктерін айтады

Ізденуші - ұйымдастырушы

Тәрбиешінің іс - әрекеті

Ұнтаспадан жануарлар туралы түсінік беру. (көрнекілеу арқылы түсінік беру)

Жануарлар тірі табиғаттың негізгі бөлігі. Жануарлар екіге бөлінеді: Үй жануарлары және жабайы жануарлар. Жануарлардың табиғаттағы тіршілігі ерекше әрі қызықты. Олардың адам үшін пайдасы да өте зор. Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, тауық адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады.

Жабайы аңдар - табиғи жағдайда өз бетімен тамақ тауып, тіршілік ететін жануарлар. Жабайы жануарлардың түрлері өте көп. (көрнекілік арқылы түсіндіру)

Балалардың іс - әрекеті

Балалар ұнтаспадан жануарлар түрлерімен танысады.

Жануарлардың үй жануарлары және жабайы жануарлар болып екіге бөлінетінін (оларға қандай жануарлар жатқызылатынын) меңгереді.

Жануарлар табиғаттың бір бөлігі екенін білді.

- Балалар, енді ЭО - тан "Жануарлар әлемі" туралы тыңдап көрейік.

- “Балаларын ата?”
- Мақсаты: Үй және жабайы аңдарды бір - бірінен ажыратуға үйрету;
- Шарты:
- Допты лақтыру арқылы жануарлардың баласының атын атаймыз.
- Қоян -
- Қасқыр -
- Аю -
- Жылқы -
- Сиыр,
- Қой -

Балалар допты бір - біріне лақтыру арқылы жануарлардың балаларын атайды.

Қоянның баласы - көжек,
 Қасқырдың баласы - бөлтірік,
 Аюдың баласы - қонжық
 Жылқының баласы - құлын
 Сиырдың баласы - бұзау
 Қойдың баласы - қозы

“Электронды ойын мен жұмыс жасау”

Мақсаты:

Жануарларды атап, дыбыстарын бір - бірінен ажыратуға үйрету.

- Балалар, қоян, кірпі, тиын, қасқыр, аю қайда мекендейді?
- Жабайы жануарлардың үй жануарларынан қандай айырмашылығы бар?

Аңдар бір - біріне ұқсайды ма?

Қасқыр қайда?

Аю қайда?

Түлкі қайда?

Қоян қайда?

- Балалар аю қалай дыбыстайды?

(қимылмен жүрісін салып, көрсетейікші?)

Балалар электронды ойынмен жұмыс жасайды.

Жабайы жануарлар орманда мекендейтінін балалар меңгереді.

Электронды ойыннан жануарларды тауып, қимылын, дыбысын салып көрсетеді.

Сергіту сәті:

Ормандағы аю, қонжық, ұялардан бал іздеді.

Мойындарын оңға бұрды, мойындарын солға бұрды,

Орман ішін аралады, ағаштарды шайқап көрді.

Оңға бір, солға бір, ағаштарды байқап көрді.

Аяқтарын көтеріп ап, қуанғаннан билей берді.

Оңға бір, солға бір, қуанғаннан билей берді

Сергіту жаттығуын орындайды.

Аю, қонжық қимылын салып, ұялардан бал іздейді.

Мойындарын оңға, солға бұрады.

Орман ішін аралап, ағаштарды шайқайды.

Аяқтарын көтеріп, қуанғаннан билейді.

«Жануарлар әлемінде»

(табиғи материалдармен жұмыс)

Мақсаты: қол еңбегін дамыту.

Шарты:

- Әр топқа тапсырмаларды бөліп беру;

- Қажет заттармен таныстыру;
- Электронды ойыннан үлгі көрсету;
- Тапсырманы орындауға уақыт беру;

Қажет заттар: ақ қағазға салынған жанарлар суреті, мақта, түйенің түбіті, желім.

I - топ Қоян

II - топ Түйе

Өр топ өздеріне берілген тапсырманы орындау үшін, қажетті заттармен танысады, электронды ойыннан үлгіні көріп алады, кейін тапсырмаларын орындауға кіріседі

Рефлексивті - коррекциялаушы

Қортындылау.

Балалар бүгін жануарлар туралы не білгенімізді электронды оқулық арқылы тексеріп көрейікші?

- Электронды оқулығымыз арқылы

1 Үй жануарларын тауып көрсетіп, дыбысталуын салып көрсетейікші?

2. Жабайы жануарларды топтастырып көрсетіп, дыбысталуын салып көрейік?

Бағалау.

- Жарайсыңдар балалар! Бүгін сендер үй жануарлар мен жабайы жануарларды жақсы ажырата білетіндеріңді көрсете білдіңдер.

Балалардың еңбегін бағалау, мадақтау.

(жануарлардың түрлі - түсті суреттері таратылды)

Балалар электронды оқулықтағы жануарлардың суреттері арқылы жабайы жануарларды тауып, оқулық тетіктерін басып, дыбысталуын қайталайды.



Астана – бас қала апталығы

Жайнай бер астана

Мақсаты: Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет беру.

- Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау.

- Отанға туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елін, отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан республикасының рәміздері.

Астана қаласының ғимараттары.

Әдісі: әңгімелесу, ойын жаттығулар.

Жүргізуші: Қайырлы таң балалар,

Қайырлы таң қонақтар.

Сіздерді салтанатты мереке Астана күнімен құттықтаймыз!

Жылу шеңбері: Ал енді балалар бір - бірімізге алақанымыз арқылы жылу шеңберін күн секілді жылы жүзбен күлімдеп жылы лебіз білдірейік:

Деніміз сау болсын,

Күніміз күлімдесін,

Еліміз аман болсын,

Ата - анамыз қасымызда болсын,

Бәріміз дос болайық,

Бәріміз бақытты болайық,

Аспанымыз ашық болсын.

Ән: Ән ұран.

Жүргізуші: Қане балалар орнымызға отырайық.

Біз бүгін сендермен отанымыз туралы әңгімелесеміз: Балалар отан деген сөзді қалай түсінесіңдер.

Балалар: Туған жерім, ата мекенім, отбасым, халқым.

Жүргізуші: Дұрыс балалар, отан дегеніміз біздің еліміз туған үйлеріміз, өзіміз туып өскен жеріміз.

Біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Жүргізуші: Қ. Р президенті кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жүргізуші: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қандай?

Балалар: Қазақ тілі.

Жүргізуші: Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда әр түрлі халықтармен ұлт өкілдері тұрады.

Соның ішінде қандай ұлт өкілдерін білесің?

Балалар: Орыс, өзбек, түрік, қытай.

Жүргізуші: Елімізді қандай рәміздерін білесіңдер?

Балалар: Ту. Елтаңба. Әнұран.

Жүргізуші: Ту, Елтаңба, Әнұран бір сөзбен қалай айтамыз?

Балалар: Рәміздер.

Балалар ту, елтаңба, әнұран туралы білгендерін айтады:

Наргиза: Ту. Біздің республикамыздың мемлекеттік Туы - тік төртбұрышты көгілдір түсті мата.

Тудың көгілдір түсі ашық аспан мен тыныштықты білдіреді.

Тудың ортасында күн тұр, ол жылулықты білдіреді. Күннің астында қанат жайған қыран бүркіт бар.

Жанында ою - өрнек салынған, алтын түспен берілуі тыныштықты, байлықты білдіреді.

Әсел: Елтаңба. Қазақстанның Елтаңбасы дөңгелек пішінді және Тудың түсіндей көгілдір түсті.

Оның ортасында шаңырақ бейнеленген. Күннің сәулесіндей айнала уықтар тараған. Екі жағында екі қанатты тұлпар салынған ол - қорғауды білдіреді. Бидай сабақтары тоқшылықты, молшылықты білдіреді.

Үстінде «жұлдыз», астында «Қазақстан» деген жазуы бар.

Айбар: Әнұран. Мемлекеттік әнұран – маңызды мемлекеттік шараларда орындалады. Әнұранды тұрып айтады, тұрып тыңдайды.

Жүргізуші: Ел ордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Біздің еліміздің бас қаласы Астана туралы мағлұмат айту. Түсіндіру.

Астана туралы тақпақтар:

Нұрланбек: Ел бөбегі бүлдіршін, жас баламыз.

Астанамыз, астана бас қаламыз.

С. Ақерке: Астана арман қала,

Бағы ба жанған қала

Тұрады ол жап - жас болып,

Мен үлкен болған да да.

Мағжан: Жаса - жаса Астанам,

Өркен жол бастаған

Болашақтың есігін,

Өз қолыммен аш маған.

Дәулет: Қадамың бар баспаған,

Асуың бар аспаған

Халқым жетсін мұратқа,

Ей, бас қалам - Астанам.

Айбар: Шырқап көкке асқан - ән

Болашаққа бас қадам.

Қазақ рухын биіктет,

Ей, бас қалам - Астанам.

С. Қолғанат: Отанымның төрінде,

Сарыарқаның өрінде.

Ту ұстаған Астанам,

Әсем қалам - бас қалам.

Балалардың орындауында: « Вальс.»

Балалар, енді отан туралы мақал - мәтелдер айтайықшы.

Алуанай: Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

Отан үшін отқа түс - күймейсің.

Отан - оттан да ыстық.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Балалардың орындауында ән: "Отан".

Ойын: «Рәміздерді құрастыру». Балалар қиылған суреттерді құрастырады.

Жансаяның орындауында ән «Ертегілер».

Балалардың тақпақтары:

Айым: Сарыарқаның төсінде

Гүл жайнаған, Астанам

Ақпейілдей арнайы

Ақ тілегім, жас бала.

Даяна: Елордасы елімнің,

Қазағымның жүрегі

Астанамды бірінде,

Күллі әлем біледі.

Кәусар: Жыр қып төктім өзіңе

Шумақтарын сезімнің

Әсем қала – Астанам

Құрдасымдай өзімнің.

Бекасыл: Әуелейді асқақ ән

Болашаққа бастаған

Мәртебемсің сен менің

Айналайын Астанам.

Назерке: Қымбат маған есілің

Жүрегімде жүреді

Жарқын болсын ертеңнің

Осы елдің тірегі.

Мансур: Астанам - арман қала

Бағы бар жанған қала

Тұрады ол жап - жас болып

Мен үлкен болғанда да.

Нұрсәуле: Жаса - жаса Астанам,

Өркен жол бастаған.

Болашақтың есігін

Оң қолыңмен аш маған.

Меруерт: Жас астанам, жас қалам.

Тарихым бар ашпаған.

Ордасы боп ашылдың,

Ей, бас қалам - Астанам.

Е. Айша: Барша әлемге әйгілі

Ел басымыз Нұр аға

Мақтанышы елімнің

Нұрын шашқан, Нұр қала.

Диас: Қадамың бар баспаған,

Асуың бар аспаған.

Халқым жетсін мұратқа

Ей, бас қалам - Астанам.

Еркеназ: Шырқап көкке аспан - ән

Болашаққа бас қадам,

Қазақ рухын биіктен

Ей, бас қалам - Астанам.

Түрік биі.

Ән «Жаңбыр» Малика.

Ойын «Доп»: жүргізуші сұрақ қоя отырып, бір балаға лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады.

- Ал, қане бастайық:

- Қазақстанның астанасы, қай қала?

- Астана.

- Қ. Республикасының президенті кім?

- Н. Ә. Назарбаев.

- Біз қай елде тұрамыз?

- Қ. Р.

Балаларды мадақтау. Қонақтармен қоштасу.

*Сау болыңыздар





«Отбасы» апталығы:

Тақырыбы: «Менің отбасым» туралы көркем әдебиет оқу

Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;

Білімділік: балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру,

Дамытушылық: әр түрлі тапсырмалыр, ойындар арқылы, мақал-мәтел жаттатқызу арқылы тілдік қорларын дамыту, өз ойларын айқын жеткізуге, үш тілділікке үйрету.

Тәрбиелік: үлкендерді сыйлауға, кішілерді құрметтеуге, қамқорлыққа, бір-бірімізге жақсылық жасауға тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: отбасы суреттері, балалардың отбасылық фотосуреттері, дидактикалық ойын "Бұл кімге тиісті", интерактивті тақта.

Қостілдік компонент: отбасы-семья-family, ана-мама-mother, әке-отец-father

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, ойын.

Әрекет кезеңдері	Педагогтыңіс-әрекеті	Баланыңіс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі: “Қайырлы күн” деп айтамыз, Түсте бірге қайтамыз. Отбасының гүліміз. Көңілді өтер күніміз.	Балалар ұйымдастыру кезеңін қимылмен, іс-әрекетпен дене мүшелері арқылы көрсетеді.
Іздену ұйымдастырушылық	Күтпеген сәт: «Қонаққа Дымбілместің келуі». Балалар қарандаршы бізге бүгін қонаққа Дымбілмес келіпті. - Сәлеметсің бе Дымбілмес? Дымбілмес: - Сәлеметсіңдер ме? Балалар маған сендерден көмек керек. Білгішбек екеуіміз бәстестік. Егерде мен оның берген жасырған жұмбақтарын шешіп берсем, ол мені өзінің «Білгіштер» тобына қабылдайды. /жылайды/ Енді қайттім, мен қанша оқысам да басыма түк кірер емес. - Дымбілмес жылама, Балалар не істейміз? Дымбілмеске қол ұшымызды береміз бе? - Рахмет, балалар. Міне, Білгішбектің тапсырмалары: 1-жұмбақ: <u>Кім</u> отыр кәріміз, Қуат берер дәріміз. Әулиедей аялап, Ардақтаймыз бәріміз! 2-жұмбақ: <u>Кім</u> менің асыл жан Жақсылыққа үйретіп, Жамандықтан шектейді. <u>Кімге</u> ешкім жетпейді! 3-жұмбақ: <u>Кімім</u> менің ардақты	Балалар аң-таң болып қарайды. Сәлеметсіз бе. Иә, көмектесейік. Қол ұшымызды береміз. Ата-дедушка-grandfather Әже-бабушка-grandmother

	<i>Алтыннан да салмақты Қиын-қиын жолдардан Қорықпаймын ол барда Кім деген ардақты ат Өтемін оны ардақтап. 4-жұмбақ:</i> <i>“Кімім” – деп балаң жсырын арнаған Неге ғана естімеген тәтті үнін Кімім менің – өмірдегі тірегім Кімім менің – кеудемдегі жүрегім Егер менің қасымда сен болмасаң Бұл өмірде қалай ғана жүремін.</i> Балалар біз жұмбақтың дұрыс жауабын таптық. Дымбілмес: - Рахмет балалар. Алақай, мен енді «Білгіштер» тобына қабылданам. Балалар сендер маған көмектестіңдер. Енді мен Білгішбекке барып жауабымды айтайын. Сау болындар. - Балалар, біз кімдер туралы айтып отырмыз. Бір сөзбен қалай атаймыз? - Өте жақсы балалар, отбасы мүшелері. Отбасы - адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Олар бізге осы дүниедегі ең жақын,бізді әркезде қолдап,қол ұшын беріп,көмектесетін,ақыл айтатын,жаман мен жақсыны,оңмен солды үйрететін ең жақын адамдар./баяу ән қосылып тұрады/ Қане балалар,біраз сергіп алайық. Сергіту сәті: Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым папам Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыршүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтінде кімдер туралы айттық? Иә, дұрыс айтасындар сендердің әрқайсыларыңның өз отбасыларың аналарың, әкелерің, апайларың, ағаларың, қарындастарың,і нілерің бар. Сендер оларды қатты жақсы көресіңдер ме? /отбасы мүшелерін айта отырып баларға суреттерін көрсету/	Әке-отец-father Ана-мама-mother Сау болыңыз. - Отбасы,отбасы мүшелері. Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым папам Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыршүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды. Әке, аға, ана, әже, ата туралы. Иә, жақсы көреміз. Қатты жақсы көреміз.
--	--	--

	Жақсы, ендеше балалар сендерге үйге әрине, ата-аналардың көмегі арқылы отбасылық сурет галлерейасын жасап келулерінді ұсынғам. /көрмеге назар аударамыз/ Жақсы балалар, кім маған өз отбасы туралы айтып береді? Дидактикалық ойын. «Қай зат кімдікі» Шарты: Берілген отбасы мүшелерінің суреттерінің тұстарына балалар өзіне тиесілі заттарын алып жанына қояды./тапсырма интерактивті тақта арқылы орындалады./ Мақсаты: ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге, кімге қай зат тиесілі екенін табуға, балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Жақсы балалар, сендер ойынды өте жақсы ойнап шықтындар. Балалар,ерте заманнан мынандай мақал бар «Ақылды қария - ағып жатқан дария».Бұл мақалды қалай түсінесіңдер. Міне, мынау қария-ол атамыз. Ата дегенде бірден ойға қандай ой келеді. Керемет балалар. Иә, біздің отбасымызда ең үлкені, сыйлыда сыйымды, ақылшымыз,ол әрине қариямыз-атамыз. Ал, дария дегенді қалай түсінеміз. Өте жақсы Аяулым. Суы мол, көлемі кең өзен, көл, теңіз «дария» аталатындығын түсіндірме сөздіктен білеміз. «Дария біздің елдің ұғымында теңізден кіші, өзеннен үлкен су». Ал, су балалар таза болады,су бір орнында тұрмай сарқылып ағып жатады екен. Ендеше қариямыз дариядай жылдар бойы жинаған ақылын бізге айтып отырады екен. Ендеше балалар осы мақалды жаттап алайық. «Ақылды қария - ағып жатқан дария».	Томирис, Инжу, Дарина, Айдын, Султан өз отбасы жайлы ата-аналармен жасалған альбомдарын көрсетіп, өз отбасы туралы шағын әңгімелеп береді. Данияр байлауышты алып әженің жанына апарып орналастырады. Мусаэль көзілдірік пен кітапты атаның жанына апарып орналастырады. Балалар ойынды қызыға ойнайды. Дария: Менің атам өте ақылды адам. Асанали: Ал менің атам мені еркелетеді. Жадыра: Менің атам мен қалаған затты алып береді. Мусаэль: Менің атам маған көп әңгімелер мен ақылдар айтады. Аяулым: дария таза дегенді білдіреді «Ақылды қария - ағып жатқан дария» балалар бірнеше рет қайталап айтады.
Рефлексивті-корригиялық	- Балалар бүгін біз кімдер туралы айттық? Ойын: «Жылулық лебізі» Балалар бәріміз жылулық шеңбер құрып, атаналарың сендерге қандай жылы сөздер немесе еркелетіп айтатын сөздерін айту керексіңдер. Мысалы мен балама «күн шуағым» деп айтам. - Міне, балалар қандай әдемі жылы сөздермен сендерді отбасыларың аялап айтады,біздің жылулық шеңберімізде	Отбасы мүшелері туралы Дарина: жаным менің. Султан: күнім менің. Айару: жапалағым менің. Бекарыс: арыстаным менің. Перизат: жаным мен сені жанымдай жақсы көремін.

	жылы лебізбен толы болды. Ал, сендер өз отбасыларыңды қандай отбасы деп ойлайсыңдар? Жаксы сөздермен қорытындылайық. Сендердің ата – аналарың, туыстарың жандарыңда, ал сендер бақыттысыңдар ма? Ендеше баріміз бір дауыспен «Біз бақытты балалар»әнімен оқу қызметін аяқтайық.	- Тату-тәтті, бақытты, қуанышқа толы, мейірімге толы. - иә Балалар көтеріңкі көңіл-күймен айтып береді.
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Өз отбасы мүшелерін танып білуді, отбасы мүшелерін олардың аталуын, сұраққа жауап бере алады, көмек көрсете біледі.

Істей біледі: Өз ойларын жеткізе алады, суретпен жұмыс жасай алады,интерактивті тақтамен жұмыс істей алады. Өз ойларын емін-еркін айта алады, мақал-мәтелмен жұмыс жасай алады.



Балаларға Ноутбуктан өз отбасы жайлы түсіндіруде



Балалар отбасы жайлы сурет салуда

«Қауіпсіздік» апталығы

Берілген тпқырып бойынша көркем әдебиет оқу ж\е сурет бойынша әңгімелеу

1. Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру.
2. Үйде, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту.
3. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу.

Қолданатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: қауіпті жағдайлар туралы суреттер, ойыншық немесе құрал-саймандар (балға, балта, шеге, қайшы).

Сөздік жұмыс: қауіпсіздік.

Билингвальды компонент: қауіпсіздік ережелері-правила безопасности, жүгіруге болмайды-нельзя бегать, сөйлеуге болмайды-нельзя разговаривать.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балалармен бірге шеңбер құрады. «Танысайық» ойыны.	Жүргізуші допты бір балаға лақтырып, атын сұрайды. -мына баланың аты кім? Балалар хормен атын атайды. Осылай, кезекпен ойын жалғаса береді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Қонаққа «Сақтаныш» келеді. Қолын таңып алған. -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің атым-Сақтаныш. Мен балабақшада қатты жүгіріп, қолымды жарақаттап алдым. -балалар, біз Сақтанышқа қауіпсіздік ережелерін түсіндірейік. Ал, сендер білесіңдер ме, қауіпсіздік деген не? -иә, балалар, сендер әр уақытта әртүрлі жағдайларға тап болуларың мүмкін. Бүгін біз, егер сондай жағдайларға ұшырасаңдар, одан қалай шығуға болатын жағдайларды қарастырамыз.	Балалар Сақтанышпен амандасып, қолына не болғанын сұрайды. -қауіпсіздік деген-өзіңді қорғау және сақтау.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	-өмірде қандай қауіпті жағдайлар болуы мүмкін. <i>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.</i> Балаларға әртүрлі қауіпті жағдайлар боатын суреттерді көрсетеді. -мына суреттерден көріп тұрғанда- Рыңдай, барлық жерде әртүрлі қауіпті жағдайлар болуы мүмкін. <i>әртүрлі жағдаяттарды шешу.</i> <i>Билингвальды компонент:</i> қауіпсіздік ережелері-правила безопасности, жүгіруге болмайды-нельзя бегать, сөйлеуге болмайды-нельзя разговаривать. -көз алдарыңа елестетіңдер, сендер үйде жалғыз отырсыңдар. Танымайтын бір әйел есікті қағып, ашуды өтінді. Сендер не айтасыңдар? -қайсы жауап дұрыс деп ойлайсыңдар? -сендер үйде отырғанда, кенет өрт шықты. Сендердің іс-әрекеттерің қандай болады? Сақтаныш: -апай, мен айтайыншы? -Сақтаныш, айта ғой. -төсектің асытна тығылып қаламын. -балалар, Сақтаныштың жауабы дұрыс па? Педагог үстел үстіне құрал-саймандарды: балға, балта, шеге, біз, қайшы, сіріңке қояды. <i>«Жақсы-жаман» ойыны.</i>	Балалар суреттердегі жағдайларды әңгімелейді. -үйден өрт шығуы мүмкін. -қатты жүгірсең, құлайсың. -сынған әйнекке аяғыңды жаралап аласың. -жылан шағып алуы мүмкін. Жағдаятты балалар педагогтің көмегімен сахналайды. -балалар әртүрлі жауаптар айтуы мүмкін. -анам үйде жоқ, қазір келеді. -есікті ашып, әйелді кіргіземін, үндемей отырамын. Балалар дұрыс жауапты таңдап, оны талқыға салады. -телефонмен 101 нөміріне хабарласып, үйдің мекенжайын, нөмірін толық хабарлау керек. -балалар ойыншық телефоннан 101 нөмірін қалай теру керек екенін көрсетеді. Балалар құрал-саймандардың не үшін, қалай пайдаланатынын түсіндіреді. Олардың пайдалы жағын және қауіпті жағын айтады. Балға-жақсы, бірақ қолды ұрып алуың мүмкін. Балта-жақсы, бірақ қолыңды шауып алуың мүмкін.

	-бұл заттардан зардап шекпес үшін не істеу керек? -ал, Сақтаныш, сен қолыңды қалай жараладың? -не үшін жүгірдің? -асығу қауіпті. Біз баратын жерімізге жүгірмей, жәй жүрсек те жетеміз. -Сақтаныш, балабақшада қай уақытта жүгіруге болады? -балалар, мүмкін сендер білерсіңдер? -сендер балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін білесіңдер. Педагог апайларың күнде қайталайды, әрбір уақытта естеріңе салып отырады. Сол ережелерді Сақтанышқа айтып беріңдер, ол да біліп жүрсін.	Шеге-жақсы, бірақ абай болмасаң, денені жарақаттауы мүмкін. Қайшы-жақсы, бірақ абай болмасаң, жарақаттанып қалуың мүмкін. Сіріңке-жақсы, бірақ абай болмасаң, өрт шығуы мүмкін. Құрал-саймандарды ұқыпты пайдалану керек. -мен апайды тыңдамай, жүгіремін деп құладым. -асықтым. -ойланып қиналады. Дене шынықтыру сабағында, серуенге шыққанда, ойнағанда жүгіруге болады. -балалар ережелерді естеріне түсіріп, Сақтанышқа айтып береді. -қол жуатын жерде ойнап, бір-бірін итеруге болмайды, тайып құлауың мүмкін. -апайдың рұқсатынсыз жүгіруге болмайды, жарақаттанасың. -тамақ ішкенде сөйлеуге болмайды, қақалып қалуың мүмкін. -қол еңбегімен айналысқанда қайшыны ұқыпты пайдалану керек. -биік орындыққа, шкафқа, терезенің ернеуіне шығуға болмайды.
--	--	---

	Сақтаныш: -балалар, бұл ережелерді тек балабақшада ғана сақтау керек пе? Сақтаныш, педагогтің құлағына сыбырлайды. Педагог: -балалар, Сақтаныш сендерге өлең оқып бергісі келіп тұр. Ойна, балам, болмай алаң, Ештеңеден қауіптенбей. Бала болғын жалындаған, Жайнай түссін, бейне гүлдей. Қауіпсіздік ережесін, Барлық жерде сақтай білгей. <i>Сергіту сәтін өткізу.</i> Сақтаныш балалармен бірге сергіту жаттығуын жасап, балалармен қоштасады.	-есікпен ойнауға болмайды, қолыңды қысып қалуы мүмкін. -бұл ережелерді үйде де сақтау қажет. Сақтаныш: -балалар, сендерге рақмет, мен бұл жерден көп нәрсені үйрендім. Енді апайды, үлкендерді тыңдап, жақсы бала боламын деп уәде беремін. Сау болындар!
Рефлексиялық-түзетушілік	Педагог балалардан «Сақтықта-қорлық жоқ» деген мақалдың мағынасын қалай түсінгендерін сұрайды. Оқу іс-әрекетін қорытындылап, балаларды мадақтайды.	Балалар педагогтің көмегімен қай жерде болмасын, сақтық керектігін, сонда ешқандай қауіп болмайтындығын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: қиын жағдайлардан шығудың дұрыс жолдарын іздейді, өзіне-өзі көмек беру дағдысын.

Түсінеді: қоршаған ортаға бейімделу және әрқашан қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін.



«Жеміс жидектер» апталығы :

«Шалқан» ертегісін сахналау

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі

Мақсаты:

Білімділік: «Шалқан» ертегісі туралы мағлұмат беру, шалқанға түсінік беру.

Дамытушылық: «Шалқан» ертегісіне сахналық қойылым көрсету. Ертегіні сахналау арқылы ой - қиялын дамыту.

Тәрбиелік: «Шалқан» ертегісін көрсете отырып, балаларға бір отбасының татулығын, бірліктерін көрсету.

Көрнекіліктер: «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерінің костюмдері, көкөністер.

Түрі: Көрініс, ертегі

Алғы сөз:

Құрметті балалар! Бүгінгі өткелі отырған «Күншуақ» ортаңғы тобының ертегілер еліне қош келдіңіздер. Бүгінгі сахналайтын ертегіміз «Шалқан» ертегісі. «Шалқан» ертегісі орыс халық ертегісі, балалар.

Ертегінің негізінен көптеген түрлері бар, олар:

1. Қиял - ғажайып ертегісі.

2. Шыншыл ертегі.

3. Жан - жануарлар туралы ертегі.

4. Тұрмыс - салт ертегісі, болып бөлінеді екен. Ал, осы, «Шалқан» ертегісі балалар, тұрмыс - салт туралы ертегі екен. «Шалқан» орамжапырақ тұқымдасына жататын екі жылдық көкөніс. Шалқанның түсі ақ немесе сары болады екен. Шалқанның құрамында ағзамызға пайдалы көптеген дәрумендер бар. Емдік қасиеті де бар. Ендеше, апайлар және балалар, мен сіздері, осы «Шалқан» ертегісін «Күншуақ» ортаңғы тобының балаларының сахналағанын көріп - тамашалауды ұсынамын. «Шалқан» ертегісінің сахналық қойылымын тамашалаңыздар.

Ролдерде ойнағандар:

Автор: Байбатыр Ақлима.

Шалқан: Кәдірберді Ақторғын

Атай: Саматұлы Марғұлан

Әжей: Көшербай Айзере

Немере қызы: Түлейбай Айназ

Күшік: Токсанбай Ертарғын

Мысық: Өсер Әмина

Тышқан: Базарбай Айназым

Автор: Ерте ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде шал мен кемпір болыпты.

Бір күні атай шалқан екті де:

Атай: - Өс, шалқаным, тәтті боп өс! Өс, шалқаным, мықты боп өс!

Автор: Күндерден күн өтті, айлардан ай өтті. Шалқан өте үлкен, мықты болып өсті. Атай шалқанды әрі тартқылайды, бері тартқылайды, жұлып ала алмайды. Сөйтіп атай көмекке әжейді шақырады. (1 - сурет)

Әже: Мен көмекке келдім.

Автор: Әжей атайдан, атай шалқаннан тартып, жұлып ала алмайды.

Әже: - Атасы, екеуміздің осыған күшіміз жетпейтін сияқты. Көмекке қызымызды шақырайық.

Автор: Сөйтіп көмекке қызын шақырады. Қызы әжесінен, әжесі атайдан, атай шалқаннан ұстап тартады. Алайда еш нәтиже болмайды.

Қызы: - Бізге көмекке тағы біреу керек сияқты. Мен күшігімді шақырайын.

Автор: Қызы көмекке күшігін шақырады. Күшігі қыздан, қыз әжесінен, әжесі атайдан, атай шалқаннан ұстап тартқылайды. Бірақ тағы да жұлып ала алмайды.

Күшік: Қанеки, біз көмекке мысықты шақырайық. Мысығым, мысығым келіп бізге көмектес.

Автор: Күшік мысығын шақырады. Мысық күшіктен, күшік қыздан, қыз әжейден, әжей атайдан, атай шалқаннан ұстап әрі тартқылайды, бері тартқылайды. Тағы жұлып ала алмайды.

Мысық: - Менің ойымша бізге тағы да көмек керек сияқты. Тышқан, тышқан бізге көмектесші.

Автор: Барлығы бірге шалқанды тартады. Сол кезде шалқанды жерден жұлып алады. (2, 3 - сурет)
Әжей шалқанды қосып тамақ пісіреді. Бәрі дәмді тағамнан ауыз тиеді. Тышқан тамақты жеп отырып, былай дейді:

Тышқан: - Бұл тағам өте дәмді екен. Егер келесі жолы тағы көмегім керек болса, мені шақырыңдар.
Мен шалқанды өте жақсы көремін.



Тақырыбы: «Су апталығы».

МАҚСАТЫ: Балаларға су тіршілік көзі екенін үйрету. Сумен ойнайтын ойындардың ережесін сақтай отырып, балалардың қимыл - қозғалысын, икемділігін, шапшаңдығын арттыру. Достыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

КӨРНЕКІЛІГІ: Нептун киім үлгісі, су құятын ыдыстар, сүзгі, су тапаншасы, сабынды көпіршіктер, шелектер, жасанды бассейн.

ЖҮРГІЗУШІ: Күн күлімдеп жел ойнайды,

Толқындар көңілді шулайды

Нептунға қонақтар асыға келеді

Балалармен қыздардың топтары.

ЖҮРГІЗУШІ: Балалар бүгін қандай күн?

БАЛАЛАР: Нептун күні.

ЖҮРГІЗУШІ: Сендер Нептунның кім екенін білесіңдер ме?

БАЛАЛАР: Ол көл патшасы.

ЖҮРГІЗУШІ: Олай болса Нептунды шақырайық.

БӘРІ: Нептун теңіз патшасы

Келе ғой, келе ғой, келе ғой.

НЕПТУН: Сәлеметсіздер ме балалар, құлағыма жетті, бұл мереке менің құрметіме арналған екен.

Мен Нептун – көл патшасы, мерекелерің келіп тұрмын.

ЖҮРГІЗУШІ: Көл патшасы, сіздің құрметіңізге балалар тақпақтар айтып береді.

А. АРУЖАН: Су тіршілік негізі

Онсыз өмір сүрмейсің

Гигиена егізі –

Су деп және білгейсің.

САЯЖАН: Жер шары дәу әлем

Қоршалған ауамен

Ауасыз тұншығар

Өмір сүріп тамаша

Қуанайық балаша

РАХМАН: Үйде ванна, душ болса,

Салқын сумен құйынған

Ыстық сумен шомылсаң,

Салқын сумен шайынғын.

НЕПТУН: Жарайсындар, балалар. Мен сумен ойындар ойнағанды жақсы көремін. Олай болса ойындарыңызды тамашалап, сендермен бірге ойнайын.

ЖҮРГІЗУШІ: Бүгінгі ойынымызға «Жұлдызша» тобы және «Ақтиін» тобы балалары қатысады.

1 - ОЙЫН: «Су тасушылар». Балалар бос шелегімен мәреге барады. Шелегін суға толтырып, келесі балаға шелегін береді. Келесі бала суды мәредегі ыдысқа төгеді.

2 - ОЙЫН: «Кім жылдам» Қолында сүзгі ыдыстарға суда тіршілік ететін жануар, құстарды өз жәшігін тасиды.

3 - ОЙЫН: «Сукұйғыштар». Қолында кесе толы су мәредегі банканы суға толтырады.

4 – ОЙЫН: «Мергендер». Екі топ су тапаншасынан бір - біріне су шашады.

5 - ОЙЫН: «Суда жүзушілер». Жасанды бассейнде әр топтан 2 баладан суда жүзеді.

ЖҮРГІЗУШІ: Нептун сізге балаларымыздың ойындары ұнады ма?

НЕПТУН: Әріне ұнады. Өте тамаша, қызықты сумен ойындар ойнадыңдар. Менің де сендерге сыйлығым бар. Міне сендерге сабынды көпіршіктер. Сендер сабынды көпіршіктерді үрлеп көңілді көпіршіктерді тамашалаңдар.

БАЛАЛАР: Рахмет, Нептун – көл патшасы.

Балаларды мақтау, рахмет айту.





Көңілді күн апталығы

Музыкалық ойын - сауық: «Көңілді күн»

Өткізілетін орны: Балабақша ауласы

Мақсаты: Балаларға ойын ойнатып, билетіп, ән айтқыза отырып, мерекелік көңіл - күй сыйлау.

Белгілі бір ойын шартын орындау дағдыларын шыңдау. Әр баланың қимыл - қозғалыс белсенділігін арттыру. Ұжымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Барысы:

Жүргізуші: — Қайырлы күн, балалар! Бүгін біз үшін ерекше күн! Балалар көптен күткен көңілді жаз мезгілі келді. Жаз мезгілі сендерге ұнай ма? Ұнайтын болса қол соғындаршы.

Қане, сендердің алақан дыбыстарын естілмей тұр. Қаттырақ қол соғайық!

Міне, керемет! Ендеше, осындай көтеріңкі көңіл - күймен «Көңілді алақандар мерекесін» бастаймыз!

Флешмоб «Топ - топ балақан»

Микки Маус пен қоян самокатпен жүгіріп келеді.

Қоян: — Балалар, балалар, сәлеметсіңдер ме?

Жүргізуші: — Қоян, неге сонша асығыссың? Қайдан келе жатырсың?

Қоян: — Мен бар ғой, мен, мен зообақтан келе жатырмын. Ол жақтан көптеген жануарларды көрдім. Қандай жануарларды көргенімді айтып берейінші сендерге. Соны сендерге айтып, көрсетуге асығып жеткенмін.

«Теңбілдер» жаттығуы

Микки Маус: — Туу, балалар, сендермен жаттығу жасаған қатты ұнап қалды. Тағы да жаттығу жасайықшы.

Хоровод: «Ручки - руки»

Сайқымазақ шығыршықтарын айналдырып келеді.

Сайқымазақ: — Сәлем, менің көңілді достарым! Менің көңіл - күйімнің көтеріңкілігі сонша, сендермен ойын ойнауға асығып келдім. Менің қолымдағы не екенін білесіңдер ме?

Балалар: — Шығыршықтар.

Сайқымазақ: — Ендеше, осы шығыршықтармен ойын ойнауға қалай қарайсыңдар?

Балалар: — Келісеміз, ойнайық!

Ойын: «Кім жылдам?» II кіші топтар: Құлыншақ, Қошақан, Балғын бөбек.

Мақсаты: Шапшандыққа, дәлдікке баулу.

Шарты: Қатар - қатар қойылған шығыршықтарды балалар әуен ырғағымен айналып жүреді, әуен тоқтағанда шығыршыққа жұптасып тұра қалулары керек. Осылайша шығыршықтар саны азая береді, үлгермеген балалар ойыннан шығады.

Сайқымазақ: — Қандай, алғыр балалар! Енді мен мына жердегі кіп - кішкентай, сүп - сүйкімді балалармен ойын ойнаймын

Ойнаймыз ба.?

Балалар жауабы.

Ойын: «Түрлі - түсті доптар» I кіші топтар: Қонжықтар, Балапан.

Мақсаты: Балаларға түстерді ажыратуға үйрету. Жылдамдыққа, шапшандыққа баулу.

Шарты: Түрлі - түсті доптарды түстеріне қарай себетке жинау.

Сайқымазақ: - Жарайсыңдар, балалар! Менде жинаймын деп шаршап қалдымғой.

Жүргізуші: — Жарайсыңдар, балалар! Ойын ойнап шаршаған боларсыңдар. Ендеше бір тынығып алайық.

Хоровод: «Бір оңға, бір солға»

Сайқымазақ: - Сендер менімен бірге бүгінгі күнді көңілді өткіздіңдер. Біздің сендерге арналған сыйлығымыз бар. Қош сау болыңдар!

Жүргізуші: - Балалар сендерге көп - көп рахмет келесі кездескенше.

Қош сау болыңдар!



Ертегіні апталығы: Ертегіні тамашалау

Ертеде бір бай болыпты. Байдың ауру әйелі және үш қызы бар екен. Бір күні әйелі науқасынан айықпастан қайтыс болады. Біраз уақыттан кейін бай үйіне басқа әйел алып келеді. Бұл әйел қатыгез адам болып шығады. Ол байдың қыздарын жек көреді. Бір күні өгей шешелері қыздарын шақырып алып:

— Шырақтарым, бүгін сендер тоғайдан жеміс теріңдер, – деп түбі тесік шелек береді. Қыздар:

— Алақай! Жеміс тереміз! – деп қуанып тоғайға кетеді. Тоғайға келіп, жеміс тере бастайды. Бірақ, терген жемістері тесік шелектен түсіп қала береді. Сол себепті қыздар тоғайда көп жүріп қалады.

Осы уақытта өгей шешелері әкесінің басын айналдырып, басқа жаққа көшіп кетеді. Кешке жақын қыздар әбден шаршап үйлеріне келсе, үй орнында жоқ болып шығыпты. Қыздар жылап-сықтап үйдің орнына түнейді. Ертеңіне осы арадан бір айнаны, тарақты, инені тауып алады. Осыларды алып қыздар жолға шығады.

Келе жатып бір жұлым үйге кезігеді. Осы жұлым үйде жалмауыз кемпір тұрады екен. Қыздар үйге кіреді. Үйдің ішінде кішкентай қыз отыр еді.

Қыздар одан:

— Үйдің иесі қайда? – деп сұрапты.

Сонда қыз:

— Бұл үйдің иесі— мен және менің шешем – жалмауыз кемпір, – дейді.

Қыздар қорқып қалады. Бірақ басқа амалы болмағандықтан кешке дейін жалмауызды күтіп отырады. Кешке жалмауыз үйіне келсе, үйде үш қыз отыр екен. Қыздарды көріп, ол қуанып қалады.

— Сендерді маған шайтан айдап әкелген шығар. Қызымыз екеуіміз бір тоятын болдық. Ал, бүгінше жатып демалыңдар, – деп оларға төсек салып береді.

Кемпір ертеңіне аң аулауға кетіп бара жатып, қыздарға:

— Маған кішкентайларыңды пісіріп қойыңдар, түсте қайтып келермін, – дейді.

Жалмауыз кемпір кеткен соң, қыздар кішкентай қызды өздерімен бірге алып қашады.

Кемпір келсе, өзінің қызы да, үйде қалған үш қыз да жоқ. Қатты ашуланған ол қыздарды қуа жөнеледі.

Бір уақытта қыздар артына қараса жалмауыз кемпір жетіп қалған екен. Жалмауыз кемпірдің қызы осы уақыттың ішінде үш қызға бауыр басып қалған еді.

— Апайлар, менің шешем жетіп қалған кезде, қолдарыңда не бар соны артқа қарай лақтырыңдар. Сол кезде оның алдынан бөгет пайда болады, – деп ақыл айтады ол.

Қыздардың үлкені кішкентай қыздың сөзін ести сала тарақты тастапты. Ол үлкен тоғай болыпты. Екінші рет жете бергенде ортаншысы инесін тастайды. Ол биік тау болыпты. Онан да кемпір өтеді. Үшінші рет кішкентай қыз айнасын тастайды. Ол үлкен көл болады. Жалмауыз кемпір бұл көлден өте алмайды. Ол көлдің екінші жағалауында тұрған қыздардан:

— Қыздар, сендер бұл көлден қайтіп өтгіндер? – деп сұрайды.

Қыздар:

— Мойнымызға тас байлап өттік, – дейді.

Кемпір қыздардың сөзіне сеніп, тас байлап суға түседі де батып кетеді. Ал, қыздар аман-есен үйін тауып, әкесіне болған оқиғаны түгел баяндап береді. Әкесі қыздарына жасаған зұлымдығы үшін әйелін қуып жібереді. Жалмауыз кемпірдің қызын асырап алады.

Осылай қыздар бірге тату-тәтті өмір сүреді.





«Ата заңым – Ардағым!»

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Көрнекілігі: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы, слайд.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, әнұран, би, ойын.

Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасады:

Амансын ба, көк аспан!

Амансын ба, жер-ана!

Амансын ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Жүргізуші сұрақтар қояды, балалар жауап береді.

- Арайлаған танды сүйетін кім?

- Алтын сәулені сүйетін кім?

- Жарқын даланы сүйетін кім?

- Туған жерді сүйетін кім?

- Ата-ананы сүйетін кім?

- Досын сүйетін кім?

- Еліміздің болашағы кімдер?

Жүргізуші: - Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995 жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Елдігімнің – реңі,

Тендігімнің – тірегі,

Мүддесінен халықтың

Ажырамас бір елі.

Алтын заңым – арай таңым!

Балаларға конституция кітабының суретін көрсетеді.

Жүргізуші: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары-үлкендерде, балалар да-мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс.

Өз еліңнің Туын, Елтаңбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстанның елордасы қай қала?

- Елбасымыз кім?

- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?

- Балалар сендер рәміздер туралы білесіңдер ме?

Жүргізуші: Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде қазақ үй

Қалықтаған жас сұңқар.

Шарықтаған таза кү

Бұл таңбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.

Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші: Отан туы желбіреп,

Көз тартады құбыла.

Біз қараймыз елжіреп,

Туған жердің туына.

Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші: Әнұраным-жан ұраным,

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Туған жерім сағынарым,

Мәңгі-бақи шырқалады,
Республика әнұраны.
Балаларға әнұран айтуды ұсынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

Қимылды ойын «Киіз үй»

Көтеріліп шанырақ,

Уықтары шаншылар.

Кергелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер,

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп көрінер.

Слайд көрсету.

Қыздардың орындауында «Қамажай» биі.

Жүргізуші: Конституция күні баршамызға құтты болсын!

Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «Ата заңым-Ардағым »
атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз





МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы



«БЕКІТЕМІН»

№13 «Гүлдер» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Г.Баймағамбетова

**Кіші «Айгөлек» тобының 2022-2023 оқу
жылына арналған
жазғы маусымдық іс-шаралар жоспары**

Тексерілді:
Әдіскер: С.Мүсірепова



«Бекітемін»

№13 «Гүлдер» бөбекжай

Балабақшасының меңгерушісі :

Г.Н.Баймагамбетова

2022-2023 оқу жылындағы Кіші «Айгөлек» тобының жазғы маусымға
арналған іс- шаралар жоспары.

Жаз маусымында балалардың бос уақытын ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне меилінше қолайлы жағдай:

Танымдық жан жақты қызығушылығымен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері: Бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымдағы ауарайының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (күн, ауа, су, құм т.б.)

Шынықтыру шаралар арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу: Спорттық ептілік пен дағдысын одан ары дамыту. , қимыл белсенділігін арттыру. Жағымды көңіл күймен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру.

№	Апта тақырыптар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Сәлеметсіңбе күн! Сәлем Жаз!«1-маусым балаларды қорғау күні » Мен бақытты боламын.	01.06.2023ж	Н.Ташкулова
2	«Менің қанатты достарым» апталығы Менің қанатты достарым.	09.06.2023ж	Н.Ташкулова
3	«Гүлдер апталығы» Аялайық гүлдерді.	15.06.2023ж	Н.Ташкулова
4	«Денсаулық апталығы » Дені саудың- жаны сау	22.06.2023ж	Н.Ташкулова
5	«Жануарлар апталығы» Ертегі еліне саяхат «Үйшік ертегісі	27.06.2023ж	Н.Ташкулова
6	«Астана бас қала » апталығы Жайнай бер Астана	05.07.2023ж	А.Карабаева
7	«Отбасы»апталығы Отбасы	13.07.2023ж	А.Карабаева
8	«Қауіпсіздік » апталығы Жолда жүру ережесін сақтаймыз!	21.07.2023ж	А.Карабаева
9	«Жеміс жидектер »апталығы Шалқан ертегісін сахналау	27.07.2023ж	А.Карабаева
10	«Су» апталығы Нептун күні Сумен шынығамыз.	04.08.2023ж	А.Карабаева
11	«Көңілді күн апталығы» Сумен шынығамыз.	11.08.2023ж	А.Карабаева
12	«Ертегі апталығы « Жалмауызды алдаған қыздар.»Ертегі тамашалау »	18.08.2023ж	А.Карабаева
13	Конституция күні 30тамыз Қазақстандағы ата заң тарихы. «Ата заңым-ардақты!»	29.08.2023ж	А.Карабаева

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«Сәлеметсің бе, Күн! Сәлем, Жаз!»

Музыкалық бағдарлама



"Айгөлек" кіші тобы
Тәрбиеші: Н. Ташкулова

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Сәлеметсің бе, Күн! Сәлем, Жаз!»

Мақсаты: Мектепке дейінгі балаларды өз мерекелерін білуге және онда да өз бойындағы өнер дарындықтарын көрсетуге үйрету.

Тәрбиелігі: Ән, би, ертегі арқылы ой-өрісін дамыту. Сахнада бала өзін дұрыс ұстай білуге, биязылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Балаларға арналған мақал-мәтелдер, балалар туралы қызықты суреттер, плакаттар, шарлар, аң кейпіндегі ертегі кейіпкерлері.

Барысы:

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар және біздің бүлдіршіндеріміз! Сіздерге арнап дайындаған ертеңгілік бағдарламамызды бастауға рұқсат етіңіздер. Қазақтың халықтық музыка өнері саласында шалқар сахара даладай мол көсіліп, кең тараған бір жанр бар ол- ән жанры.

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Әннің терең мазмұнды мәні оятар», -деп Абай атамыз айтқандай қазақ деген ұлы да ғұлама, өнерлі де өрелі халықтың ұрпақтары екенімізді мақтаныш тұтамыз.

Ән де, күй де еріккеннің ермегі емес, адам жанының айнасы, өмір құбылыстарының көрінісі. Өмірдің алды ыстық болса, арты қайғы – мұң. Әсем әуезді ән - адам өмірінің тамаша бейнесі. Ендеше алғашқы жас өренімізге жол береміз. Ортада «Ертегілер» әнімен, қошеметтеп қарсы алайық.

Дауысың қандай сырлы еді,
Табиғатты тыңдатқан.
Көркің қандай нұрлы еді,
Таң шолпанмен астасқан .

Тәрбиеші:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй, - деп Абай атамыз жырлағандай, келесі кезекті орындауындағы «Қошақаным» әніне береміз.

- Мереке, бәрекелді, сен әніңді тамаша орындадың! Біз саған тек сәттілік тілейміз!

Тәрбиеші:

Шуақ шашқан шақтардай,
Дүние ән сап жатқандай,
Әнші болғым келеді,

Роза менен Мақпалдай, дейді біздің топтың әр баласы.

Білімі мен өнері,
Қатар сыйған бағына.
Нұрсұлтандай патшасы,
Құтты боп келген тағына
Қазақстаным тек алға!
Өнерді сүйгіш халқы бар,
Көп ұлттың болған анасы.
Бүгін әлемді тамсantқан,
Қазақпыз ұлттың алашы.
Қазақстаным тек алға!- дей отырып бүлдіршіндерімізге денсаулық тілей
отырып, «Өнерлерің өрге жүзсін» дейміз. «Алып – анадан туылады» демекші
өнерлі балғындарымыздың ата-аналары да құр алақан емес шығар?
Өмірде ана-бақыт, ана-пана,
Өмірде өркендетер, ана ғана.
Өсірген талай көсем, талай шешен,
Талай ер, талай ақын, талай дана!

Ата-аналардың өнерлерін тамашалау.

Тәрбиеші:

Күнде жиын бола бермес дәл осындай,
Кел, досым сен де қосыл, тосылмай!
Күн сайын өзгереміз, өркендейміз.
Тұғырлы Қазақстандай көркем елміз, деп бүгінгі ертеңгілік музыкалық
бағдарламамызды аяқтаймыз. Назар қойып тамашалағандарыңызға көп
рахмет айтамыз.




МККК «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«Менің қанатты достарым» апталығы

Тақырыбы:

«Әнші достар»



Кіші «Айгөлек» тобы

Тәрбиеші: Н. Ташкулова

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: Әнші достар.

Мақсаты: Балаларға құстар туралы түсінік беру.

Құстарға қамқор болуға, аялауға бейімдеу.

Көрнекілігі: Үй құстарының және дала құстарының суреттері, құстың ұясы суреті.

Ұйымдастыру кезеңі: Балалар, біз әуелі сәлемдесіп алайық.

Амандасу әрқашан,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал, қанекей, бәріміз,

Сәлемдесіп алайық.

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Өте жақсы, балалар. Балалар жыл мезгілдеріне тоқталайық.

— Балалар бір жылда неше мезгіл бар?

- Бір жылда 4 мезгіл бар.

- Қазір қай мезгіл?

- Жаз мезгілі.

- Өте жақсы, балалар.

Тәрбиеші:- балалар құстар 2 түрге бөлінеді

- үй құстары және дала құстары.

- Дала құстарымен үй құстарының айырмашылығы неде?

- Үй құстарына қандай құстар жатады?

- Тауық, әтеш, қаз, үйрек. т.б.

Тәрбиеші:- Өте жақсы балалар. Үй құстарының бізге тигізер пайдасы қандай?

- Үйде өсіреміз. Жұмыртқа береді. Етін жейміз. Мамықтарынан жастық жасаймыз.

- Тәрбиеші:- Жақсы. Енді дала құстарына қандай құстар жатады.?

- Қарлығаш, торғай, қарға.

— Торғай - өзі кішкене тұлғалы құс. Қарға – алғыр құс. Дала құстарының бәрі шыбын-шіркей, құрт-құмырсқалармен қоректенеді. Олардың егінге тигізер пайдасы көп.

— Әнші құстар да бар: бұлбұл.

— Ертегі: «Әтеш пен тоты»

Қазір біз құс туралы жылулық шеңберін құрамыз.

Тәрбиеші: - Егер менің қолыма құс келіп қонса, мен оны аялап мәпелер едім.

«Тәрбиеші құс мүсінін алақанына салып, келесі балаға ұсынады.»

Балалар құс қолына келіп қонса не істейтінін айтып, бір-біріне кезекпен ұсынады.

Тәрбиеші: Құстар - біздің досымыз

Бау - бақшаны қорғайды

Ұя жасап қарсы алсақ

Құстар бізді қолдайды, деп балалар, біз бүгін биші құстар туралы бейнефильм көреміз.

«Биші құстар» видеоролик.





МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Жазғы оқу-тәрбие жұмысы

"Денсаулық" апталығы:
Дені саудың – жаны сау

«Айгөлек» тобы

Тәрбиеші: Н. Ташкулова

2022-2023 оқу жылы



Тақырыбы: "Дені саудың – жаны сау».

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы бізге кім келіпті? Ол қандай ертегіден келді?

Бауырсақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен өз үйіме атам мен әжеме қайтқым келеді. Мені апарып саласыңдар ма?

Тәрбиеші: Қалай, бауырсаққа көмектесеміз бе? Біз екі топқа бөлінеміз, қай топ бауырсақты ата-әжесіне бірініші жеткізер екен, соны көрейік.

Олай болса, бізге жолда кімдер кездеседі, есімізге түсіріп жіберейікші.

Олардан қашып құтылу үшін денемізді шынықтырып алайық. Алғашқы қалыпта түзу тұру.

1. Басқа арналған жаттығулар

1. Алға

2. Бастапқы қалыпқа келу

3. Артқа ию

4. бастапқы қалыпқа келу (2 - рет)

2. Иыққа арналған жаттығулар

1. Оң иықты көтеру.

2. Бастапқы қалып

3. Сол иықты көтеру

4. бастапқы қалыпқа келу (2 рет)

3. Қолға арналған жаттығулар

1. Қолды алға созу

2. Жоғары созу

3. Жанға созу

4. Бастапқы қалыпқа келу (2 рет)

4. Белге арналған жаттығулар

1. Оңға иілу

2. Бастапқы қалыпқа келу

3. Солға иілу

4. Бастапқы қалыпқа келу

5. Аяққа арналған жаттығулар

1. аяқты қосу

2. тізені бүгу

3. Бастапқы қалыпқа келу

Тастардан секіру

Бір кезде алдарынын қоян шығады.

Қоян: Мен сені жеймін.

Балалар: Біді жемеші саған өлең айтып берейік.

Қоян: Жоқ менің ән тыңдағым келіп тұрған жоқ. Одан да менімен ойын ойнаңдар. Сонда ғана бауырсақты жемеймін.

Секірейік, секірейік,

Ұзын құлақ қоянша.

Шаршағандыкетірейік,

Сондаболартамаша.

Шарты: Қапты киіп секіріп мәрені айналып келу.

Қоян: Енді бара беріңдер, мен бауырсақты жемеймін.

Шалшық судан секіру

Жолда балаларға қасқыр кездеседі.

Қасқыр: Менімен ойын ойнасаңдар, мен бауырсақты жемеймін.

Ойын: «Қасқыр мен қояндар»

Ойынның шарты: Қояндар сәбіз жеп отырады. Кенеттен қасқыр келіп қалады. Сендер қашып шөп тасасына тығыласыңдар. Ұстап алған баланы қасқыр алып кетеді. Әр топ қасқыр, қояндар болып ауысып ойнайды. Қай топтың ойыншылары көбірек ұсталса, сол топ жеңіледі.

Тәрбиеші:

Бұталардың арасымен жүреміз.

Енді балаларға Аю жолығады.

Аю : маған ағаштың басындағы балымды өрмелеп әперсеңдер, мен бауырсаққа тимеймін. Өзімнің балымды жеймін.

Тәрбиеші: Балалар, аюға балын әпереміз бе?

Сатыда обруч ілініп тұрады, екі топтың балалары жүгіріп барып, сатыға шығып обручті әкеліп келесі балаға береді, ол бала оны қайта іледі. Жарыс обручті қай топ бірінші болып өз тобына жеткізеді, сол жеңіске жетеді.

Аю: Рахмет сендерге.

Саппен жүру

Түлкі кездеседі.

Түлкі жылмаңдап: Иә, қайда барасыңдар?

Менің тапсырмамды орындасаңдар ғана, мен сендерге тимеймін.

Түлкінің тапсырмасы:

Менің інімнің айналасында бөденелер отыр (кеглилер). Соларға тасты (допты) дәл тигізіп ұстап берсеңдер, мен сендерді жіберемін.





МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Жазғы оқу-тәрбие жұмысы

«Жануарлар апталығы»:

Ертегі еліне саяхат

«Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиеші: Н. Ташкулова

2022-2023 оқу жылы

«Үйшік» орыс халық ертегісі .

Мақсаты: Балаларды «Үйшік» ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Сахналау барысында жағымды- жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез- құлқын келтіру. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: үйшік үйі, аңдар.

Жүргізуші: Ерте, ерте, ертеде орманда кіп- кішкентай ескі үйшік тұрған.

Бірде оны қасынан өтіп бара жатқан тышқан көреді. Тышқан тоқтап:

Сүп- сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?

Жүргізуші: - деп сұрайды. Ешкім жауап бермейді. Тышқан бос үйшікке кіріп, осында тұрып жатады. Біраз уақыттан кейін үйшіктің маңына секіріп бақа келеді.

Бақа: - Сүп- сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?

Тышқан: - Мен тықырлауық тышқанмын! Ал сен кімсің?

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын.

-Кел, бірге тұрайық.

Жүргізуші: - Бақа бақылдап үйшікке секіріп кіреді. Тышқан екеуі тіл табысып , бірге тұрады. Енді үйшік қасына ытқып- ытқып қоян келеді.

Қоян: - Сүп- сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?

Жүргізуші: -деп сұрайды.

Тышқан: - Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын. Ал сен кімсің?

Қоян: - Мен қорқақ қоянмын!

Екеуі: - Кел, бірге тұрайық.

Жүргізуші: - Қоянда үйшікке кіреді. Осылай үшеуі бірге өмір сүріпті.

Алыстан бұл үйшікті түлкі көреді. Ақырын басып жақын келіп , терезені қағады.

Түлкі: - Сүп-сүйкімді , кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар ?

Жүргізуші: - деп сұрайды.

Тышқан: - Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын!

Қоян: - Мен қорқақ қоянмын! Ал сен кімсің?

Түлкі: - Мен қу түлкімін.

Үшеуі: - Кел, бірге тұрайық.

Жүргізуші: - Үйшіктен түлкіге де орын табылады. Достар енді төртеу болады. Үйшікке тілі салақтап , айналасына алақ- жұлақ қарап қасқыр жетеді. Ол есікті қағып , қырылдаған даусымен:

Бұл үйшікте кім бар?

Тышқан: -Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа: - Мен бақылдауық бақамын!

Қоян: - Мен қорқақ қоянмын!

Түлкі: - Мен қу түлкімін!Ал сен кімсің?

Қасқыр: -Мен сұр қасқырмын!

Бәрі: - Кел , бірге тұрайық.

Жүргізуші: -Қасқыр қысыла- қымтырыла ішке кіреді. Әйтседе кіп – кішкентай үйшікке бесеуіде сыйып кетеді. Барлығы қосылып ән айтады.

Тату –тәтті өмір сүреді. Бір күні жидек теріп жүрген аю үйшік тұрғындарының салған әнін естиді. Ол үйшікке жақын келіп , бар даусымен: Сүйкімді, кіп- кішкентай бұл үйшікте кім бар?!

Жүргізуші: - деп ақырады.

Тышқан: -Мен тықырлауық тышқанмын!

Бақа : - Мен бақылдауық бақамын!

Қоян : - Мен қорқақ қоянмын!

Түлкі : - Мен қу түлкімін!

Қасқыр : - Мен сұр қасқырмын!Ал сен кімсің?

Аю: - Мен қорбаңбай аюмын!

Бәрі: - Кел, бірге тұрайық.

Жүргізуші: - Аю ары- бер тырбаңдап үйшікке кірмекші болады. Бірақ оның басы енгенімен денесі сыймайды. Амалы таусылған аю:

-Ендеше, мен үйшіктің шатырына шығып тұрайын.

Жүргізуші: - дейді.

Бәрі: - Жоқ қара қандай дәусің! Сені кішкентай үйшігіміз көтере алмайды.

Қиратасың ғой.

Жүргізуші: - деп шырылдайды іштегілер.

Аю: - Қорықпаңдар түкте болмайды.

Жүргізуші: - деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.

Үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбаңдап үйшіктің төбесіне шығады. Сол- ақ екен , ескі үйшік сықырлап шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, қу түлкі, сұр қасқыр барлығы аман – есен үйшіктен шығып үлгереді. Аюға олар ренжімейді. Қайта , барлығы бірігіп , бөренелерді тасып , тақтайларды сүргілеп , жаңа үйшік тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша , достар өздеріне әп – әдемі , жаңа үйшік тұрғызып алады.



МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Жазғы оқу-тәрбие жұмысы

«Су» апталығы:

Көркем әдебиет оқу



«Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиеші: А. Қарабаева

2022-2023 оқу жылы

- Тақырыбы: «Су апталығы» Көркем әдебиеттер оқу.
Мақсаты:Балалардың жазғы уақытын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау; жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарымен таныстыра отырып,балалардың денсаулығын нығайту, денесін шынықтырып,дамытуды жетілдіру су және ауа көмегімен шынықтыруды жүзеге асыру.Танымдық қабілеттері мен шығармашылық қасиеттерін дамыту.

Негізгі міндеттері:

* бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымындағы ауа райының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (күн, ауа, су, құм, т. б.)

* әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасау;

* бала өмірін қызықты құрдастармен және ересектермен қарым –қатынаста жұмыс жасауға үйрету;

* дене және психикалық денсаулығын нығайту,

* қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

Тәрбиеші. Денсаулық-әр адам үшін қымбат байлық. Сондықтан оны сақтау керек. Еш жерің ауырмаса, денсаулығыңның жақсы болғаны. Денсаулықты сақтау үшін таза ауа, күннің шуағы,су қажет. Күн, құм, ауа , су бізге өте пайдалы сауықтыру шаралары болып табылады. Күн-барлық тіршілікке нұр шашып, жылу беріп тұратын құдіретті күш, әсіресе денсаулыққа пайдалы.

Таза ауа-тіршілік атаулыға тыныс беруші құдірет иесі. Су-тіршілік көзі. Сусыз өмір жоқ. Сондықтан суды қадірлей білу керек. Сумен жуыну тек гигиенаны сақтау үшін ғана емес, денені шынықтыру үшін де қажет.

Жарайсыңдар, балалар!

С.Қалиұлының «Үлгі» өлеңінен үзінді оқимын.

-Кім жек көрер мысықты

«Ылғый бетін жуады»

Деп, тәтеміз мысықты

Бізге үлгі қылды.

-Балалар, өлеңде не туралы жазылған.

-Ия,-балалар мысық ылғй бетін жуады, тазалықты сақтайды. Ал,сендер тазалықты жақсы көресіңдер ме?

-Таңертең жуынасыңдар ма?

-Немен жуынасыңдар?

-Сосын немен сүртінесіңдер?

-Тістеріңді жуасыңдар ма?

-Шаштарыңды тарап, айнаға қарайсыңдар ма?

-Таза болып жүргілерің келеді ме?

-Дұрыс, балалар тазалықты сүюіміз керек.Таза жүрсек ауырмаймыз.

Суретпен жұмыс

-Балалар, бізге таза болып жүруіміз үшін мынадай заттар қажет.

-мынау сабын,сүлгі,тарақ,тіс пастасы, тіс шеткасы осы заттарды қолдануға бізге не керек балалар.

-Ия, балалар су керек.Бізге тіс жуу үшін де, қол жууға да,басымызды жусақта,бет жусақта бізге су керек.

-Сүлгімен біз балалар не істейміз?.

-Қолымызды,бетімізді сүртеміз.

- Тіс щеткасымен тіс тазалаймыз.
- Тарақпен шаш тараймыз. -Айнаға қараймыз.

-Сабынмен қол, бет жуамыз.
Түрлі микроптарды кетіру үшін.

Сергіту сәті
Таңертең тұрамын,
Бетімді жуамын,
Тісімді тазалаймын,
Шашымды тараймын
Тап-таза боламын.



Су-адамға қажет тағам

- Сусыз тазалық болмайды
- Сусыз тіршілік жок
- Сусыз тамақ піспейді.
- Су арқылы үйді жылытады.
- Су отты өшіре алады.

Суды адам барлық тіршілікке пайдаланады

-Балалар, келіндер ойын ойнап көңілденіп алайық.

Д.О. «Қайсысы тазалық заты емес?»

Суреттен артық затты табады.

Ойын:«Сиқырлы көпіршіктер» (сумен қйындар, жүзетін, қалқитын ойыншықтармен)
Суға шомылу.



МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжайбалабақшасы

Жазғы оқу-тәрбие жұмысы:

«Ертегі" апталығы

«Айгөлек» кіші тобы



Тәрбиеші: А. Қарабаева
2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Шұбар тауық» ертегісі

Мақсаты:

Ертегі мазмұнымен таныстыру, қуыршақ театры арқылы балаларға көрсету.

Көрнекілігі:

стол үсті театры, ата, әже, тауық, тышқан.

Тәрбиеші балалармен сәлемдеседі:

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты

Күн бүгін!

Кәні, балалар, күнге қарап қуанып қол шапалақтайықшы.

Тәрбиеші балалардың орындарына отыруларын ұсынады.

Ал, енді балалар, «Шұбар тауық» ертегісін мұқият тыңдап, тамашалаңдар.



Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі жүні бөртеде,

Баяғы бір заманда ата мен әже өмір сүріпті. Олардың балалары да, ешкімі де болмапты, бірақ бір шұбар тауығы болыпты. Шұбар тауық күнде ата мен әжеге жұмыртқа тауып береді.

Күндердің бір күнінде шұбар тауық ата мен әжеге жай жұмыртқа емес, алтын жұмыртқа тауып беріпті. Алтын жұмыртқаны көріп таңғалыпты. Ата алтын жұмыртқаны балтамен ұрыпты, ұрыпты, алтын жұмыртқа жарылмапты. Ал әже болса оқтаумен ұрыпты-ұрыпты, алтын жұмыртқа сонда да жарылмапты. Түнде ата мен әже шаршап ұйықтап қалыпты.

Ал, енді балалар сергіп алайық.



Сергіту сәті:

Тауықша жүріп, жерден дән шұқып алу.

Бір кезде еденнің астынан тышқан шығыпты. Столға мініп әрі-бері жүріпті. Жүрген кезде тышқанның құйрығы алтын жұмыртқаға тиіп, жұмыртқа еденге түсіп жарылып қалыпты. Ата мен әже ұйқыдан трса алтын жұмыртқа еденде жарылып жатқанын көріп жылайды. Ал шұбар тауық болса ата мен әжені жұбатады, - «ата, жыламаңыз, әже, жыламаңыз, сіздерге мен алтын жұмыртқа емес, жай жұмыртқа тауып беремін». Сол күннен бастап шұбар тауық ата мен әжеге жай жұмыртқа тауып береді.

Қимылды ойын: «Қу түлкі мен балапандар».

Шарты: тауық балапандарымен алаңға шығады, кенет түлкі балапандарды жеуге тырысады, балапандар ұяларына жасырынады.

- Мынау кім?
- Ал мынау кім?
- Ал мынау не?

Жарайсыңдар, балалар, сендер бүгін ертегіні жақсы тамашалап, тыңдадыңдар.



МКҚК «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Отбасы апталығы

Отбасы туралы көркем әдебиеттер оқу

«Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиеші: А. Карабасва

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: Отбасы туралы көркем әдебиеттер оқу

Мақсаты: а) Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету.

Ә) Өз отбасы жайлы әңгімелеу барысында сөздік қорларын дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Б) Балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қаамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: отбасы суреттері

Сөздік жұмыс: ата, әже, әке, аға, іні, әпке.

Сәлемдесу.

-Балалар, бүгін ауа райы қандай?

-Жылдың қай мезгілі?

- Далада өар еріп жатыр ма?

Суреттермен жұмыс

-Балалар, біз бүгін сендермен тату- тәтті отбасы туралы әңгімелесеміз.

-Суретте не бейнеленген?

-Балалар, сендердің отбасыларында кімдер бар?

(жеке-жеке балалардан отбасы мүшелерін сұрау)

-Кім атасы, апасы туралы тақпақ айтып береді?(аталарының, әжелерінің атын атау, тақпақ айту)

-Сендердің ағаларың немес апайларың бар ма?

-Саған кім қамқорлық жасайды?

-Сендерді балабақшаға кім алып келіп, кім алып кетеді?

-Аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер?

-Кәне, бәріміз қосылып, өз отбасымызға саусағымызды көрсету арқылы жақсы көретінімізді білдірейік.

-Мына суретте үлкен отбасын көріп тұрмыз.Отбасында атасы, әжесі, әкесі, анасы, әпкесі, інісі, бар екен.Олар дастарқан басында шай ішіп отыр.Әпкесі дастарқанға жеміс-жидек әкеліп, әкесіне ұсынып отыр.Балалардың жауаптары тыңдалды.Балалар аталарын, әжелерін атайды.олар туралы жақсы сөздер айтады.

Сергіту сәті:

Бас бармағым- әкем,

Балаң үйрек- анам,

Ортан терек- ағам,

Шылдыр шүмек- мен

Кішкентай бөбек- сен.

Суреттермен жұмыс.

«Үйде кімдер тұрады?» дидактикалық ойыны ойнатылады. Үйшіктегі алты терезеге де ата, әже, әке, ана, ұл және қыздың суреттерінің жабыстыру ұсынылады.

Балалар үйшіктегі алты терезеге ата, апа, әке, ана, ұл және қыздың суреттерін жабыстырады.

Жеке жұмысты қажет ететін балалардан отбасы мүшелері туралы сұрау.

-Балалар, кім отбасы мүшелерін атайды?

-Аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер?

Балаларды мадақтау.



МКҚК «Гүлдер» бөбекжайбалабақшасы

«Көңілді күн апталығы»

Сабын көпіршіктерін үрлеу

«Айгөлек» кіші тобы



Тәрбиеші: Карбаева А.Ж.

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Сабын көпіршіктерін үрлеу»

Мақсаты: Балалардың жазғы уақытын әсерлі өткізуіне мейлінше қолайлы жағдай жасау; жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарымен таныстыра отырып, балалардың денсаулығын нығайту, денесін шынықтырып, дамытуды жетілдіру су және ауа көмегімен шынықтыруды жүзеге асыру. Танымдық қабілеттері мен шығармашылық қасиеттерін дамыту.

Негізгі міндеттері:

* бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымындағы ауа райының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (күн, ауа, су, құм, т. б.)

* әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасау;

* бала өмірін қызықты құрдастармен және ересектермен қарым – қатынаста жұмыс жасауға үйрету;

* дене және психикалық денсаулығын нығайту,

* қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

Тәрбиеші. Денсаулық-әр адам үшін қымбат байлық. Сондықтан оны сақтау керек. Еш жерің ауырмаса, денсаулығыңның жақсы болғаны. Денсаулықты сақтау үшін таза ауа, күннің шуағы, су қажет. Күн, құм, ауа, су бізге өте пайдалы сауықтыру шаралары болып табылады. Күн-барлық тіршілікке нұр шашып, жылу беріп тұратын құдіретті күш, әсіресе денсаулыққа пайдалы.

Таза ауа-тіршілік атаулыға тыныс беруші құдірет иесі. Су-тіршілік көзі. Сусыз өмір жоқ. Сондықтан суды қадірлей білу керек. Сумен жуыну тек гигиенаны сақтау үшін ғана емес, денені шынықтыру үшін де қажет.

Шаттық шеңбері:

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік!

Қабак түйген не керек,

Көңілді боп жүрейік!

Кел, балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады,

Күліп өмір сүрейік!



Ғажайып сәт:

Топ бөлмесіне бақылдап үйрек келеді.

Балалармен амандасып, өзінің түсініксіз жағдайға қалғанын айтып, көмек сұрайды.

Үйрек:

-

Мен суға салқындап алайын деп түсіп едім, кенет суым көпірші бастады. Шошығанымнан судан шығып кеттім.

-Бірақ та ең қызығы мамықтарым аппақ болып, тазаланып қалыпты.

-Неліктен екенін білмедім. Осы жағдайды маған түсіндіріңдерші?

-Балалар үйректің қызық жағдайға қайтіп түскенін зерттеп көрейік пе?

-Ол үшін біз сендермен тәжірибе сабағын өткіземіз..

(Балаларға тәжірибе сабағын өткізу үшін

арнайы киімдер кигізу)

Сөздік жұмыс: тәжірибе, зерттеушілер.

1 тәжірибе.

-Жаңағы үйректің суын алып, неден көпіршік пайда болғанын анықтап көрейік.

-
Барлығымыз көпіршікті қолымызға алып зерттеп, оны сипаттайық. (*ыдыстағы көпіршік суды зерттеу*)

-Мынау не?

-Түсі, қандай?

-Көпіршік ауыр ма, әлде жеңіл ме?

-Мына көпіршіктердің ішінде не бар деп ойлайсыңдар?

-Иә, дұрыс айтасыңдар, балалар.

-
Мәссаған, мына судың түбіне сабын түсіп кетіпті. Осы сабынның суға түсуінен көпіршіктер пайда болған екен ғой!

-Балалар сабының екі түрі болады .

Бірі- қатты сабын, екіншісі- сұйық сабын.

-
Мына ыдыстағы судың көпіршіктері қатты сабыннан пайда болған екен. Ал, балабақшада күнделікті қолымызды жуып жүрген сұйық сабын.

Сергіту сәті:

Қызыл, сары , көп шарлар,

Ауадағы көп шарлар.

Ауада қалқиды.

Айдаймыз, күндейміз,

Ойнаймызда, күлеміз.

-
Сергіп қалдыңдар ма балалар? Ал енді, өзіміздің зертханамызға барайық. Бізді қызықты жаңалықтар тосып тұр.

2 тәжірибе.

-Балалар сабынды қандай жағдайда қолданғанда көпіршік пайда болады?

(*Сұйық сабын мен судың қосындысынан көпіршік жасап көрсету*)

-Стаканға көпіршік суды құйып, оны мына түтікше арқылы үрлеп көрелік.

-Нені байқадыңдар?

-Ия балалар, сабынды су көпіршіп көлемі үлкейді.

-Ал көпіршіктің ішінде не бар?

-Жарайсыңдар балалар.

«Ең үлкен көпіршік» ойыны.

Шарты: Ойынға арналған ыдыстағы көпіршіктерді таяқша арқылы үрлеу. Түр-түсін, көлемін салыстыру.

Ең үлкен көпіршікті таңдау.

Үйрек:

-Ал балалар, менің үйге оралатын уақытым келді.

- Менің сұрағыма жауап қайтарып, дәлелдеп бердіңдер.

-Сендерге үлкен рахмет!

-Сау болыңдар!

Ойын: «Сиқырлы көпіршіктер» (сумен қйындар, жүзетін, қалқитын ойыншықтармен)

Суға шомылу.

МКҚК «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Қауіпсіздік апталығы

С. Маршактың

«Өрт»

тақпағын оқу



«Айгөлек» кіші тобы

Дайындаған: А. Карабаева

2022-2023 оқу жылы

Қауіпсіздік апталығы

Тақырыбы: С. Я. Маршактың «Өрт» тақпағын оқу.

Мақсаты: Өрттің қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Өрттің алдын алуға балаларды ынталандыру. Өрт сөндірушілер туралы түсінік беріп, сұрақ-жауап арқылы қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер, «Өрт қауіпсіздігі» иллюстрациясы

Барысы: *Балаларды шаттық шеңберге шақыру.*

1. – Балалар, жан-жақтарыңа қарандаршы, қандай әдемі! Терезеге қарандаршы, күн алтын сәулелерін шашып тұр. Ендеше қане шеңбер жасап тұра қалып қоршаған ортамен амандасып жіберейік.

–Армысыз, қайырлы күн!

-Армысыз, қайырымды Аспан ата!

- Армысыз, мейірімді жер-ана!

-Армысыз, шұғылалы Алтын-күн!

-Қуанайық, шаттанайық бәріміз!

-Күліп шықты күн бүгін!

-Бәріміз күндей жарқырайық!

-Бәтіміз тату болайық!

-Бәріміз дос болайық!

Балаларды орындарына отырғызу.

2. «Өрт» С. Маршак

Тәрбиеші : бұрын телефон құрылғысы болмаған кезде адамдар биік мұнарада қарауылдаған. Күзетшілер бірін-бірі алмастырып отырған. Айналадан түтін немесе өрт көрінген сәтте олар аспанға шарлар ұшырып, немесе қоңырауларды ұрып дабыл беріп халыққа ескерткен. Ал, қазір телефонмен өрт туралы хабалрасақ болды. Өрт сөндірушілер келіп отты ауыздықтайды. Сендер өрт сөндіру қызметіне қай нөмірмен хабарласатынын білесіңдер ме?

Балалар: 101 нөмірі.

Біз бүгін сендермен Самуил Яковлевич Маршактың «Өрт» тақпағымен танысамыз. С. Я. Маршак –орыс ақыны. Ол балаларға арнап көптеген өлеңдер жазған.

«Өрт» деген өлеңде С. Маршак үйдің жанғаны, оны өрт сөндірушілердің сөндіргені жайлы жырлайды.

Тақпақ мәтінін балаларға оқу.

Бұрында базар алаңында, Биік мұнарада

Күндіз –түні күзетші тұрады .

Оңтүстіктен, Солтүстіктен,

Батыс пепен Шығыстан

Түтін жоқ па деп көрінген.

Қырағы боп тұрады.

Егер әуеде түтін көрсе

Биік мұнарадан шарларды ұшырады.

Айналаны у-шу қылып,

Өрт сөндірушілер шығатын.

Көпірді тарсылдатып,

Азан-қазан қылатын.

Қазір, телефонды қолыңа ал,
«101» номеріне қоңырау шал.

Әр ауданда сақадай-сай,

Өрт сөндіруші бекеті бар.

Күндіз-түні даярлығы,

Өйтетін де себебі бар:

Машинасын қаратып қойған есікке,

Дабыл түссе жолға шығар кешікпей.

Пешке Ленажан , тимегейсің.

Тыныш жүрсең күймегейсің.

Деп анасы қызы Ленаға,

Базарға барарда дайындады.
Пештің аузын ашты Лена қыз,
Ештеңеден тайынбады.

Көмір шоғы еденге секірді,
Еденнен столға лепірді.
Одан өршіді пердеге,
Жетіп барды төбеге.

Бірақ, өрт сөндірушілеріміз
Өрттің мекенін тез-ақ білді.
Командир дабыл берісімен
Машиналар жөнелді.

Жанұшырған дауыста,
Көліктері жөнелді.
Жасыл түске ауысты,
Бағдаршамның көздері.

Жетіп барып әп-сәтте
Шлангтарын шығарды.
Жалаңдаған өрт тілін,
Өршітпеді, бұғады.

Өрттің тілі жалаңдайды,
Үйдің іші көк түтін.
Кузьма ағай өрт сөндіруші
Ленаны алып шықты бүтін.
Кузьма ағай – қарт өрт сөндіруші,
20 жыл адал қызмет еткен.
Сан рет адамдарды арашалап,
Аман алып қалған өрттен.

Шатырға қорықпай мінеді,
Каскасы оның жалтырап.
Төбеге құлағын тігеді,
Дауыс естіледі жақынырақ:
Қарап еді әйнектен,
Жалынышты үнімен.
Тұрған екен бір мысық,
Шыға алмай түтіннен.

Өрттің тілі сумандап,
Қайта қоймас сыңайлы.
Көрші үйге тапсалар,
Шарпып тілі маңайды.

Тілсіз жаумен алысып,
Кузьма жолды іздейді.
Жас әріптесіне айқайлап,
Көмекке маған кел, дейді.

Басқа үйге өрт өтпесін деп,
Шатырларды шабады.
Өрт сөндіргіш құралдарынан
Көбік суша ағады.

Қу түлкіше қылмаңдап,
Қызыл отқа артқа шегінер.
Аяй гөр, мені Кузьма, деп
Өтірік жылап, егілер.

«Өшір үніңді сұм жалын,
Аяйтын сені мен бе екем?
Пешке қайта қамалғын,
Мазаны алма, шарпынба,
Шамды ғана жақ,
мені сен тыңда!»

Өрт сөндірілді.
Күйген керует, үстелдер
Есік алдына шығарылды.
Өзі үйі жоқ Леналар
Көрші үйіне сұралды.

Кінәлі Лена жылайды,
Кузьма ағай оны жұбатар:
Ендігәрі отпен абай бол.
Мына мысығыңды ала ғой.

Өрт сөндірілді. Іс бітті.
Өрт сөндіру құрамы кетті.
Кузьма ағай – басы таңылған,
Каскасы оның жырылған.
Шекесі – жарық, көзі – ісіпті,
Алғаш рет емес, әй бірақ
Жұмысы сондай, өзі тіпті:
Өртті аянбай сөндірді,
Айтқанына көндірді!



Тақпакты сараптау, әңгімелесу.

- Өрт неден пайда болды?
- Лена анасының айтқанын тыңдамай пештің аузын ашады, ондағы көмір еденге түсіп еден жанады. Ол столға, үстелге, пердеге, үй төбесіне өтеді.
- Ленаны кім құтқарды?
- Кузьма ағай. Ол көп жылдан бері өрт сөндіруші болып жұмыс істейді. Ол көптеген адамдарды аман алып қалды: үлкендерді, балаларды.
- Өрт кезінде Кузьма ағай қандай әрекеттер жасады?
- Шатырға мінді, сатыға қорықпай шықты.
- Мұндай адамдарды кім дейміз?
- Батыр дейміз.
- Көрдiңдер ме, Лена анасын тыңдамай не болғанын? Абай болмасаңдар от шығуы мүмкін. Ленаның жауапсыздығынан олар анасы екеуі үйсіз қалды.

Енді сергіп алайық:

Сергіту сәті:

Ойын: «Болады – болмайды»

Ойынның шарты: Қолдарыңа мына бағдаршамды алыңдар. Қызыл түсті – болмайтын жағдайда көтересiңдер, ал жасыл түсті – болатын жағдайда көтересiңдер.

Өрт болғанда 101 нөміріне қоңырау шалуға.....

Жанып тұрған сiрiңкені тастауға.....

Үлкендерді айқайлап көмекке шақыруға.....

Өрт шыққан жерде қалуға.....

Өрт кезінде керует астына, шкаф ішіне тығылуға.....

Өрт кезінде есік, терезені ашуға.....

Басымызды, бет – ауымызды ылғал сүлгімен орауға.....

Өрт кезінде жарға, еденге су шашуға.....

Қорықпай өрт сөндірушінің айтқанын тыңдауға.....

Көршілерден көмек сұрауға.....

Өрт кезінде газды, жарықты, тоққа қосылатын құралдарды қосуға.....



Тәрбиеші: Балалар естеріңде болсын, өрт кездейсоқ шықпайды, ол дұрыс пайдаланбағаннан болады. Бүгін сендер оттың дос та, жауымыз да бола алатынына көз жеткіздіңдер. Естеріңде болсын: «Отпен ойнама, күйерсің», «Өрт – тілсіз жау».

Күтілетін нәтеже:

Болу керек: Өрт болғанда 101 нөміріне қоңырау шалуға

Білу керек: Өрт пен ойнамауға

Баланың қолынан келуі: Сұраққа-жауап, ойынды қызыға ойнау

Жеміс жидектер апталығы

Тақырыбы:

«Шалқан» орыс халық ертегісі



«Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиеші: А. Карабаева

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Шалқан ертегісі»

Мақсаты: балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту мен қатар тілін, сөз қорын жетілдіру, жан – жақты білімдерін кеңейтіп, өзін – өзі көпшілік мәдени ортада, әдепті, әдемі болуға үйрету, достық пен сыйластыққа үйрету.

Көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлерінің бейнелері

Жылулық шеңбері:

Сәлем саған алтын күн!
Сәлем саған көк аспан
Сәлем саған жер ана
Сәлемсаған достарым
Сәлеметсізбе қонақтар
Жылуымажылуқосқан,
Мінеменіңқолым.



Біреу есік қағады)

- Балалар бізге қонаққа қоян келді. Амандасайық.

- Қазір мен сендерді «Шалқан» ертегісін көруге шақырамын.

Тәрбиеші:

Атай шалқан егіпті. Шалқан үйдей болып өсіпті. Атай шалқанды жерден суырып алмақ боп, шалқалай тартады. Олар тартқылайды, былай тартқылайды, суыра алмайды.

Атай әжейді шақырады. Әжей атайдың, белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды. Олар тартқылайды, былай тартқылайды, тартып суыра алмайды. Әжей немере қызын шақырады. Немере қызы әжейдің белінен ұстайды. Атай шалқанның желегінен ұстайды. Олар тартқылайды, былай тартқылайды, тартып суыра алмайды. Немересі күшігін шақырады.

Күшік мысықты шақырады. Мысық күшіктің құйрығынан ұстайды, күшік немере қыздың етегінен ұстайды, қыз әжейдің белінен ұстайды, әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желінен ұстайды, олай тартқылайды, былай тартқылайды,суыра алмайды.

Мысық тышқанды шақырады, тышқан мысықтың құйрығынан ұстайды, мысық күшіктің құйрығынан ұстайды, күшік немере қыздың етегінен ұстайды, қыз әжейдің белінен ұстайды, әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желінен ұстайды, қатты тартып қалғанда, шалқанды суырып алыпты.

-Балалар біз қандай ертегіні тамашаладық?

-Шалқан қайда өсті?

-Ол қандай болды?

-Атайға кімдер болысты?

-Міне қандай тату – тәтті отбасы! Бір – біріне көмектесіп, өз туысқандарына қамқорлық көрсетеді.

-Ал сендарбір – бірлерімендоссындарма? Ендеше, досболайық!

Келіндер, ендеше бәріміз «Шалқан» ертегісін тамашалайық. Балаларға теледидарда ертегіні қосып, көрсету.

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

Тақырыбы:

«Айбынды Ата Заңым»



«Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиеші: А.Ж.Карабаева

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: Ата Заңым Ардағым.

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, елжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Көрнекілігі: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы, слайд.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, өлең, би, сергіту.

Шаттық шеңбер:

Амансын ба, көк аспан!

Амансын ба, жер-ана!

Амансын ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

-Арайлаған танды сүйетін кім?

-Мен.

-Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен.

- Жарқын даланы сүйетін кім?

- Мен.

- Туған жерді сүйетін кім?

- Мен.

- Ата-ананы сүйетін кім?

- Мен.

- Досын сүйетін кім?

- Мен.

- Еліміздің болашағы кімдер?

- Біздер.

- Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30-тамызда 1995 жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды. Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар.

Мемлекеттің барлық азаматтары-үлкендерде, балалар да-мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс. Өз елінің Туын, Елтаңбасын және Әнұранның құрметтеу-өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

-Балалар, біз қай елде, Республикада тұрамыз?

- Қазақстан Республикасында тұрамыз.

- Қазақстанның елордасы қай қала?

- Астана.

- Елбасымыз кім?

- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?

- Иә. Олар: Әнұран ,Ту, Елтанба.

-Дұрыс, балалар сендер рәміздер туралы тақпақтар білесіндер ме?

1-бала: Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде қазақ үй.

Қалықтаған жас сұңқар.

Шарықтаған таза күй.

Бұл танбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.

2-бала: Отан туы желбіреп,

Көз тартады құбыла.

Біз қараймыз елжіреп,

Туған жердің туына.

3бала: Әнұраным-жан ұраным,

Айтар әнім,сөйлер сөзім.

Туған жерім сағынарым,

Мәңгі-бақи шырқалады,

Республика әнұраны.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

Сергіту сәті:

Көтеріліп шанырақ,

Уықтары шаншылар.

Керегелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер,

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп көрінер.

Слайд көрсету.

Би: «Қара жорға»

Тәрбиеші: Конституция күні баршамызға құтты болсын! Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «Конституция күні» атты тақырыптық сабақты аяқтау.

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«Астана – бас қала апталығы»

Тақырыбы:

«Жайнай бер, АСТАНА»



«Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиеші: А.Ж.Карабаева

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Жайнай бер, Астана»

Мақсаты:

Балалардың Астанаға деген құштарлық, сүйіспеншілік және адамгершілік патриоттық сезімдерін тәрбиелеу балаларды өз Отанын, туған жер мен елін сүйуге және оларды қорғай білуге үйрету.

Көрнекілік:

Техникалық құралдар: Астана қаласының суреттері буктемелер, кейіпкерлер Астан қаласының биік мұнарасы бірі Бәйтеректің суретін көрсету.

Барысы:

Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біз қазақ деген ұлтпыз. Біздің президентіміз – Қ.К.Тоқаев. Еліміздің астанасы – Астана қаласы. 1997 жылғы 20 қазандағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды.

1998 жылғы 6 мамырдағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Қаланың ортасында ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағы қала халқы денмалатын жағажайға айналды. Бәйтерек – Астананың символы. Астананың болашағы әлі алда. Ол Еуразиядағы ең әсем, сұлу, әйгілі қала болмақ.

Енді балалар, астанаға саяхат жасаймыз: астананың көрнекті жерлерімен танысамыз:

- Мынау парламент үйі.
- Мынау бәйтерек.
- Мынау жабық футбол стадионы.
- Мынау конькимен сырғанау жабық стадионы.
- Республикалық велотрек.
- Мынау НұрАстана мешіті.
- Мынау Пирамида.

Тақпақтар.

- 1.Ақ қала орман қала Астана
- 2.Ел үміті-Астана.

Бибіт өмір басты.

- 3.Асқақтай бер Астана.

Берекеге бастаған

Болашақтың есігін

Өз қолыңмен аш маған.

- 4.Астана-елімнің бас қаласы,

Астана-ән қала,

Астана-сән қала.

Еліңмен егеменді өркендей бер.



Ал енді біз сіздермен ойын ойнайық балалар Қазақтың ұлттық ойындары
«Бәйге»

Жүргізуші: О, Алақай туған жер,
Жақсы-ау бақша- бауларың.
Көзге ыстық көрінер,
Сенің асқар тауларың...

Астананың мерекесін Қазақстан ғана тойлап жатқан жоқ, бүкіл әлем бас қала жас қаланың 15 жыл мерейтойын тойлап жатыр. Астана күніне арнап балалардың орындауында

Ән: «Ел жүрегі-Астана»

Ел жүрегі Астана,
Жаңа қала, жас қала!
Зәулім сәнді үйлері,
Үлгі болған басқаға
Қайырмасы:
Е-Е-Ей!
Астана, Астана!
Ел тірегі-бас қала!
Астана, Астана!
Ел жүрегі-Астана!
Алтын орда-Астана,
Ғасыр үні-бастама.
Есіл бойын ен жайлап,
Көз тартады бас қала.

Сөзі: Қ. Әбілов.

Әні: Т. Мұхаметжанов



Ал енді біз сіздермен ойын ойнайық балалар Қазақтың ұлттық ойындары
«Орамал тарту»

Көрініс: «Бәйтерек-бата»

Бүгінгі Астана күніне арналған ойын сауығымыз осымен аяқталды келген қонақтарымызға көптен-көп рахметімізді айтамыз.

МКҚК «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Жазғы сауықтыру жұмысы

«Гүлдер апталығы»: Біз табиғатты аялайық.

«Айгөлек» кіші тобы



Тәрбиеші: Н.А.Ташкулова

2022-2023 оқу жылы



«Біз – табиғатты аялайық»

Мақсаты: Табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілік көзіміз екенін, оларды қорғау, аялау, ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру. Таза ауамен демалу.

I. Ұйымдастыру бөлімі.

- Балалар, бүгін табиғатқа серуенге шығамыз. Серуенге шықпас бұрын мынадай сұрақтарға жауап беріңіз.

- Бір жылда неше мезгіл бар?

- Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата.

- Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды?

- Қазақ халқының салт-дәстүрлерін сақтап, жақсы жерге қоныс тебейік.

- Балалар, ауылымыздың шағын бағына барамыз.

- Ауылымыз туралы не білесіңдер? (ауыл туралы әңгімелеу)

- Айналамызды қоршап, жайқалып өсіп тұрған ағаштар. Ауылымыздың бөгеті мен бұлағы бар.

- Балалар, бөгетімізде балықтыр бар ма?

- Балық аулайтыңдарын бар ма?

- Оларда біздің байлығымыз.

- Ауылымыздың атап өтетін тағы қандай байлығы бар?

- Атап өтер байлығымыздың бірі егіншілік. Яғни біздің нанымыз.

- Ал ол егінді кімдер егеді?

- Ауылдас ағаларымыз.

- Балалар, ағаларымыздың еңбектері Қазақстан, Отан, туған жер, ауыл үшін өте пайдалы. Олар бізге нан береді.

- Ал кім нан туралы өлең, мақал біледі?

Нан қиқымын шашпаңдар,

Жерде жатса баспаңдар.

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастаңдар.

- «Ас атасы-нан», «Еңбектің атасы нан», «Алтын, күміс тас екен, арпа бидай ас екен»

- Туған жерімізде өсетін қандай өсімдіктерді білесіңдер?

- Алабота, жусан, түймедақ, ақселеу.

- Табиғаттың бір үзігі- өсімдіктердің де адам үшін атқарар шаруасы көп екен. Олар адамға дәрі-дәрмек, ем болып, өмірлерін қауіп-қатерден қорғауға өз үлестерін қосатының білеміз.

- Қандай жануарлар тіршілік етеді?

- Түлкі, қоян, қасқыр, дала тышқандары, т.б.

- Балалар, біз сол біздің жерімізде тіршілік ететін жан-жануарларға құстарға, өсімдіктерге қамқоршы болуымыз керек. Олай болса бәріміз әрбір тірі жанға қамқоршы боламыз.

II. Таза ауамен демалып, түрлі ойындар ойнау. («Ақ серек, көк серек», «Мені құтқар», «Кім жылдам» т.б.)

III. Қорытынды.

Қорыта келгенде адамның табиғатсыз тіршілік ете алмайтынына көз жеткіздік қой деймін. Табиғат байлықтарын қорғай білу азаматтық борыш. Оны аялап, сүйе білейік.

Табиғатты сүйе білу үшін табиғат туралы мол білу керек. Ал мол білім - кітапта, әр пәнді жақсы оқуда.

Қашанда табиғатқа қамқорлық керек. Оған қалай болса солай қарайтын адамдар қайда да болса кездеседі. Мысалы: Сөндірілмей тасталған шырпы, темекі тұқымы жайқалып тұрған орман тоғайды құртып жіберуі мүмкін. Ал бір ағаштың өсуі үшін қаншама жыл керек екенін өздерің білесіңдер. Кейбір тентек балалар гүлдерді жұлады, құстардың ұясын бұзады, жазықсыз жәндіктерді өлтіреді. Мұндай жағымсыз қылықтардан өзімізді аулақ ұстай білейік. Табиғатты алайық! Табиғатты сүйе білмеген, туған жерін, елін де сүйе алмайды.



МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай-бақшасы



«БЕКІТЕМІН»
№13 «Гүлдер» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:
Г.Баймағамбетова

Кіші «Жұлдыз» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған жазғы маусымдық іс-шаралар жоспары

Тексерілді:
Әдіскер: С.Мүсірепова



«Бекітемін»

№13 «Гүлдер» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі :

Г.Н.Баймагамбетова

2022-2023 оқу жылындағы Кіші «Жұлдыз» тобының жазғы маусымға
арналған іс- шаралар жоспары.

Жаз маусымында балалардың бос уақытын ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне меилінше қолайлы жағдай:

Танымдық жан жақты қызығушылығымен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері: Бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымдағы ауарайының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (күн, ауа, су, құм т.б.)

Шынықтыру шаралар арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу: Спорттық ептілік пен дағдысын одан ары дамыту. , қимыл белсенділігін арттыру. Жағымды көңіл күймен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру.

№	Апта тақырыптар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Сәлеметсіңбе күн! Сәлем Жаз!«1-маусым балаларды қорғау күні » Мен бақытты боламын.	01.06.2023ж	Ж.Сәрсенбаева
2	«Менің қанатты достарым» апталығы Менің қанатты достарым.	09.06.2023ж	Ж.Сәрсенбаева
3	«Гүлдер апталығы» Аялайық гүлдерді.	15.06.2023ж	Ж.Сәрсенбаева
4	«Денсаулық апталығы » Дені саудың- жаны сау	22.06.2023ж	Ж.Сәрсенбаева
5	«Жануарлар апталығы» Ертегі еліне саяхат «Үйшік ертегісі.	27.06.2023ж	Ж.Сәрсенбаева
6	«Астана бас қала » апталығы Жайнай бер Астана	05.07.2023ж	Ж.Әмірова
7	«Отбасы»апталығы Отбасы	13.07.2023ж	Ж.Әмірова
8	«Қауіпсіздік » апталығы Жолда жүру ережесін сақтаймыз!	21.07.2023ж	Ж.Әмірова
9	«Жеміс жидектер »апталығы Шалқан ертегісін сахналау	27.07.2023ж	Ж.Әмірова
10	«Су» апталығы Нептун күні Сумен шынығамыз.	04.08.2023ж	Ж.Әмірова
11	«Көңілді күн апталығы» Сумен шынығамыз.	11.08.2023ж	Ж.Әмірова
12	«Ертегі апталығы « Жалмауызды алдаған қыздар.»Ертегі тамашалау »	18.08.2023ж	Ж.Әмірова
13	Конституция күні 30тамыз Қазақстандағы ата заң тарихы. «Ата заңым-ардақты!»	29.08.2023ж	Ж.Әмірова

2022-2023 оқу жылындағы Кіші «Жұлдыз» тобының жазғы маусымға арналған іс- шаралар жоспары.

Жаз маусымында балалардың бос уақытын ұйымдастырудың негізгі мақсаты: Балалардың жазғы демалысын әсерлі өткізуіне меилінше қолайлы жағдай: Танымдық жан жақты қызығушылығымен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Негізгі міндеттері: Бала денсаулығын нығайтуда жаз маусымдағы ауарайының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану (күн, ауа, су, құм т.б.)

Шынықтыру шаралар арқылы қимыл әрекетін таза ауада өткізу: Спорттық ептілік пен дағдысын одан ары дамыту, қимыл белсенділігін арттыру.

Жағымды көңіл күймен қолайлы орта туғыза отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру.

№	Апта тақырыптар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Сәлеметсіңбе күн! Сәлем Жаз! «1-маусым балаларды қорғау күні» Ертеңгілік	01.06.2023ж	Сарсенбаева Ж.Ш.
2	«Менің қанатты достарым» апталығы «Құстарға жем беру»	09.06.2023ж	Сарсенбаева Ж.Ш.
3	«Гүлдер апталығы» «Гүл шалғыны»	15.06.2023ж	Сарсенбаева Ж.Ш.
4	«Денсаулық апталығы » Дені саудың жаны сау	22.06.2023ж	Сарсенбаева Ж.Ш.
5	«Жануарлар апталығы» «Ертегі еліне саяхат»	27.06.2023ж	Сарсенбаева Ж.Ш.
6	«Астана бас қала» апталығы «Жайнай бер Астана»	05.07.2023ж	Әмірова Ж.Ә.
7	«Отбасы» апталығы «Отбасы туралы әңгімелеу»	13.07.2023ж	Әмірова Ж.Ә.
8	«Қауіпсіздік» апталығы Үйдегі қауіпсіздік ережесі	21.07.2023ж	Әмірова Ж.Ә.
9	«Жеміс жидектер» апталығы «Шалқан» ертегісін сахналау	27.07.2023ж	Әмірова Ж.Ә.
10	«Су» апталығы Нептун күні	04.08.2023ж	Әмірова Ж.Ә.
11	«Көңілді күн апталығы» Сабын көпіршіктерін үрлеу.	11.08.2023ж	Әмірова Ж.Ә.
12	«Ертегі апталығы» «Ертегі тамашалау »	18.08.2023ж	Әмірова Ж.Ә.
13	Конституция күні 30тамыз Қазақстандағы ата заң тарихы.	29.08.2023ж	Әмірова Ж.Ә.

Сәлеметсіңбе күн! Сәлем Жаз!

1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күні

Балаларды қорғау дегеніміз - әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз.

Арманы бір, үні бір
Аға ардақты, іні гүл
Бақыт туын көтерген
Балалардың күні бұл

Мақсаты: «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын - сауықта өлең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік мәнділік сезімін, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата - аналар, қымбатты бүлдіршіндер мен сәбилер! 1 - маусым балаларды қорғау күні құтты болсын! Барлығыңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашанда сыңғырлаған күлкі тілейміз.

Баршамызды бала тілімен баурайтын,

Бала деген бір бақыт қой самғайтын.

Ата - ананың арманы мен тілегін,

Бала емес пе?, бал бұлақтан жалғайтын.

Сүп - сүйкімді періштелер сендерсіңдер,

Қандай бейне өздеріңе тең келетін.

Данышпан да, ғарышкер де, ғалым да,

Ең алдымен балалықты меңгерген.

Балалар, 1 - маусым 1950 жылдан бастап, Халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді. Біздің Қазақстан Республикасында балалар құқығы заңмен бекітілген.

Әр бала, балабақшаларда, мектепте мемлекет тарапынан тегін тәрбие мен білім алуға құқылы. Міне, біздің «Гүлдер» балабақшасында да, осы балаларды қорғау күніне арналған «**1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күні**» атты мерекелік шара өткелі отыр.

Балалар күніне арналған мерекелік ертеңгілігімізді ашып беру және мерекелік лебізін білдіру үшін сөзді балабақша меңгерушісіне сөз кезегін береміз.

Жүргізуші:

Жүздерінен мейірім мен нұр тамар

Алдарыңда жауқазындай құлпырған

Алаңсызда балғын шақты балалар

Құшақ жая қарсы аламыз сіздерді

Би: Би билеп, әнде бүгін шырқалар – дей отыра, «Тәрбиеші мен бүлдіршіннің диалогы» әсем әнге салып орындайтын балабақшамыздың тәрбиешісі мен тәрбиеленушілерімізді ортаға шақырамыз.

Жүргізуші: Тамаша! Қандай көңілді ән десеңші! Сәбидің көкейінде бәрін білсем деген сұрақ әсте таусылған ба?!

Сайқымазақтардың келуі: Бұл не деген мереке? Нені тойлап жатырсыңдар?

Жүргізуші: Бүгін бізде, 1 - маусым балалар күніне арналған үлкен мерекелік шара өтіп жатыр. Бізбен бірге тойлағыларыңыз келсе, қалып тойлауға болады. Балалар, сайқымазақтарды қалдырамыз ба?

Балалар: Иә, қалдырамыз.

Сайқымазақтар: Қане, балалар онда сендермен бір көңіл көтеріп ойын ойнайық.



Ойынымыздың аты

«Кім жылдам?»

Ойынның шарты: Үстел үстінде тұрған ыдыстағы суды түтікшемен ішіп тауысу. Ойынға әр топтан 5 бала қатысады.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар. Бәріңіз де епті екенсіңдер.

Өнері де өрілген,

Биіктерден көрінген

Бишілерді шақырсақ

«Домбыра» биін билеген – балабақшамыздың биші бүлдіршіндерін қарсы алайық.

Жүргізуші: Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы

Достығымыз жарасқан.

Осы кезде әуенмен Тәттібек пен Джек келеді.

Джек: Хеллоу чилдрен! Сәлеметсіздер ме, балалар. Бүгінгі балаларды қорғау күні құтты болсын. Рұқсат болса, бізде сендермен бірге мерекені тойлайықшы. Қызықты

болсын деп, бәріміз бірге ойын ойнайық.

Балалар: Алақай!!! ойнайық.

Ойын: «Тәттіні тасымалдау»

Ойынның шарты: Қолымызды артымызға қойып, үстел үстіндегі тәтті кәмпиттерді ауызбен тасымалдау.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Сүйікті балалар, бүгін сендердің тойларың жер бетіндегі балалардың достық мерекесі. Джек өзімен бірге Дараны да ертіп келіпті. Ол өзінің жүрек жарды тілектерін айтуға ниет білдіріп тұр.

Дара: Хеллоу чилдрен, хоу а ю. Ай кам хия ин адэ ту селибрейт уиз чилдренз дей. Ай уиш ю хапинес, энд опенед скай.

Жүргізуші: Тэнк ю Дара

Аю мен қоян: өздерімен бірге Қызыл телпекті ала келеді.

Аю мен қоян: бұл не деген мереке?

Жүргізуші: Бұл 1 - маусым балаларды қорғау күні мерекесі. Келіңіздер, бізбен бірге көңіл көтеріңіздер.

Жүргізуші: Ертегі елінен «Бауырсақ» ертегіні алып келіпті. Ертегі тамашалайық.

Қызыл телпек: Бұл жерде не болып жатыр?

Жүргізуші: Бұл 1 - маусым балаларды қорғау күні мерекесі. Кел төрлет, бізбен бірге көңіл көтер.

Қызыл телпек: Здравствуйте, ребята. Я пришла вас поздравить. Я желаю вам крепкого здоровья и счастливого детства!

Олай болса, ойынымызды бастайық.

Ойынымыздың аты: «**Кім мықты?**»

Ойынның шарты: Алдымыздағы гүл мен доптарды екіге бөліп, екі себетке салайық.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, өте тамаша ойын болды.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, келесі кезек тағы әсем әнге беріледі.

Балабақшамыздың өнерлі бүлдіршіні Ақдидардың орындауында «**Туған өлке**» әні. Қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Балалар, бізге африка елінен тағы да қонақтар келіпті. Қане, қарсы алайықшы.

Би: «Чунга - чанга»

Осы кезде Томпақ келеді: Қандай ғажайып әлем! Мен қай жерге келдім.?

Жүргізуші: Бұл «Гүлдер» балабақшасы елі. Бұр балабақшада ақылды, әдемі, өнерпаз балалар тұрады. Бүгін бізде үлкен мереке. Кел, Томпақ бізбен бірге көңіл көтер.

Томпақ: Жарайды балалар.

Олай болса, Томпақпен бірге көңіл көтеріп алайық.

Би: «Томпақ»

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар.

Ән көмейден құйылды.

Қайғы бұлты шегінді.

Балалар мен дүние

Көрікті де, көңілді.

Құрметті қонақтар, қымбатты балалар! Бүгін естен кетпес керемет мерекелік шарамызды өткізіп отырмыз. Аспанымыз ашық, болашағымыз жарқын болсын.

Осымен, «**1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күні**» атты мерекелік іс - шарамыз аяқталды. Балалардың бәрін бірге

«**Ай, бюджет круто**» биіне шақырамыз.

Жаз да келді көңілді.

Келді гүл мен өрнекпен.

Ел бақыты мерейлі,

Балалары әндетті.

Гүлмен келсін келер күн.

Бала бағы бар елдің

Балалардың күлкісі

Көркі, сәні әлемнің

Кері қайту

«Менің қанатты достарым»

Тақырыбы: «Құстарға жем беру»

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру; балалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой-өрісін дамыту; құстарды қорғауға, оларға қамқор болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: құстар, ұя, жем, қарлығаш сөздерін қосу.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ғажайып сәт, жұмбақ жасыру, өлең оқу, сергіту сәті, «Мысық пен торғайлар» ойыны, пысықтау.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.

Қарлығаштың суреті, ағаштың басындағы ұяның суреті.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

Шаттық шеңбері.

Амансың ба, алтын күн!
Амансың ба, көк аспан!
Амансың ба, құстарым!
Амансың ба, достарым!
Сендерді көрсем қуанам!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Тосын сәт.

Педагог:

- Балалар, бізге бір құс ұшып келді.



- Бізге қарлығаш ұшып келді. (Қарлығаштың суретін көрсету.)
- Қарлығаш - адамның досы, жанашыры, қай кезде де қамқор боп жүретін адал құс. Қарлығаш өте пайдалы құс.
- Қарлығаштың құйрығы қандай? (Қарлығаштың құйрығы айыр.)
- Түсі қандай? (Кеудесі ақ, үсті қара.)

2.2. Жұмбақ жасыру.

Тал басында тамаша үй. (Ұя.)

(Кіші топтың балаларына жұмбақ жасырғанда суретті көрсету керек.)

- Бұл ненің үйі? (Құстың үйі.)
- Ол қайда орналасқан? (Ағаштың басында.)
- Құстың үйі қалай аталады? (Ұя.)

Балаларға бірге және жеке қайталату.

Құстарға жем беру.



2.3. Өлең оқу.

«Құстар біздің досымыз».

Құстар тойын құттықтар,
Қуанамыз қолдаймыз.
Ұя жасап құттықтап,
Біз оларды қорғаймыз.

2.4. Сергіту сәті.

Құстар болып ұшамыз, (қанат жайып ұшу)
Құстарға жем шашамыз, (құстарға жем себу)
Құстарға ұқсап жем жейміз (бастарын жоғары және төмен көтеру)
Құстарға ұқсап су ішеміз (басты шалқайта көтеру)
Құстар болып ұшамыз (қолды жайып ұшу)

2.5. «Мысық пен торғайлар» ойыны.

Мақсаты: балалардың қимыл шапшаңдығын дамыту.

Жерді шеңбермен белгілеу керек (диаметрі 5-6 м). Педагог тағайындаған бала ортада жүреді. Ол мысықтың рөлінде болады. Қалған балалар шеңбердің сыртында жүреді. Олар торғайларды ойнайды. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді. Мысық торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Мысыққа ұсталып қалған торғайлар шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойыншыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Ұсыныс: мысық ақырын барып торғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді). Кіші топта мысықтың рөлін педагог ойнайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Жарайсыңдар, балалар! Бүгін қандай жақсы нәрселерді үйрендік?
- Балалар, бүгін құстарға қамқор болуды, оларды күту керектігін үйрендік. Ендеше, балалар, бәріміз қосылып айтайықшы. Құстарымыз аман болсын!
- Тамаша! Балалар, жарайсыңдар!

«Гүлдер апталығы»

«Гүл шалғыны»

Оқу қызметінің мақсаты

Дала гүлдері туралы ойларын жинақтау; гүлдердің әсемдігіне көңілдерін аудару; еске сақтау, сөйлеу қабілетін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Бақбақ, түймедақ.

Әдіс-тәсілдер

Сергіту сәті, жұмбақ шешу.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Дыбыстық жазба, көбелектің кейіпкері, бақбақ пен түймедақтың суреті (А4).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

А4 өлшемді бақбақ пен түймедақтың сурет карталарына 2 дана, әр гүлге 8 карточкадан.

Оқу қызметінің барысы

1.1. Педагог зейін қойып тыңдайды:

- Қараңдаршы, балалар, не ұшып жүр?
- Көбелек.

Педагог:

- Балалар, бізге не ұшып келді?
- Көбелек.



- Көбелекке сәлем берейік.

Педагог:

- Балалар, қараңдаршы көбелек қандай әдемі!
- Көбелекте не бар?

- Әдемі қанаттары бар.

Көбелек:

- Мен ұшып бара жатып көптеген гүлдерді көрдім, сендерге ұшып келуге шешім қабылдадым.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Көбелек:

- Сендер шалғындағы гүлдердің қалай аталатынын білесіңдер ме?

Балалар:

- Ия.

Көбелек:

- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, шешімін табасыңдар ма?

Балалар:

- Ия!

Педагог:

- Көбелек қандай жұмбақ жасыратынын мұқият тыңдаймыз.

Көбелек:

- Өзіне шап-шақ,

Киген қалпағы аппақ.

Балалар тұр қаптап. (Бақбақ)

- Балалар, бір сәт біз де гүл болып жайқалып тербелейікші.

Шаршағанда ырғалып (балалар орындарынан тұрып, жаймен тербеліп тұрады),

Гүлге ұқсап демалам (отырады).

Қанатымды бір қағып (қолдарын жоғары көтереді),

Гүлдей болып жайқалам (қолдарын жоғары көтереді).

2.2. Көбелек:

- Мен тағы бір жұмбақ жасырамын.

Көзі сары, кірпігі ақ.

Шалғын мен гүлзарда өседі.

Дәрі жасар бұл гүлден,

Емдер күйік, тынысты (түймедақ).

Балалар шалғыннан түймедақ гүлін тауып көрсетеді.

Көбелек қуанғаннан қанаттарын сермеп, гүлді дұрыс тауып көрсеткені үшін балаларды мақтайды.

Педагог балаларға гүл туралы өлең оқып береді.

Гүлім, гүлім, өсе бер,

Әдемі боп, асыл боп.

Күндей жайнап кете бер,

Қызыл, сары, жасыл боп.

2.3. Сергіту сәті.

Шаршағанда ырғалып (орнынан тұрып тербелу),

Гүлге ұқсап демалам (орнына отыру).
Қанатымды бір қағып (қолды екі жаққа қағу),
Гүлдей болып жайқалам (қолды жоғары көтеріп тербелу).

2.4. «Гүл шоғын жинайық» қимылды ойынын өкізеді.

Балалар орындықтарда отырады, әрқайсының қолында белгілі бір түсті гүл бар. Педагог балалардан біршама қашықтықта тұрады, қолына кез келген түсті гүлді ұстайды.

Педагог:

- Мен ақ гүл шоқтарын жинағым келеді. Қолдарында ақ гүлдері бар балалар педагогке жүгіріп келіп, қолдарын жоғары көтеріп гүлдерін көрсетеді. Содан кейін балалар өз орындарына оралады. Педагог сары гүлді көрсетіп, сары гүлшоқтарын жинағысы келетінін айтады.



Оған сары гүлдері бар балалар жүгіріп келіп, дәл осылай көрсетеді. Педагог



- Көбелек, ойын саған ұнады ма!

Көбелек:

- Әрине, балалар, сендермен ойнаған маған өте ұнады! Үйіме қайтатын уақыт та келді.

Педагог:

- Балалар, көбелекпен қоштасайық. Сау болыңыз!

Балалар қоштасады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бізге қонаққа қандай жәндік ұшып келді?

- Көбелек.

- Шалғында қандай гүлдерді көрдік?

- Бақбақ, түймедақ.

- Біз қандай гүлдерден гүлшоқтарын жинадық.

- Бақбақ пен түймедақтан.

- Көбелекпен ойнау сендерге ұнады ма?

- Жарайсыңдар!

«Денсаулық апталығы»

«Дені саудың жаны сау»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды заттардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыта отырып, балалардың заттардан аттау кезіндегі ептілік қабілеттерін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету.

Сөздік жұмыс

"Дала ыстық", "Демалады", "Суға шомылады", "Ойын ойнайды", "Күнге күйеді", "Ойын-сауық" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сұрақ-жауап, әңгімелесу, жалпы дамыту жаттығуларына дайындық, жалпы дамыту жаттығулары, "Маған қарай секіріңдер" қимылды ойыны, тыныс алу жаттығуы.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жаз мезгілі, жаз мезгіліндегі ағаштар, жарқыраған күн, өзенде шомылып жүрген балалардың суреттері, текшелер, ойыншықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып, сұрақтар қояды.

- Балалар қазір жаз мезгілі. Жаз мезгілінде айнала қандай болады?

- Дала қандай?

- Ал ағаштар ше?

- Ауа қандай?

- Терезеге не түсіп тұр бар?

- Жаз қандай болады? Ыстық.

- Жазда балалар не істейді? Демалады, суға шомылады, ойын ойнайды, күнге күйеді.



- Иә, балалар. Жаз мезгілі балалардың ең сүйікті мезгілі десе де болады. Себебі балалардың ойын-сауық ұйымдастыратын кезеңі.
- Олай болса, бәріміз бір қатарға тұрып, денелерімізді түзу, тік ұстаймыз.
- Жарайсыңдар!

1.2.

- Тізбекпен қойылған заттардың арасымен аяқ пен қол қимылын үйлестіріп, тізені жоғары көтеріп жүреміз, жай жүру кезінде аяқтың ұшымен және өкшемен жүреміз, қолымызды белімізге қойып, музыка ырғағына сәйкес адымдап, би элементтерімен еденді тарсылдатып жүреміз. Тамаша! Балалар педагогтың соңынан қайталайды.
- Бір ізбен екі аяқтың өлшемі бойынша аяқты кезек алмастырып, тізені тік ұстап жүреміз. Жарайсыңдар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жалпы дамыту жаттығулары

Педагог:

- Балалар, шеңбер болып тұрайық.

1. "Керілу жаттығулары".

- Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою.
 - Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін жанға қарай созады, одан кейін керісінше осы ретпен кезек-кезек қайталайды.
- Жаттығу баяу, ақырын жасаулағ тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу дем шығару.

2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар".

- Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.
- Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау;
- Түзу тұрған қолды айналдыру.
- Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін кейін серпиді де, осы қимылдар бірнеше қайталанады.

3. "Аяққа арналған жаттығулар".

- Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.
- Аяқтың ұшымен көтерілу, қайтадан біртіндеп өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау)

2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

Заттардан аттап жүру;

Заттарды аттап жүрудегі қимыл белсенділігін қалыптастыру.

Педагог балаларды жаңа қимыл түрі -заттарды аттап жүру жаттығуын өзі алдымен жүріп отырып, балаларға үйретеді.

Педагог:

- Балалар, ортада тұрған заттарға денемізді тигізбей (бір қатарда текшелер, екінші қатарда әртүрлі ойыншықтар), оларды құлатпай, ұқыпты аттап өту ережесін сақтауымыз қажет. Ол үшін менің артымнан бірге жүреміз. Педагог балаларды жаттығу барысында шабыттандыру үшін "Бәріміз күшті боламыз!", "Жарайсың!", "Керемет!" деп жиі айтып отырады.

2.3."Маған қарай секіріңдер" қимылды ойыны.

Педагог балаларды екі топқа бөліп, өзінің белгісі бойынша өзіне қарай таяқшалардан аттап, секіру керек екенін айтады. Ойын әр топтан екі баладан шығып, жарыс түрінде ұйымдастырылады. Балалар заттардан екі аяқпен секіруі қажет. Секірген кезде заттарды баспай, жеңіл секіру керек екені ескертіледі. Педагогқа бірінші болып жеткен бала және бала саны көп топ жеңімпаз болады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Тыныс алу жаттығуларын жасау кезінде педагог балалардың қолдарын жоғары көтеріп, дем алып, қолдарын төмен түсіріп, дем шығару жаттығуларын дұрыс жасауын қадағалайды. Балалар шеңбер бойымен ақырын жүре отырып, қолдарын, аяқтарын сілкілеп, ағзаның толық дем алуына мүмкіндік береді. Тыныс алу жаттығуларының соңына қарай педагог оқу қызметінің аяқталғанын хабарлайды.

«Жануарлар апталығы»

«Ертегілер еліне саяхат»

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларды «Бауырсақ» ертегісінің желісімен таныстыру; ертегі кейіпкерлерінің сөздерін қайталауға машықтау, олардың қимыл-қозғалыстарына еліктеуді үйрету; тілін, еске сақтауын дамыту; ертегі желісі бойынша эмоционалды қатынасқа түсе білу қабілетіне тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Ертегі, бауырсақ, қаштым, жеймін сөздері арқылы сөздік қорды байыту.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ғажайып сәт, көркемсөз, ертегіні мәнерлеп оқу, ертегі желісі бойынша слайд немесе мазмұнды суреттер көрсету, сөздік жаттығу, аудиожазба тыңдау («Бауырсақтың әні») немесе бейнеролик көру.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.

«Бауырсақ» ертегісінің желісі бойынша слайд, суреттер, үстел театры, «Бауырсақтың әні» аудиожазбасы.

2. Үлестірмелі материалдар.

Кейіпкерлер маскалары, суреттері.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ



Педагог:

- Балалар, бізге қонаққа Еркежан әжей келіпті. Ол өзінің пісірген бауырсағын іздеп жүр екен. Бауырсағы ғажайыптар әлеміне кетіп қалған сияқты.

1.2. Көркемсөз.

Еркежан әжей
Нан иледі.
Нан иледі,
Ыдысқа салды.

Еркежан әжей
Бауырсақ пісірді.
Бауырсақ пісірді,
Терезеге қойды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ертегіні мәнерлеп оқу.

Ертегі желісі бойынша бірнеше слайд немесе мазмұнды суреттерді көрсету.

Педагог:

- Балалар, сендерге бауырсақ туралы қызықты ертегі оқып берейін.

«Бауырсақ».



- Ертеде ата мен әже болыпты.
Ата әжеге:
- Бауырсақ пісіріп берші, - дейді.



Әже қойманы сыпырып,
Қапты қағып,
Қаймаққа аунатып,
Қып-қызыл бауырсақ пісіріп, терезе алдына суытып қояды.



Ал бауырсақ терезеден қарғып түсіп, орманға қарай жолмен домалап кетеді.



Домалап келе жатқанда алдынан қоян шығады:

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін!

Бауырсақ:

- Қоян, мені жемеші, мен саған өлең айтып беремін ...

Мен бауырсақпын, бауырсақ,

Менің бетім домалақ.

Мен атамнан қаштым,

Мен әжемнен қаштым,

- Ал, қоян, енді сенен де қашып кетемін!

Бауырсақ қояннан қаша жөнелді. Қоян сол жерде қалды.



Бауырсақ әрі қарай домалап келе жатыр. Алдынан қасқыр шығады:

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін!

Бауырсақ:

- Қасқыр, мені жемеші, мен саған өлең айтып беремін ...

Мен бауырсақпын, бауырсақ,

Менің бетім домалақ.

Мен атамнан қаштым,

Мен әжемнен қаштым,

Мен қояннан қаштым,

- Ал, қасқыр, енді сенен де қашып кетемін!

Бауырсақ қаша жөнеледі. Қасқыр тұрған жерінде қалыпты.



Бауырсақ әрі қарай домалап келе жатыр. Алдынан аю шығады:

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін!

Бауырсақ:

- Аю, мені жемеші, мен саған өлең айтып беремін ...

Мен бауырсақпын, бауырсақ,

Менің бетім домалақ.

Мен атамнан қаштым,

Мен әжемнен қаштым,

Мен қояннан қаштым,

Мен қасқырдан қаштым.

- Ал, аю, енді сенен де қашып кетемін!

Бауырсақ қаша жөнелді. Аю тұрған жерінде қалыпты.



Бауырсақ әрі қарай домалап келе жатыр. Алдынан түлкі шығады:

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін!

Бауырсақ:

- Түлкі, мені жемеші, мен саған өлең айтып беремін ...

Мен бауырсақпын, бауырсақ,

Менің бетім домалақ.

Мен атамнан қаштым,

Мен әжемнен қаштым,

Мен қояннан қаштым,

Мен қасқырдан қаштым,

Мен аюдан қаштым.

- Ал, түлкі, енді сенен де қашып кетемін!



Түлкі болса:

- Туу, құлағым естімей қалыпты, өлеңінді мұрныма отырып айтып берші.
Бауырсақ түлкінің мұрнына отырып, өлеңін бастағаны сол екен, қу түлкі аузын «Ап!» деп ашып, бауырсақты жұтып қойыпты.

2.2. Сергіту сәті. «Бауырсақ кімнен қашты?»

(Педагогтің сөздерді айтуы және қимылдарды балалармен бірге қайталауы маңызды.)

Педагог балаларды ашық алаңға шақырады.

- Балалар, «Бауырсақ» ертегісінде қандай аңдар кездесетінін анықтайық.
- Ертегідегі кейіпкерлерді жұмбақтап айтып тұрамын. Кім жауабын тапса, соған кейіпкердің бетпердесін беремін.

Терісі сұр, өткір тісі бар,

Қарны аш болса, аңға шабар.

Жауап берген балаларға аңдардың бетпердесі таратылады.

- Жарайсыңдар! Қасқыр. Енді қасқыр сияқты жүресіңдер.

Тұмсығы үшкір, құйрығы қалың,

Айнала жүріп, алдайды барлығын.

- Жарайсыңдар! Түлкі. Енді түлкі сияқты жүресіңдер.

Қыли көз, ұзын құлақ,

Секең-секең, ұшқалақ.

- Жарайсыңдар! Қоян. Енді қоян сияқты секіресіңдер.

Маймаң басып, асықпайды,

Бал жегенді қалайды.

- Жарайсыңдар! Енді аюға ұқсап маймаңдайсыңдар.

Әуен қосылады. Педагог кейіпкерлерді атап жатады. Балалар кейіпкерлердің қимылын көрсетеді. Педагог өзі бастап көрсетеді.





- Балалар, мен кейіпкердің суретін көрсетемін, ал сендер оны тауып, Еркежан әжейге қимылмен ғана көрсетіңдер. Еркежан әжей тауып көрсін. Балалар суретке қарап, кейіпкердің қимылдарын педагогтің соңынан қайталап көрсетеді.

2.3. «Кейіпкердің сөздерін жалғастыр» сөздік ойыны.

Мақсаты.

Ертегі кейіпкерлерінің сөздерін есте жаңғырту арқылы қайталау.



Үстел театрын құру, кейіпкерлерді кезегімен шығару, балаларды жекелеген тіркестерді айтуға талпындыру.

- Бауырсақ қалай тақпақтатады? Қайталаңдар.
- Мен апамнан қаштым, мен атамнан қаштым, қояннан қаштым, қасқырдан қаштым, аюдан қаштым. Сенен де қашып кетемін.
- Тамаша! Жарайсыңдар!

2.4. «Бауырсақтың әнін» мәнерлеп айтып беру.

Мен бауырсақпын, бауырсақ,
Қып-қызыл болып піскен.
Қоймадан табылған,
Қаптан қағылған,
Қаймаққа аударылған.
Атасынан қашып кеткен,
Әжесінен қашып кеткен,
Қояннан қашып кеткен,
Қасқырдан қашып кеткен.
Аюдан қашып кеткен,
Түлкіге жем болған.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Балаларды белсенділіктері үшін мақтау және ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау.

Педагог:

- Балалар, біз бүгін қандай ертегі оқыдық? Бауырсақ туралы.
- Бауырсақ не істеді?
- Атасынан қашып кетті.
- Әжесінен қашып кетті.
- Қояннан қашып кетті.
- Қасқырдан қашып кетті.
- Аюдан қашып кетті.
- Түлкіге жем болды.
- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатстыңдар. Жарайсыңдар, балалар!
- Ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталды, сау болыңдар!

«Астана бас қала» апталығы

«Жайнай бер Астана!»

Мақсаты: Елордамыз Астана туралы балалардың танымдық оқу қызметін қалыптастыру. Балалардың туған елге сүйіспеншіліктерін арттыру. Отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, өз Отанына қызмет етуге, [мақтан етіп](#), қадір тұтуға патриоттық сезім қалыптастыру.

Көрнекілігі:

Рәміздер суреттері; Астана қаласының суреті.

Әдісі: Әңгіме, Сұрақ-жауап, Мәнерлеп оқу.

Әнұран;

Жүргізуші: Сәлеметсіздерме балабақша бүлдіршіндері және ұжымдастар, ата-аналар. Көшелері құлпырған сала-сала

Аландары кең құшақ сайран дала.

Көргендері арлы арудан айнымайтын

Ақ көңілді кең пейіл қайран қала – дегендей бүгінгі «Ақшағала» және «Ақсұңқар» тобының мәнерлеп оқу сайысына хош келдіңіздер.

Бүгінгі сайысымыздың мақсаты: Елордамыз Астана туралы балалардың танымдық оқу қызметін қалыптастыру. Балалардың [мәнерлеп оқу дағдыларын](#), туған елге сүйіспеншіліктерін арттыру.

Сайыс 3 бөлімнен тұрады.

Алғашқы турда бүлдіршіндер тәрбиешілерімен бірігіп дайындаған өздерінің өлең шумақтарын мәнерлеп оқиды және екінші бөлімде өзін дайындаған мақал-мәтелдерді жалғастыру, толықтыру керек және соңғы кезең сұрақтарға жауап беру;

1. «Гүлдер» тобы:
2. «Күншуақ» тобы:
3. «Қарлығаш» тобы:
4. «Ақ көгершін» тобы:

5. Жүргізуші: Ән көңілмен құйылды

Қайғы бұлты шегілді

Балалармен дүние

Көрікті де көңілді Ал олай болса «Гүлдер» тобының балаларының тақпақтарын тыңдайық.

Айдина:

Жайнай өсті, Астана

Бәйтерегі көк тіреп

Болды Астана бас қала,

Іске асты көп тілек.

Медина:

Әсем үйлер самсаған,

Көшелері көсілген

Тұрды қала аңсаған,

Сарарқаның төсінен

Жәнібек:

Ағады ерке Есілі,

Астанада нәр алып.

Кеткен қала есімі,

Жер шарына таралып.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар өте тамаша!

Ал енді «Жұлдыз» тобының орындауында

Би: Балапан

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар орындарыңа жайғаса қойыңдар! Олай болса кезекті «Ақ көгершін» тобының тақпақтарына берейік.

1.Бала:

Отан мен менің ата-анам

Отан досым баырым

Отан өлкем Астана

Жаса жаңа Астана

2.Бала:

Өркен жая бастаған

Болашақтың есігін

Өз қолыңмен аш маған Нұрия

Сарарқаның төрінде

3.Бала:

Ұлы көшті бастаған

Мақтанышым бас қалам

Ару қалам Астанам. Мадияр

Сұлу қалам -жас қалам

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, өте жақсы дайындалып келіпсіңдер, өнерлерің өрге жүзсін, енді сайысымыздың келесі бөліміне өтеміз. Бұл бөлім «Мақалды жалғастыр» деп аталады. Аты айтып тұрғандай сайыс шарты: мен мақал-мәтелдердің бірінші жолын айтамын сендер артын жалғастырасыңдар.

1. Отан-отбасынан басталады.
2. Отан оттан да ыстық.
3. Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.
4. Отансыз адам —
Ормансыз бұлбұл.
5. Туған жер – алтын бесік.
6. Отан үшін отқа түс – күймейсің

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Туған жер, Отан туралы мақал – мәтелдерді де жатқа біледі екенсіңдер!

Нұр төгілген бас қалам

Шуақ шашып бәріне

Өсе берсін Арайлы

Бой көтерген Астана!!!, -демекші тағыда «Гүлдер», «Күншуақ», «Қарлығаш», «Ақ көгершін» тобының балаларының орындауында ән тыңдап тынығып алайық.

Ән: «Ағалардай боламыз» «Балдырғандар маршы»

Жүргізуші: Өте тамаша ән салады екенсіңдер жарайсыңдар!

Ән: «Бала, бала баламыз»

Жүргізуші: Өте тамаша ән салады екенсіңдер жарайсыңдар!

Бейбітшілік әніміз

Бауырласпыз бәріміз

Қазақстан даласында

Жарасады сәніміз – дей келе соңғы бөлімге өтеміз. Бұл бөлімде мен сендерге сұрақ қоямын. Қол көтеріп, дұрыс жауап берген балаға жұлдызша беріп отырамын. Соңында әр балада неше жұлдызша болса сонша ұпай береміз.

1. Біздің мемлекетіміз қалай аталады?
2. Біздің астанамыз қай қала?

3. Елбасымыздың аты кім?
4. Мемлекеттің рәміздерді кім біледі?
5. Біздің ұлтымыз қандай?
6. Астанаға биыл қанша жыл толды?

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, енді барлық бүлдіршіндерді биге шақырамыз.

Би: флешмоб

Басына «Бәйтеректің» құт дарыған

Шапағат [шам шырағы тарап жатыр](#),

Алыстан шырай шашқан оттарынан

Көк ту ұстап ұлы ғасыр көшінде,

Құйылғандай [мұхит суы Есілге](#)

Қазақ елін кең әлемге танытып,

Астана тұр Сарыарқаның төсінде.

«Гүлдер», «Күншуақ», «Қарлығаш» және «Ақ көгершін» тобының балаларының қатысуындағы өткен мәнерлеп оқу сайысы өз мәресіне жетті. Бүлдіршіндерді жеңістерімен құттықтаймыз. Жарайсыңдар балалар өркендерің өссін! Астанамыз гүлденіп, көркейе берсін! Келген әрбір қонақтарды шаттыққа бөлейтін жерлері көп болсын деп Астана күніне арналған мәнерлеп оқу сайысымызды аяқтаймыз.

«Отбасы» апталығы

Тақырыбы: Отбасы туралы әңгімелеу.

Мақсаты: «Отбасы» құндылығының маңыздылығын ашу.

Міндеттері: - отбасы туралы түсінік беру;

- отбасына деген жағымды қарым - қатынастарын дамыту;

- отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі - құралдар: Суреттер.

Шаттық шеңбері: - Қайырлы таң, балалар! мен сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. Бүгінгі сабағымызда отбасымыз туралы әңгімелесетін боламыз.

Адам дүниеге келеді, айналасына қарап өседі, айтыңдаршы, сәби дүниеге келгенде ең алғаш кімді бірінші көреді?

- Анасын.

Көрнекілікпен жұмыс, слайд арқылы отбасы туралы түсінік беру.

Әңгімелесу: Балалар мен сендерге А. Асылбектің «Жанұя» өлеңін оқып берейін;
Жанұя

Сенде де бар жанұя,

Менде де бар жанұя.

Үлкенде де, кішіде,

Жанұя бар әрбір кісіде.

Балалар «Жанұя» дегенді қалай түсінесіңдер?

Таулық, сыйластық, сүйіспеншілік, шаттық

Ойын: «Көршіңе қуаныш сыйла» атты ойын ойнатылып, көңілдері көтеріледі. Ойын ырғақты әуенмен өтеді. Ойында балалар көрші достары туралы өз ойларын айтады.

Дәйексөз: «Адамға ең қымбат - отбасы» деген халық даналығын бүгінгі сабағымыздың дәйексөзі ретінде түсіндіру.

Отбасы – бұл сенің ең жақын адамдарың: атаң, әжең, әкең, анаң, бауырың, інің, әпкең.

Дәптермен жұмыс: - Дәптерде берілген үйдің терезелеріне отбасы мүшелерінің суреттерін салыңдар.(әке, ана, ата, апа, іні).

Сергіту сәті: Қимыл - қозғалыспен көрсету.

Атамның алып күрегін,

Ауланың қарын күредім.

Әжеме мен құдықтан,

Су әкеліп беремін.

Еденді де жуамын,

Шаң - тозаңды қуамын.

Қорытындылау:

- Бүгін сабақта біз отбасымызды жақсы көруге, отбасындағы адамдарды сыйлауға, көмектесуге үйрендік. Отбасы бізді жақсылыққа, әдептілікке үйрететінін білдік.

Жүректен жүрекке:

Балалар мына ойыншық жүрекшені қолымызға ұстап Н. Айтовтың өлеңін бірге айтайық:

Бір шаңырақ астында, Тату - тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран құрамыз!

«Қауіпсіздік» апталығы

Үйдегі қауіпсіздік ережесі

Білім беру саласы: денсаулық, әлеумет, қатынас

Бөлімі: қауіпсіз мінез құлық негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Үйдегі қауіпсіздік ережесі»

Мақсаты: балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпті жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын дамыту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап сақтауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: қауіпті, қауіпсіз.

Заттық дамыту ортасы: газ плита, сіріңке, үтік, ертегі кейіпкерлері бейнеленген суреттер

Инновациялық технологиялар: денсаулық, тәжірибелі- ізденістік, ойын.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,

Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

Балалар шеңберге тұрып үш тілде сәлемдеседі.

Ұйымдастырушылық -ізденістік

- Балалар, қауіпсіздік дегенді қалай түсінесіңдер?

Балалар: Қауіпсіздік - дегеніміз ол өзін қорғау және сақтау.

Тәрбиеші:

- Әр уақытта әртүрлі жағдайлардың болуы мүмкін. Бүгін біз, Айсәуле деген қыздың үйінде жалғыз қалғаны кезінде қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін түсіндіру.

«Мен үйдемін» ойын жағдаяты:

- Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, ештемеге тиіспе»- деп ескертеді.

Үйде жалғыз қалған қыз шәй ішкісі келеді. Ол ас бөлмесіне барып, газ плитаға келіп, **сіреңкені қолына** алып, оны жағуға тырысады.

- Балалар, Айсәуле дұрыс жасады ма? От жағуға болады ма?

- Әрине, сіріңке жағуға болмайды өрт шығады, газды да ашуға болмайды ол тез тұтанып жарылады.

- Ал, оның шай ішкісі келіп тұр ғой, шайдан басқа не ішуге болады?

- Сүт, айран ішуге болады, дәрумендері көп.

Айсәуле сіреңкені орнына қойып, шәйдің орнына сүт құйып ішеді. Осы кезде біреу келіп есік қағады, кішкентай қыз **есікті ашуға** тез-тез бара жатыр, ол бірден есікті ашпақ. Есікті бірден ашқан дұрыс па?

Балалар өз ойларын жеткізуге тырысады.

- Бір кезде Айсәуле анасының келуін күтпей өзі көйлегін **үтіктемекші** болып, үтікті тоққа қосайын деп жатқанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтамады?

- Үтікті тоққа қосуға болмайды, киім немесе қолын күйдіріп алуы, өрт шығуы мүмкін.

Кенеттен жарық өшіп, бөлме қараңғы болды, ал Айсәуле болса **балауыз шамды** алып оны жақты. Балауыз шам еріп, қисайып құлап жанып өрт шыға бастады.

- Балалар, өрт өте қауіпті, оны қалай өшіруге болады өрт неден қорқады

Балалар: судан, қардан, құмнан және қалың матамен

Сергіту сәті:

Балалар сергіту сәтін Айсәулемен бірге қимылды әрекетпен орындайды.

Тәрбиеші:

- Айсәуле, сен біздің балалармен бірге отырып қауіпсіздік ережесін үйрен.

«Қауіпсіздік ережелерін сақтамаған кейіпкерлерді тап» дидактикалық ойыны:

- Мен сендерге қауіпсіздік ережесін сақтамаған ертегі кейіпкерлерін жасырамын, ал сендер тауып көріңдерші.

1. Қай ертегі кейіпкері үлкендердің рұқсатынсыз терезеден орманға жалғыз кетеді? (Бауырсақ)

2. Ал мына ертегі кейіпкерлерін қасқыр жеп қояды, себебі олар оған есік ашады. (Жеті лақ ертегісі)

3. Келесі кейіпкеріміз жалғыз орманға шығып, қасқырға әжесінің үйін қайда екенін айтқан үшін қауіпті жағдайға ұшырайды, ол кім? (қызыл телпек)

- Дұрыс, бұл кейіпкерлер қауіпсіздік ережесін сақтамады, ал сендер тағы қандай қауіпті заттарды білесіңдер?

Балалар: пышақ, қайшы, балға, дәрі дәрмек, ине, сіріңке т.б (Суреттерін көрсету)

- Ол құралдар қайда тұру керек?

- Ия дұрыс айтасындар, әр қайсысының өз орындарында тұру керек.

- Өте керемет, бұл заттарды тұрмыстық техникалар дейміз.
 - Қалай ойлайсындар, киім үтектеген соң, теледидар қарап, шаңсорғышпен тазалап болған соң не істеу керек?
 - Электрқұрылғыларды сөндіру керек себебі олар өте қауіпті, өрт шығуы мүмкін.
 - Өрт шыққан жағдайда 101 номерге қоңырау шаламыз.
- Тәрбиеші Айсәулеге қауіпсіздік ережесі туралы кітапты сыйға тапсырады.

Айсәуле: - Ой, балалар, рахмет сендерге мен енді үйге қайтайын, анам келіп мені іздеп жатқан шығар,- деп балалармен қоштасады.

Балалар Айсәулемен қоштасады.

Қорытынды

- Егер өрт шықса қайда хабарлаймыз? - 101
- Егер үйге бөгде адамдар кіріп бұзақылық жасап жатса? - 102
- Егер бір жерімізді жарақаттап, ауырып қалсақ қайда хабарласамыз? - 103
- Біз Айсәлеге қалай көмектестік?

Балалар сұрақтарға сөйлем құрап т жауап беруге тырысады.



«Жеміс жидектер» апталығы

«Шалқан» ертегісін сахналау

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға жеміс-жидек туралы түсінік беруді жалғастыру, олардың түрлерін ажыратуды үйрету; қабылдауын, еске сақтау, зейінін дамыту; жақындарына, достарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Белсенді сөздік қорға: жеміс-жидектер, дәмді, тәтті, алма, алмұрт, апельсин, банан, жүзім, ананас, алхоры (слива) сөздерін қосу.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ғажайып сәт, миға шабуыл, кері байланыс, сипап сезу, жемістерді ажырату, сергіту сәті, «Ғажайып қалта» дидактикалық ойыны, кейіпкермен қоштасу, пысықтау.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.

Жеміс-жидектердің суреті: алма, алмұрт, апельсин, банан, жүзім, ананас, алхоры (слива); мультфильмдер, қалта және себетке салынған жемістер мен жидектер.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Амансың ба, алтын күн!

Амансың ба, көк аспан!

Амансың ба, құстарым!

Амансың ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам!

1.2. Ғажайып сәт.

Осы кезде есік қағылып, топқа қонақ келеді.

Педагог:

- Тыңдандаршы, балалар, бізге біреу келіп тұр ма?

Балаларға қонаққа Дана келеді (қолында себетке салынған жемістері бар).

- Дана, сәлеметсің бе! Қош келдің!

Балалар Данамен амандасады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

Дана балаларға жеміс-жидек әкелгенін айтады. Себетте қандай жеміс-жидек бар екенін барлығы бірге қарастырады. Жеміс-жидектің муляждарын бір-бірден алып шығып, барлығының атауын сөзбен атайды.

Дана:

- Балалар, мен сендерге көп жеміс-жидек әкелдім. Сендер олардың атауларын білесіңдер ме?


Балалар:

- Иә, білеміз!

Суретте: алма, алмұрт, апельсин, банан, жүзім, ананас, алхоры (слива).

Балаларға қайталату.

- Жарайсыңдар!



2.2. Сергіту сәті.

Алма, алма, көп алма,

Қызыл, жасыл, көк алма

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

(Өлеңді оқып тұрғанда мазмұнын қимылдармен көрсету керек.)

2.3. Дидактикалық ойын. «Ғажайып қалта».

Шарты.

Қалтаның ішінде әртүрлі жеміс-жидектер бар. Қалтадағы жеміс-жидектерді қолмен сипау арқылы танып, атын және түсін сөзбен айту керек.

- Жарайсыңдар, балалар! Ойынды жақсы ойнадыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дана:

- Балалар, мен енді қайтайын. Мені үйде атам мен әжем күтіп отыр.

- Сендер жеміс-жидектер туралы көп білесіңдер екен. Бүгінгі ойнаған ойындарымыз өте қызықты болды. Көп рақмет!

- Сау болыңдар, балалар!

Балалар қонақпен қоштасады.

- Балалар, жарайсыңдар! Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатыстыңдар! Тамаша!

«Су» апталығы

Тақырыбы: Нептун күні

МАҚСАТЫ: Балаларға су тіршілік көзі екенін үйрету. Сумен ойнайтын ойындардың ережесін сақтай отырып, балалардың қимыл - қозғалысын, икемділігін, шапшандығын арттыру. Достыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

КӨРНЕКІЛІГІ: Нептун киім үлгісі, су құятын ыдыстар, сүзгі, су тапаншасы, сабынды көпіршіктер, шелектер, жасанды бассейн.

ЖҮРГІЗУШІ: Күн күлімдеп жел ойнайды,

Толқындар көңілді шулайды

Нептунға қонақтар асыға келеді

Балалармен қыздардың топтары.

ЖҮРГІЗУШІ: Балалар бүгін қандай күн?

БАЛАЛАР: Нептун күні.

ЖҮРГІЗУШІ: Сендер Нептунның кім екенін білесіңдер ме?

БАЛАЛАР: Ол көл патшасы.

ЖҮРГІЗУШІ: Олай болса Нептунды шақырайық.

БӘРІ: Нептун теңіз патшасы

Келе ғой, келе ғой, келе ғой.

НЕПТУН: Сәлеметсіздер ме балалар, құлағыма жетті, бұл мереке менің құрметіме арналған екен. Мен Нептун – көл патшасы, мерекелерің келіп тұрмын.

ЖҮРГІЗУШІ: Көл патшасы, сіздің құрметіңізге балалар тақпақтар айтып береді.

А. АРУЖАН: Су тіршілік негізі

Онсыз өмір сүрмейсің

Гигиена егізі –

Су деп және білгейсің.

САЯЖАН: Жер шары дәу әлем

Қоршалған ауамен

Ауасыз тұншығар

Өмір сүріп тамаша

Қуанайық балаша

РАХМАН: Үйде ванна, душ болса,

Салқын сумен құйынған

Ыстық сумен шомылсаң,

Салқын сумен шайынғын.

НЕПТУН: Жарайсыңдар, балалар. Мен сумен ойындар ойнағанды жақсы көремін.

Олай болса ойындарыңызды тамашалап, сендермен бірге ойнайын.

ЖҮРГІЗУШІ: Бүгінгі ойынымызға «Жұлдызша» тобы және «Ақтиін» тобы балалары қатысады.

1 - ОЙЫН: «Су тасушылар». Балалар бос шелегімен мәреге барады. Шелегін суға толтырып, келесі балаға шелегін береді. Келесі бала суды мәредегі ыдысқа төгеді.

2 - ОЙЫН «: Кім жылдам» Қолында сүзгі ыдыстарға суда тіршілік ететін жануар, құстарды өз жәшігін тасиды.

3 - ОЙЫН: «Суқұйғыштар». Қолында кесе толы су мәредегі банканы суға толтырады.

4 – ОЙЫН: «Мергендер». Екі топ су тапаншасынан бір - біріне су шашады.

5 - ОЙЫН: «Суда жүзушілер». Жасанды бассейнде әр топтан 2 баладан суда жүзеді.

ЖҮРГІЗУШІ: Нептун сізге балаларымыздың ойындары ұнады ма?

НЕПТУН: Әріне ұнады. Өте тамаша, қызықты сумен ойындар ойнадыңдар. Менің де сендерге сыйлығым бар. Міне сендерге сабынды көпіршіктер. Сендер сабынды көпіршіктерді үрлеп көңілді көпіршіктерді тамашалаңдар.

БАЛАЛАР: Рахмет, Нептун – көл патшасы.

Балаларды мақтау, рахмет айту.



«Көңілді күн апталығы»

Сабын көпіршіктерін үрлеу.

Көңілді күн апталығы

Музыкалық ойын - сауық: «Көңілді күн »

11.08.2023.

Өткізілетін орны: Балабақша ауласы

Мақсаты: Балаларға ойын ойнатып, билетіп, ән айтқыза отырып, мерекелік көңіл - күй сыйлау. Белгілі бір ойын шартын орындау дағдыларын шыңдау. Әр баланың қимыл - қозғалыс белсенділігін арттыру. Ұжымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Барысы:

Жүргізуші: — Қайырлы күн, балалар! Бүгін біз үшін ерекше күн! Балалар көптен күткен көңілді жаз мезгілі келді. Жаз мезгілі сендерге ұнай ма? Ұнайтын болса қол соғыңдаршы.

Қане, сендердің алақан дыбыстарын естілмей тұр. Қаттырақ қол соғайық!

Міне, керемет! Ендеше, осындай көтеріңкі көңіл - күймен «Көңілді алақандар мерекесін» бастаймыз!

Флешмоб «Топ - топ балақан»

Микки Маус пен қоян самокатпен жүгіріп келеді.

Қоян: — Балалар, балалар, сәлеметсіңдер ме?

Жүргізуші: — Қоян, неге сонша асығыссың? Қайдан келе жатырсың?

Қоян: — Мен бар ғой, мен, мен зообақтан келе жатырмын. Ол жақтан көптеген жануарларды көрдім. Қандай жануарларды көргенімді айтып берейінші сендерге. Соны сендерге айтып, көрсетуге асығып жеткенмін.

«Теңбілдер» жаттығуы

Микки Маус: — Туу, балалар, сендермен жаттығу жасаған қатты ұнап қалды. Тағы да жаттығу жасайықшы.

Хоровод: «Ручки - руки»

Сайқымазақ шығыршықтарын айналдырып келеді.

Сайқымазақ: — Сәлем, менің көңілді достарым! Менің көңіл - күйімнің көтеріңкілігі сонша, сендермен ойын ойнауға асығып келдім. Менің қолымдағы не екенін білесіңдер ме?

Балалар: — Шығыршықтар.

Сайқымазақ: — Ендеше, осы шығыршықтармен ойын ойнауға қалай қарайсыңдар?

Балалар: — Келісеміз, ойнайық!

Ойын: «Кім жылдам?» II кіші топтар: Құлыншақ, Қошақан, Балғын бөбек.

Мақсаты: Шапшаңдыққа, дәлдікке баулу.

Шарты: Қатар - қатар қойылған шығыршықтарды балалар әуен ырғағымен айналып жүреді, әуен тоқтағанда шығыршыққа жұптасып тұра қалулары керек. Осылайша шығыршықтар саны азая береді, үлгермеген балалар ойыннан шығады.

Сайқымазақ: — Қандай, алғыр балалар! Енді мен мына жердегі кіп - кішкентай, сүп - сүйкімді балалармен ойын ойнаймын

Ойнаймыз ба.?

Балалар жауабы.

Ойын: «Түрлі - түсті доптар» I кіші топтар: Қонжықтар, Балапан.

Мақсаты: Балаларға түстерді ажыратуға үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу.

Шарты: Түрлі - түсті доптарды түстеріне қарай себетке жинау.

Сайқымазақ: - Жарайсыңдар, балалар! Менде жинаймын деп шаршап қалдымғой.

Жүргізуші: — Жарайсыңдар, балалар! Ойын ойнап шаршаған боларсыңдар. Ендеше бір тынығып алайық.

Хоровод: «Бір оңға, бір солға»

Сайқымазақ: - Сендер менімен бірге бүгінгі күнді көңілді өткіздіңдер. Біздің сендерге арналған сыйлығымыз бар. Қош сау болыңдар!

Жүргізуші: - Балалар сендерге көп - көп рахмет келесі кездескенше.
Қош сау болыңдар!



ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Жалмауызды алдаған қыздар

Ертеде бір бай болыпты. Байдың ауру әйелі және үш қызы бар екен. Бір күні әйелі науқасынан айықпастан қайтыс болады. Біраз уақыттан кейін бай үйіне басқа әйел алып келеді. Бұл әйел қатыгез адам болып шығады. Ол байдың қыздарын жек көреді. Бір күні өгей шешелері қыздарын шақырып алып:

— Шырақтарым, бүгін сендер тоғайдан жеміс теріндер, – деп түбі тесік шелек береді. Қыздар:

— Алақай! Жеміс тереміз! – деп қуанып тоғайға кетеді. Тоғайға келіп, жеміс тере бастайды. Бірақ, терген жемістері тесік шелектен түсіп қала береді. Сол себепті қыздар тоғайда көп жүріп қалады.

Осы уақытта өгей шешелері әкесінің басын айналдырып, басқа жаққа көшіп кетеді. Кешке жақын қыздар әбден шаршап үйлеріне келсе, үй орнында жоқ болып шығыпты. Қыздар жылап-сықтап үйдің орнына түнейді. Ертеңіне осы арадан бір айнаны, тарақты, инені тауып алады. Осыларды алып қыздар жолға шығады.

Келе жатып бір жұлым үйге кезігеді. Осы жұлым үйде жалмауыз кемпір тұрады екен. Қыздар үйге кіреді. Үйдің ішінде кішкентай қыз отыр еді.

Қыздар одан:

— Үйдің иесі қайда? – деп сұрапты.

Сонда қыз:

— Бұл үйдің иесі– мен және менің шешем – жалмауыз кемпір, – дейді.

Қыздар қорқып қалады. Бірақ басқа амалы болмағандықтан кешке дейін жалмауызды күтіп отырады. Кешке жалмауыз үйіне келсе, үйде үш қыз отыр екен. Қыздарды көріп, ол қуанып қалады.

— Сендерді маған шайтан айдап әкелген шығар. Қызымыз екеуіміз бір тоятын болдық. Ал, бүгінше жатып демалындар, – деп оларға төсек салып береді.

Кемпір ертеңіне аң аулауға кетіп бара жатып, қыздарға:

— Маған кішкентайларыңды пісіріп қойындар, түсте қайтып келермін, – дейді.

Жалмауыз кемпір кеткен соң, қыздар кішкентай қызды өздерімен бірге алып қашады.

Кемпір келсе, өзінің қызы да, үйде қалған үш қыз да жоқ. Қатты ашуланған ол қыздарды қуа жөнеледі.

Бір уақытта қыздар артына қараса жалмауыз кемпір жетіп қалған екен. Жалмауыз кемпірдің қызы осы уақыттың ішінде үш қызға бауыр басып қалған еді.

— Апайлар, менің шешем жетіп қалған кезде, қолдарыңда не бар соны артқа қарай лақтырыңдар. Сол кезде оның алдынан бөгет пайда болады, – деп ақыл айтады ол.

Қыздардың үлкені кішкентай қыздың сөзін ести сала тарақты тастапты. Ол үлкен тоғай болыпты. Екінші рет жете бергенде ортаншысы инесін тастайды. Ол биік тау болыпты. Онан да кемпір өтеді. Үшінші рет кішкентай қыз айнасын тастайды. Ол үлкен көл болады. Жалмауыз кемпір бұл көлден өте алмайды. Ол көлдің екінші жағалауында тұрған қыздардан:

— Қыздар, сендер бұл көлден қайтіп өттіңдер? – деп сұрайды.

Қыздар:

— Мойнымызға тас байлап өттік, – дейді.

Кемпір қыздардың сөзіне сеніп, тас байлап суға түседі де батып кетеді. Ал, қыздар аман-есен үйін тауып, әкесіне болған оқиғаны түгел баяндап береді. Әкесі қыздарына жасаған зұлымдығы үшін әйелін қуып жібереді. Жалмауыз кемпірдің қызын асырап алады.

Осылай қыздар бірге тату-тәтті өмір сүреді.



«Ата заңым – Ардағым!»

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Көрнекілігі: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы, слайд .

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру ,сұрақ-жауап, әнұран, би, ойын.

Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасады:

Амансын ба, көк аспан!

Амансын ба, жер-ана!

Амансын ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Жүргізуші сұрақтар қояды, балалар жауап береді.

- Арайлаған танды сүйетін кім?
- Алтын сәулені сүйетін кім?
- Жарқын даланы сүйетін кім?
- Туған жерді сүйетін кім?
- Ата-ананы сүйетін кім?
- Досын сүйетін кім?
- Еліміздің болашағы кімдер?

Жүргізуші: - Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995 жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Елдігімнің – реңі,

Тендігімнің – тірегі,

Мүддесінен халықтың

Ажырамас бір елі.

Алтын заңым – арай таңым!

Балаларға конституция кітабының суретін көрсетеді.

Жүргізуші: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары-үлкендерде, балалар да-мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс.

Өз еліңнің Туын, Елтанбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?
- Қазақстанның елордасы қай қала?
- Елбасымыз кім?
- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?
- Балалар сендер рәміздер туралы білесіндер ме?

Жүргізуші:

Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде қазақ үй

Қалықтаған жас сұңқар.
Шарықтаған таза кү
Бұл танбасы елімнің,
Елдігімнің белгісі.
Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші:

Отан туы желбіреп,
Көз тартады құбыла.
Біз қараймыз елжіреп,
Туған жердің туына.
Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші:

Әнұраным-жан ұраным,
Айтар әнім,сөйлер сөзім.
Туған жерім сағынарым,
Мәңгі-бақи шырқалады,
Республика әнұраны.
Балаларға әнұран айтуды ұсынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

Қимылды ойын «Киіз үй»

Көтеріліп шанырақ,

Уықтары шаншылар.

Керегелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер,

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп көрінер.

Слайд көрсету.

Қыздардың орындауында «Қамажай» биі.

Жүргізуші: Конституция күні баршамызға құтты болсын!

Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «Ата заңым-Ардағым » атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз

